

Регистрационный № 4188-Ж

Основан в 1997 году

№ 4, 2016 г.

Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

I. Жансүгіров атындағы

Жетісу мемлекеттік университетінің

**ХАБАРШЫСЫ**



**ВЕСТНИК**

Жетысуского государственного университета  
им. И. Жансугурова

Научный журнал



Бас редакторы – главный редактор

**К.М. Баймырзаев**

ректор, доктор географических наук, профессор,  
почетный академик Национальной академии Наук  
Республики Казахстан

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия:**

главный редактор – ректор, доктор географических наук, профессор,  
почетный академик Национальной академии Наук

Республики Казахстан

**К.М. Баймырзаев**

зам. главного редактора – д.п.н., профессор М.Ж. Мальтекбасов  
ответственный секретарь – к.б.н., доцент А.С. Бахтаурова

**Члены редколлегии:**

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор  
М.Т. Кантуреев – д.э.н., профессор  
Д.Н. Нургабыл – д.ф.м.н., профессор  
Е.С. Андасбаев – д.т.н., профессор  
Х.Т. Наубаева – д.пс.н., профессор  
С.И. Мурыгина – магистр образования

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано  
Министерством информации и общественного согласия  
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал  
журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік  
университетіндегі хабаршысы» под номером  
ISSN 1813-1123**

## **ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

## ӘОЖ 82-1

### ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ШАЙҚАС ШЫНДЫҒЫ

Джакыпбекова М.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*

Москва түбіндегі Дубосеково разъезіндегі Жиырма сегіз панфиловшы жауынгердің ерлігін арқау ете отырып, халық ақындары Н. Байғанин “Ер туралы жыр” және К. Жапсарбаев “Мұсабек батыр” дастандарымен өз үндерін қосты. Нұрпейіс Байғанин “Ер туралы жыр” дастанына “информбюро” хабарлары мен таныстырылған газет материалдарын пайдаланса”, Жиырма сегіз панфиловшы жауынгерлердің ерлігінен хабардар болған К. Жапсарбаев өмірлік деректеріне қанық, жерлесі Сенгірбаев Мұсабектің ерлігін “Мұсабек батыр” дастанына арқау етеді. “Ер туралы жырда” атакты Жиырма сегіз панфиловшылардың бірі Есболатов Нарсұтбайдың, “Мұсабек батырда” Сенгірбаев Мұсабектің қаһармандық бейнелері сомдалған. Дастандардың құрылымында қат - қабат шиеленісп жатқан оқиғалар желісі жок; ақындар батырдың бір ғана ерлік ісін, ер өлімін суреттеумен шектеледі.

Нұрпейістің “Ер туралы жыры” тұған ел мен жерді артына тастап, батыс майданға жүйткіп бара жатқан поезды суреттеуден, сол поездады басты кейіпкері Нарсұтбайды таныстырудан басталады. Ақын Нарсұтбайдың өткен өмірін беру үшін шебер іздениске барған. Нарсұтбай поездың терезесінен далаға көз салады: қазактың даласы көз алдында жүйткіп артта қалып жатыр, сейтіп ол да жүйткіп артта қалған кешегі өміріне ой жүгіртеді. Шегініс арқылы біз Нарсұтбайдың кешегі күні мал сонында жүріп, даламен ғана сырлас болғанын, Қазан тенкерісі бақыт әкелгенін, енді сол бақытты қорғау үшін майданға аттанып бара жатқандығының куәсі боламыз. Ақын тағы да поездай жүйткіп шарқ ұрған Нарсұтбайдың киялына ерік береді. Бірақ та бұл жолғы “көз алдынан өтіп жатқан елес” ақын тарапынан баяндалмай, Нарсұтбайдың ішкі жан толғанысы, яғни монологы арқылы берілген. Оның ойы тұған жердің құшағын “қайтып көрем бе, көрмеймін бе” деген аянышты қудіктің күрмеуінде болады. Нарсұтбай “соғыстан әбден қажыған” орыс жеріне келеді. Оның шайқасқа енуін де ақын ерекше береді. Нарсұтбай тәтті киял үстінде, сүйген жары көз алдында. Сол кезде гұрс өткен дауыстан киялы үзіліп, “танктың арандай аузынан жаңбырдай ажал сіркіреген” өмір мен өлім айқасына тап болады. Клочковтың жалында сөздері Нарсұтбайды қайраттандырып, жігерлендіреді. Ол кенеттен “салтанатпен би билеген” ажалға тап болады. Анасының алыстан мұнарлаған даусы құлағына келеді. Жігерленіп, жау танкісін қиратады. Ақын Жиырма сегіз панфиловшылардың ерлігін түгел баяндан жатпай, тек Клочковтың соңғы аманат сөзі арқылы олардың ерлік ісінен жалпы хабардар етеді. Сол ерлердің соғысқан жеріндегі “түні жап-жарық екен” деген терең символикалық корытынды жасайды.

Ал К. Жапсарбаев “Мұсабек батыр” дастанында бас кейіпкерінің дүниеге келген күнінен бастайды да, тізбектей жырлаған бойы оның бүкіл өмір жолына тындаушысын үнілдіреді. Өке-шешеден жастай жетім қалған Мұсабектің тұған апасы Құністі паналап, кеңес мектебінде “ой - санасының ашылғаны”, “темірден тұлпар мініп”, “Тәтті десе тәтті еді” деген Тәттісімен қосылып, Төлеуқан есімді жас мұрагеріне куанып шілдехана жасап, “өмірдің толықсып тұрған” сәті бейнеленеді. “Батыстан соққан дауыл боп” сұрапыл соғыс хабары елге жетеді. Ел-жұртыймен қош айтысқан Мұсабек Алматыдағы Панфилов дивизиясында әскери іске баулынып, көп ұзамай майданға аттанады. Дастанда шайқас даласындағы ұрыс сәті толыққанды суреттелмейді, тек Жиырма сегіз батырдың ерлік ісіне жалпылама сипаттама берген ақын, жаралы болған Мұсабектің

халіне оралады. “Талмаурап” бара жатқан Мұсабектің көз алдына елде қалған сәбій елестеп, онымен қош айтысады. “Жаудың қыруар танкісіне кеудесін тосқан” политрук Клочковтың, Панфиловтың тұлғалары елес береді. “Керегі жоқ жылаудың” деп өздерін жұбатқан аналар сөзі келтіріледі. Дастан Мұсабектің бүкіл өмір жолына негізделгеніне дең койсак, дастанның соны да бас кейіпкердің шыққан ең биік шыны ерлік данқын мақтаныш тұтар жолдармен тұжырымдалады.

Нұрпейіс ақын “Ер туралы жыр” дастанының басында-ақ әдемі кең қазақ сахаrasын көзімізben көргендей көнілімізден жүйткіп өткізеді. Сондағы “артта қалып бара жатқан алсары-көк бау, жағасы алтын қамыс мөлдіреген көл, Ақтөбенің жалпақ жоны, шалқар жайлау, көркем өлке” әпитет сөзден салған иісі аңқыған қазақ даласының суреті. Көз алдынан шығарып салған, сағымға айналған “көркем өлкеден” кейін, “соғысқа шаршап қажыған” деп кейіптеген орыстың “киырсыз жатқан кең даласы”, “жалпақ жері” суреттеледі. Сондағы “киырсыз”, “жалпақ” әпитет сөздеріне көз жүгіртсөң, көкжиек көрінетін орыстың жазық даласының табиғи қалпын көз алдына алып келеді.

Ал Қалқаның “Мұсабек батыр” дастанында туған жер сипаты ақын тарапынан екі рет қозғалады. Алғашқысында ақын Жетісу өнірінің табиғатын ауызға алады. Самсаған қарағай мен қайының, ызғар шашар ақ қарын, Көксудың күрілдеген сүйн жырлаған екпінін “сан батырды туғызған” Саржазық, Шаған тауымен” тоқтатады. Бұдан кейін Қазақстанда жасақталған дивизияның мекені Алатаудың баурайындағы Алматыны жырлауда ақын табиғат суретіне қайта оралады. Алматының жаңбыр-нөсерден арылмайтын жазын, аң-құсын суреттей келе, Қыз көзіндегі мөлдір көл, Алатаудың көбесі деген, “мөлдір” әпитетінен жасалған “мөлдір көл” қыз көзіне тенеліп, Алатаудың басынан буда-буда болып арылмайтын бүлттың қалпын “бүйраланған төбесі” деп береді.

Осы мысалдардағы табиғат суретіне ақындар өздерінше жұқ артқан. Нұрпейістің дастанындағы қазақ даласының суреті:

- Барам тартып Батыска,
- Жортуыл, қырғын, тұн кату
- Өлтіру, өлу, атыста [1, 248 б.], –

деп қатерлі сапарға аттанып бара жатқан Нарсұтбайдың туған жерге деген қимастық сезімінің қызметін атқарған. Ал Қалқаның дастанындағы алғашқы табиғат эпизодында батырларды дүниеге әкелген табиғатты мақтаныш тұтады да, кейінгі Алатау құшағындағы Алматының табиғатын жілкө тізуде осындау “байтақ дала, самал желінді” қайтіп жау аяғына таптатпақсың деген идея басым.

Тұрмыс-тіршілігі кең далаға иық тіреген қазақ жұрты үшін өзін коршаған табиғаттың әрбір қатпар қалтарысы образды ойларының желісіне өзек болды. Сезімнің тұнғиғына сұнгіген ақын айналасындағы табиғаттан суреттейін деп отырған құбылысының бейнесін көрді, тіпті іздел тапты.

“Мұсабек батыр” дастанында Қалқа ақын сұрапыл соғыс хабарын “дауылмен” естіртпіп, өзеннің күркіреген зор даусын басталған соғыстың алапат жойқын күшімен, адамзатқа әкелер қаупімен парал-пар етсе, Нұрпейіс ақын “Ер туралы жырында” Мұлгулі әлем үйкүда, Алдынтай долы дауылдың, –деп алдағы болар қырғын шайқасты “долы дауылмен” хабарлайды.

Күн менен түннің табиғи қалпын да халық қалт жібермей, кунді – жақсылықтын, қуаныштың, тұнді – қаранғы бояуымен жамандықтың белгісі үгымына сыйғызған. “Мұсабек батыр” дастанында өз жерін жанқиярлықпен қорғап жатқан жауынгерлердің тұлғасын күнге, ал бейбіт елге жауладап алушылық саясатпен басып енген жау образы түнге баланып:

Секілді күн менен түн арпалысып,  
Ала-алмай бірін-бірі қайраты асып [2, 168 б.], –  
десе, жау күшінің басымдылығын “қара түн қап-қаранғы болып кетті” деп айналаның  
бірыңғай қара түске енуі арқылы шынайы бейнелеген.

“Ер туралы жырда” “өмірдің сақшысы” өмірдің, “әлем тағысы” өлімнің  
бейнесіне еніп, “өмір мен өлім” алысымен суреттеледі. Осында ерлердің шайқасқан  
даласын “осы күні сол араның түні жап-жарық, яғни, “жарық түн” деп тыннан эпитет  
жасап, “қыста да гүлі гүлдейді” дейді. Көкейімізде қалыптасып қалған түн суретінің  
мұлде қарама-қайшы жап-жарық болуымен және қыста гүлдейтін “гүлі” арқылы ерен  
ерліктің жүрек түбінде мәнгіге сөнбес жарығының символикалық белгісін осындай  
қарама-қайшылықпен берген.

Бас көтертпей оқ бораған шайқас даласының кейпін беру үшін ақындар  
табиғаттағы жаңбырдың сіркіреуі мен бұршақтың жаууына образдық жүк артқан.  
Қалқаның “Мұсабек батыр” дастанындағы “оқтан жаңбыр жауғызған” және “өрт  
бұршағы жауғанда” дегендегі жаңбыр мен бұршақ әр кезендегі соғыс сипаты.  
Дастанның бір эпизодында Панфилов Наполеон женілісімен тарихтың сабағын алға  
тартады, сондағы Наполеон соғысы “оқтан жаңбыр жауғызған” сипат алады. Ал кейінгі  
Мұсабектің аттанған соғысы “өрт бұршағы жауған” деп суреттеледі. Ақын бір ғасыр  
бұрынғы соғысты “жаңбырға”, кейінгі алапат соғысты “жаңбырдан да күшті  
“бұршаққа” тенеу арқылы екі дәуірдегі соғыстың арасын салмақтайды. Ал Нұрпейістің  
“Ер туралы жырында” “жаңбырға” тенеу дерексіз ұғымды деректендіруге ат салысқан.

Құлағандай кек аспан

Жердің беті тітіреп,

Танктың аран аузынан

Жаңбырдай ажал сіркіреп [1, 251 б.], –

деген жолдарға үнілсек, алғашқы екі тармақта аспан құлағандары жердің сезінер  
ауырлығын “бет тітіреп” эпитет сөзімен беру арқылы алдағы алапат жойқын құбылысқа  
тамыр басып, кіріспе жасалған. Ал, келесі екі тармақта сол жойқын құбылыстың нақ  
суреті, бұнда “ажал” деген дерексіз ұғымды “сіркіреген жауынға” тенеу арқылы  
деректендірген. Келесідегі:

Ойнайды жалын жалындаپ,

Жатқанда сынып жер күйреп,

Арасында жүр ажал

Салтанатпен би билеп [1, 253 б.], –

деген жолдар түгелімен кейіптеуге құрылышп, “ажалдың салтанатпен би билеуі” арқылы  
дерексіз ұғым деректіге көшіп, барлық төрт тармақта өлімнің жанды образы жасалған.

Кейде екі дастанда да бірдей кездесетін бейнеллікте байқауға болады, ол –  
майданға жүйткіген поездың тұлпар кейпінде берілуі. Мысалы “Ер туралы жырда”  
тұлпар кимылына тән “дариядан ырғып, бел аттап, жер апшысын қуырып, жортуды”  
жүйткіген поездың кимылына ынғайланса,

Жүйткіді поез, жүйткіді,

Жүйткіді желді тұлпардай [1, 245 б.],

дегенде, алдымен тұлпар “желгे” тенеліп, содан соң “желді тұлпарға” жүйткіген поез  
тенеледі, яғни ақынның тенеуді тенеу үшін пайдаланған шеберлігін байқаймыз. Ал “  
Мұсабек батыр” дастанында “күні-түні шабыстан танбайтын қара тұлпар” суреттеледі,  
яғни “қара тұлпар эпитетінің астарындағы ол – поезд. Бір ерекшелігі екі ақын да  
“тұлпардың шабысынан” артта қалып бара жатқан қазактың кең даласын көз  
алдымыздан өткізуде көркемдеу құралдарының ішінде кейіптеуге иық тіреген. Қалқа  
акын “әшелеңнің лебінен толқып жатқан кең даланы суреттесе”, Нұрпейіс ақын  
“поездың ырғағына билеген тауды” кейін қалдырады. Бұл көз алдымызға елестете

алатын сурет. Себебі қозғалыста кетіп бара жатқанда қозғалыссыз тұратын табиғат суреті “билигендей” әсер қалдырады.

Ұлттық танымымыздағы туыстық атаулар туған халқымыздың тіршілігінен тамыр тартып жатады. Шаруашылық жайы төрт түлік малмен біте қайнасқан халық ұғымында баласын сол төрт түліктің төлімен ботам, қозым, құлыным деп атау берік орын алған. “Мұсабек батыр” дастанында Мұсабектің артында қалған “қозысының” қызығын көре алмаған сезімі қоштасуындағы “бетіңнен, қозым, сүймедім; артымнан, қозым, ермедің” деп қаратып айтқан сөзімен беріледі. Майданға аттанарда тәтесі Күніс Мұсабекті “кеудеде қолқа жүргегім” деп кимастықпен шығарып салса, Мұсабек артында қалған сәбиін “омыртқада жұлыным, кеудемдегі шыбыным” деп Күніске табыстап кеткен еді. Осындағы “кеудеде қолқа жүргегім, омыртқада жұлыным, кеудемдегі шыбыным” дегеннің бәрі метафоралық тіркестерге негізделген туыстық атаулар.

Сонымен, туған жер сипатына халық ақындары әр қырынан бойлай отырып, енді өздерінің суреттейін деп отырған құбылыстарының бейнелі, әсерлі шығуы үшін айнала қоршаған табиғи ортадан сол құбылыстардың образдарын көреді. Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, мысалы “жауған жаңбыр” немесе “бұршақ” бораған оқтың, “сіркіреген жауын” ажалдың, “долы дауыл” соғыс хабарының образдық жүгін көтерген. Мұндағы бір көніл тоқтатарлық жәйт, ақындар қандай табиғи құбылысқа болсын, образдық жүк артқанда, олардың табиғи қалпы мен суреттейін деп отырған құбылыстарының ара катынасын өз дәрежесінде салмактай алған. Мысалы “Ер туралы жыр” дастанындағы:

Танктың аран аузынан

Жаңбырдай ажал сіркіреп [1, 2516.],-

деген жолдарда Нұрпейіс ақынның жаңбырдың жай жауған қалпын емес, оның “сіркіреуін ” тандап алуы бас көтертпей оқ жауған шайқас аланының шындығын ашуға ат салысқан.

Сонымен, халық ақындарының дастандарындағы суретtelген табиғат суреті ең алдымен туған жер төсімен өзектестік тапкан. Оны өзектестіруде ақындардың өзіндік сүрлеуі байқалады. Мысалы Нұрпейістің “Ер туралы жыр ” дастанындағы батыска “ жүйткіген ” поездың терезесінен кен далаға көз тіккен бас кейіпкер Нарсұтбайдың бар жан дүниесіндегі арпалысы, яғни артында қалпып бара жатқан туған елі мен жерін қимағандағы қиналысы, алдағы күтіп алар тағдырдың қорқынышы мен үрейі осы дала суретімен беріледі. Мұнда ақын кейіпкерінің жан әлеміндегі осы арпалыс күйін жалаң баяндаумен емес, күнделікті тіршілікте байқала бермейтін туған жерінің әрбір тасын, әрбір бұтасын, тіпті әрбір жотасы мен жонын кейіпкерінің көзінен таса қалдырмай отырып жеткізген. Ақын туған жерге деген маҳаббаттың шексіздігін жыраққа, онда да сұрапыл соғысқа, оқ пен оттың арасына аттанып бара жатқан Нарсұтбайдың туған жеріне көз салып, көніл бөлуімен астасырады. Сонымен, Нұрпейіс ақын бас кейіпкері Нарсұтбайдың ішкі жан дүние иірімдеріне көбірек бойлауға мүмкіндік берген дала тынысына осылайша иек артады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Байғанин Н. Наркызы. Дастандар мен өлендер.– Алматы: Жазушы, 1974. -350 б.
2. Жапсарбаев Қ. Елім, сені жырладым. – Алматы: Жалын, 1996. – 230 б.

УДК 811.161.1'37

## О ЯЗЫКОВЫХ ОСОБЕННОСТЯХ СЛОВАРЯ СТИЛЯ ПИСАТЕЛЯ

Есимкулов Б.Н.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,  
Esimkulov.63@mail.ru

Бұл мақалада жазуши тілінің сөздігінің ерекшелігі, оның маңызы және басқа сөздік түрлерінен өзгешелігі қарастырылады.

*В статье рассматриваются особенности словаря языка писателя, его значение и отличие от словарей других типов*

*In the article the features of dictionary of language of writer, his value and difference, are examined from the dictionaries of other types*

**Ключевые слова:** словарь, язык писателя, стиль писателя, поэтика писателя, значение, смысл, язык, речь, лексикография, тип словаря

В настоящее время существует множество словарей различного типа. Об этом свидетельствует типология словарей, предложенная Л.В. Щербой в работе «Опыт общей теории лексикографии» [1]. Словари, выделяемые автором, делятся на основе шести противоположений: 1) словарь академического типа – словарь-справочник; 2)энциклопедический словарь – общий словарь; 3) thesaurus – обычный (толковый словарь); 4) обычный (толковый или переводной) словарь – идеологический словарь (или идеографический словарь; 5) толковый словарь – переводной словарь; 6) неисторический словарь – исторический словарь.

В этой общей схеме Л.В. Щерба находит место словарю языка писателя, относя его к словарю-справочнику. Если в словаре академического типа язык представлен как относительно единая цельная система, то применительно к словарю-справочнику как словарю писателя нельзя быть уверенным в том, что в нем представлена вся система лексики. Словарь писателя как справочник должен быть исчерпывающим по отношению к творчеству художника слова, но в то же время он не может отразить языковую систему, ее лексику в полной мере, поскольку само словесное творчество основывается на принципе избирательного отношения к ресурсам языка и способам их употребления. Принципиальную разницу можно увидеть при сопоставлении словарей общего типа (например, «Словарь русского языка» С.И. Ожегова) и словаря языка писателя, в которых можно обнаружить оппозицию «язык» и «речь» как одну из дилемм Ф.де Соссюра.

В словаре первого типа язык представлен «как совокупность отпечатков, имеющихся у каждого в голове, наподобие словаря», как «нечто имеющееся у каждого, вместе с тем общее всем и находящееся вне воли тех, кто им обладает», второй – речь как «индивидуальные комбинации, зависящие от воли говорящих», в которых «нет ничего коллективного» [2].

Словарь языка писателя включает слова и выражения, употребляющиеся в произведениях определенного автора, и содержит их толкования. Наиболее полным в поэтической лексикографии является «Словарь языка Пушкина»[3] под редакцией В.В. Виноградова, составленный авторским коллективом по программе Г.О. Винокура. В словаре даются толкования слов, расположенных в алфавитном порядке (преимущественно малоупотребительных), производится дифференциация значений полисемантов, приводятся различия значений с современным словоупотреблением, даются формы слов с указанием произведений, их жанровой принадлежности и хронологической последовательности. Всего в словаре описывается 21191 слово в 544 словоупотреблениях. Например: **Александрийский** [прил. К сущ. Александр](3). **Александрийский столп** (об

Александровской колонне, памятнике Александру I в Петербурге в виде огромной гранитной колонны). Я памятник воздвиг себе нерукотворный, К нему не зарастет народная тропа, Вознесся выше он главою непокорной **Александрийского** столпа. С3 265.4. **Александрийский стих** (шестистопный ямб): О нравственности он не думает, над нравоучением издевается с важным **александрийским** стихом чинится как нельзя менее, ломает его и коверкает так, что ужас и жалость. Ж1 175.15. Прочтенный **александрийский** стих переменил я на пятистопный белый Ж1 67.6.

Для сравнения приведем «Словарь церковнославянского и русского языка»[4], который был задуман как «сокровищница русского языка» и включал 114 749 слов не только книжной, но и разговорной, просторечной лексики. Это сравнение подтверждает мысль о различной степени отражения языка как единой системы в словаре академического типа и словаре-справочнике.

«Словарь языка Пушкина» был задуман как лингвистический, объектом которого является прежде всего язык. В предисловии к словарю В.В. Виноградов писал, что «Словарь языка Пушкина» не ставит своей задачей отразить те индивидуально-смысловые качественные своеобразия, которые приобретают слова в контексте целого произведения. Словарь языка Пушкина воспроизводит лишь те значения слов и их оттенки, которые являются фактом, достоянием общего литературного языка той эпохи. Отсюда вытекает вывод, что Словарь языка Пушкина далеко не охватывает всех своеобразий, всех качественных особенностей пушкинского стиля в области словоупотребления. Это словарь прежде всего языка, а затем – индивидуального стиля Пушкина.

Говоря о стиле писателя, необходимо обратиться к таким понятиям как: «язык писателя», «стиль писателя», «поэтика писателя». Разграничение понятий, но никак не их отрыв друг от друга, должно быть положено в основу дифференциации словаря языка писателя и словаря стиля писателя.

**Язык писателя** – это внутренне организованное единство употребляемых им языковых единиц как части национального языка или созданных в процессе языктворчества.

**Стиль писателя** – система свойственных ему приемов употребления речевых изобразительных средств. Главное внимание должно уделяться выявлению самобытного, особенного, индивидуально неповторимого в произведениях писателя.

**Поэтика писателя** – характерное для него воплощение развертывающихся доминантных композиционных структур. «Под поэтикой – вслед за В.Я. Проппом – мы будем понимать единство структурных (композиционных) и стилистически-языковых приемов как форму выражения идейного мира художественного произведения» [5]. Без этого понятия невозможно целостное представление о творческом методе писателя.

Язык, стиль и поэтика писателя находятся в отношениях последовательного включения и образуют иерархическую структуру. Единицы низшего уровня служат элементами построения единиц структуры более высокого уровня. В центре внимания словаря стиля писателя оказываются прежде всего те «смысловые осложнения», которые получают слова в композиции произведений, о чем говорил В.В. Виноградов.

Сравним два наугад взятых из второго тома «Словаря языка Пушкина» прилагательных: *ночной* и *нерукотворный*. Первое из них, судя по контекстам его употребления (Часы *ночные* проводила; В *ночной* тиши; И *ночную* лампаду зажигает Лель; *Ночное* небо над Невою; Тоски *ночной* и следу нет; *ночной* гребец и др.), остается в пределах общелитературной стилистики. Семантика этого слова не имеет характерных «смысловых осложнений» и не выходит за пределы обычных толкований в словарях. Наоборот, прилагательное *нерукотворный* является и стилистически, и конструктивно отмеченным. Семантика этого слова также необычна: «такой, который невозможно создать руками людей, необыкновенный»; в «толковом словаре живого великорусского языка» В.И. Даля: *нерукотворенный* и *нерукотворный* – не руками сделанный; созданный,

созданный Богом. Прилагательное *нерукотворный* – ключевое слово в композиции стихотворения, имеющее смысловые осложнения, восходящие к символу божественного дара поэта. Все это дает основание включить слово *нерукотворный* в словарь стиля писателя в отличие от слова *ночной*.

Словарь стиля писателя, с одной стороны, меньше по объему словаря языка писателя, а, с другой стороны, разнообразнее последнего по характеру употребляемых языковых единиц; это не только слова, осложненные контекстуальной семантикой, выполняющие эстетическую функцию, но и авторские неологизмы, индивидуальные фразеологизмы, специфические грамматические формы и конструкции, тропы, речевые характеристики персонажей, явления фоники и многое другое.

Приведем несколько примеров, которые могли бы войти в Словарь стиля Андрея Белого, выдающегося писателя, новатора языка и теоретика словесного искусства рубежа XIX –XX веков.

Здесь *человечник* – мельтешил, чихал, голосил, верещал, фыркал, шаркал слагаясь из робких фигурок, выворкивающих из ворот прописченной, непроветренной жизни: ботинками, туфлями, серо-зелеными пятками иль каблучками ...

Да, тысячи тут волосатых, клюкастых, очкастых, мордастых, брюхастых, кудрявых, корявых пространство осиливали ногами; иль – ехали (Московский чудак, с.18).

От улицы криво сигал Припепешин кривуль, разбросавши домочки, - с горба упасть к площади; в деры базара; туда и сигал *человечник* от улицы,- чтобы с горба покатиться к базару (с.22).

Контекстуальные связи окказионализма *человечник* (человек + ник) ярко раскрывают его образный иронический смысл – «скопление различных беспорядочно движущихся людей».

Одно из ярких проявлений стиля писателя – его словотворчество: авторские неологизмы, возникающие в определенном контексте и реализующие свой семантико-стилистический потенциал благодаря внутритекстовым связям.

В ночь дождик прошел; и оплаканный встал тротуар; начиналась людская *давильня*: и *перы*, и *тихи*; и везде – *людогоны*; везде – *людовозы*.

Москва!

Да, - она! (Москва под ударом, с. 246).

*Давильня* – авторское окказиональное слово – от слова «давка». «Словарь современного русского литературного языка» фиксирует эту лексему в устаревшем значении «помещение, в котором выдавливают сок из винограда и других плодов» и в специальном значении «приспособление, пресс для выдавливания сока из винограда или других плодов». Окказионализм поддерживается и другими: *перы* (от переть) и *тихи* (от пихать). *Людогоны* очеркивают динамику движения горожан, а *людовозы* служат стилистически маркированным обобщенным названием транспорта. Все слова в совокупности образуют вместе с другими определенную смысловую связку в тексте.

Посетители Софьи Петровны как-то сами собою распались на две категории: на категорию светских гостей и на *гостей так сказать*. Эти, *так сказать, гости* были вовсе не гости: это были все желанные посетители... для отвода души... *так сказать гости* бурно спорили друг с другом. И слышалось: «революция» - «эволюция». И опять: «революция» - «эволюция». Все только об одном и спорили эти, *так сказать, гости*; то была все ни золотая, ни даже серебряная молодежь: то была *медная*, бедная молодежь, получавшая воспитание на свои трудовые гроши... (Петербург, с. 62).

В тексте рождается образная оппозиция: *золотая молодежь* – *медная молодежь* как результат развития контраста *светские гости – гости так сказать*.

Старый профессор ...- передутый, пропущенный, точно *бутылка* – ни звука, а папочка знает, что эта «бутылка» таит много пены и шипа; и ходит вокруг, собираясь испить разговор, и очками поводит, облизываясь, как кот; он подсядет с «позвольте

спросить», чтобы вонзиться: своим языком, точно штопором – вертит и вертит его, и – потягивает за пробку; «бутылка» и хлопнет; и пфукнув словами, она разольется шипучим шампанским; шипит «либеральный болтун» и заводит еловые поросли слов... (Крещеный китаец, с.32-33)

Словарь стиля писателя – каталог его образов, тропов, излюбленных приемов употребления языковых средств. Приводимые здесь иллюстрации метафоры, метонимии и символа – оригинальные развернутые словесные образы, дающие остроненное изображение действительности. Текст наглядно демонстрирует семантическую осложненность и стилистическую маркированность слов.

Помимо словарей стиля писателя большой интерес представляют и словари отдельных произведений авторов.

Словарь языка писателя содержит описание слов, употребленных в его сочинениях. При этом делается полная выборка слов из всех литературных произведений, включая тексты вариантов, а также из писем, заметок и официальных бумаг писателя.

В словари отдельных произведений включаются слова из определенных сочинений того или иного писателя. Сюда относятся (в отличие от собственно лингвистического труда, каковым является словарь языка писателя) различного рода справочники по творчеству писателей, снабженные пояснениями и комментариями. К подобным изданиям относятся: «Опыт исторического словаря о российских писателях» Н. И. Новикова (М., 1772), где приведены сведения о 250 литераторах; семитомный «Словарь литературных типов» под редакцией Н. Д. Носкова (Пг., 1908-1914); «Щедринский словарь» М. С. Ольминского (М., 1937); «Словарь комедии „Горе от ума“ А. С. Грибоедова» В. Ф. Чистякова (Смоленск, 1939); «Словарь-справочник „Слова о полку Игореве“» В. Л. Виноградовой (вып. 1-6. М., 1965-1982); «Лексический состав „Повести временных лет“: Словоуказатели и частотный словарь» О. В. Творогова (Киев, 1984).

В 1989 г. в Минске издана книга «„Слово о полку Игореве“ в литературе, искусстве, науке: Краткий энциклопедический словарь». Ее автор – известный ученый в области восточнославянской филологии М. Г. Булахов – отмечает, что это «первая попытка создания справочника только о важнейших достижениях в исследовании и творческом освоении произведения с 90-х гг. XVIII в. до нашего времени». В этом богато иллюстрированном издании помещены сведения об открывателе «Слова» Мусине-Пушкине, переводчиках уникального памятника древности на современный русский язык и другие языки, приведены высказывания исследователей и писателей о «Слове». Представлены деятели искусства, создавшие свои произведения по мотивам «Слова о полку Игореве».

Интересное и уникальное описание неологизмов отдельно взятого автора предпринято Н. П. Колесниковым в «Словаре неологизмов В. В. Маяковского» под редакцией Н. М. Шанского (Тбилиси, 1991). В нем собраны около 2000 слов.

Оригинальный «Словарь к пьесам А. Н. Островского» Н. С. Ашукова, С. И. Ожегова, В. А. Филиппова выпущен в Москве издательством «Веста» в 1993 г. (репринтное издание). Это словарь своеобразного этнокультурного типа, о чем эмоционально и точно сказано в предисловии: «Словарь получился удивительным. Его и словарем-то назвать трудно. Это целая энциклопедия русской жизни, ушедшей сейчас в далекое прошлое. Как выглядел трактир? Чем были знамениты Марьина роща и Кузнецкий мост? Кто такой боярин Плещеев? Что значит „рукобитье“, „Взять на цугундер“ – каждая страница полна сюрпризов. Словарь читается как увлекательная повесть». Этот словарь содержит комментарии трех типов: историко-бытовой, историко-театральный и филологический. В историко-бытовом и историко-театральном комментариях содержатся тонкие жизненные наблюдения, ценные сведения и живописные зарисовки историко-культурного и бытового характера. Что касается филологического комментирования, то в словаре имеется много слов старинных, областных, вышедших из

употребления, малопонятных или совсем не понятных современному читателю, а также представлен большой слой лексики и фразеологии просторечного характера (обиходная речь представителей купеческой, мещанской, мелкочиновничьей среды). Помещены также слова и выражения, характерные для индивидуального стиля драматурга. Приведем типичный пример введения Островским в язык старого слова «жупел» с иным (более широким) значением. В церковно-славянском оно первоначально означало понятие «горящая сера». У Островского (комедия «Тяжелые дни») в речи купчихи оно означает совсем иное, а именно: нечто, непонятностью своей внушающее страх, ужас, отвращение; пугало («Как услышу я слово „жупел“, так руки-ноги и затрясятся»). Из комедии Островского это слово и вошло в общее употребление в новом значении.

Словарь стиля писателя – новый тип словаря-справочника. Он должен показать своеобразие творческого метода художника слова. Разработка общего проспекта такого словаря и структуры различных типов словарных статей, обеспечивающей оперативный поиск необходимой информации, - тема специальной работы.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Щерба Л.В. Опыт общей лексикографии. Л., 1940, с.265-304.
2. Соссюр Ф.де. Труды по языкоznанию. М., 1977, с.57.
3. Словарь языка Пушкина. М., 1956-1961.
4. Словарь церковнославянского и русского языка. СПб., 1847.
5. Пропп В.Я. Поэтика фольклора. М., 1998, с.28.

#### **ӘОЖ 94 (574)**

### **ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ**

**Жайлаубаева М.Т.**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*

**Tірек сөз.** Құсмұрын, дастан, фольклор, демократ, дін, кадет.

Шоқан Уәлиханов жасында жақсы тәрбие, жан-жақты білім алады. Халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін естіп біледі. «Жас Шоқанға әсер еткен ақын-жыраулар, билер, сөзуар шешендер, күміс көмей жез таңдай әншілер» [1, 146]. Бала кезінен төл әдебиетіміздің інжу-маржандарын біртіндеп бойына сініріп өсті. Өсіресе әжесі Айғанымның алуан түрлі ертеғі, жыр, өміріндегі кейбір елеулі жайларды бала Шоқанның санасына сініруде маңызды орын алды.

Шоқан Уәлиханов жайлы Әлкей Марғұланның зерттеулерінде атап көрсетілгендей, Шоқанның әжесі Айғанымға (1783-1853) көптеген Шығыс халықтарының тілдерін білген, олардың бай ауыз әдебиеті үлгілерінің бірталайын жатқа айта алған, орыс мәдениетінің маңызын қазақ әйелдерінің ішінде бірінші болып түсініп, баласы Шыңғысты 1827 жылы Сібірдегі әскери училищеге оқуға берген, орыс-қазақ достығын жақтап, ауылына келген орыс зерттеушілеріне қолайлар жағдайлар туғызып отырған, жас Шоқанның оларға еліктеуіне, сөйтіп, өнер жолын қууына ешбір шектеу жасамаған, қайта баланы ойшылдыққа баулыған, алдыңғы қатарлы мәдениет пен ғылымды жоғары бағалап, немересі Шоқанның рухани өсуіне үлкен ықпал жасаған [2, 11-12].

Шоқан Уәлиханов бала кезінің өзінде-ақ аса қабілеттілігімен, зеректігімен көзге түседі. С. Мұқановтың айтуынша, сол кездегі Құсмұрын округінің аға сұлтаны болып

тұрған әкесінің татар тілінде жүргізіліп тұратын іс қағаздарына көмектесуге Шоқан кішкентай кезінде-ақ жараған [2, 11].

Шоқан Уәлиханов өуелде Құсмұрындағы қазақ мектебінде арабша хат таныды. Шағатай тіліндегі орта ғасыр әдебиеті ескерткіштерімен танысып, араб парсы тілінде сөйлеуге жаттықты. Шығыс ақындарының өлендерін жаттады. Шығыс тілдері мен олардың бай мұраларына, араб, түркі жазуларына қатты көңіл бөлді.

Араб, орыс әліпбійнің жазылуын менгеріп кеткен дарынды Шоқанға Шығыс қазақтың халық поэзиясын, аңыздар мен жырларын, әңгімелері мен ертегілерін көшірте бастайды. Соған орай ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер көкше», «Ер қосай» жырларының бірнеше нұсқасын қағаз бетіне түсіреді, кейін оларды кадет корпусындағы оқытушысы Н.Ф. Костылецкийге тапсырады.

Костылецкий – әдебиетші-ориенталист (Шығыс – зерттеушісі), Шоқанға көп ықпал еткен адам. Оның атына қазақтың көптеген фольклорлық материалдары жер-жерден жіберіліп тұрған. Мысалы, сол кездегі бір топ оқыған азаматтар Халиолла Өскенбаев (Абайдың ағасы), Мұстафа Бұркітбаев (Баянауылдан), Сәдуақас Анаев (Көкшетау округінен), Аягөзден ағайынды Ханғожиндер Костылецкийге халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап беріп отырған [2, 15]. Шоқан Уәлиханов қазақтың халық поэзиясына ерте жастан құмартып, оның классикалық үлгілерін жазып алғып, өзінің атанасына дауыстап оқып жүреді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және «Ер қосай» атты халық дастандарын ол тіпті бала кезінде жазып алғып кейін өзінің ұстазы Н.Ф. Костылецкийге берген [3, 20].

Шоқан Уәлиханов халықтың осынау мәдени байлығын сүйсіне тыңдаушы, тебірене жинаушы болды, кейін білімі толысқан соң, оның нағыз зерттеушісіне айналды. Г.Н. Потанин Шоқан жөнінде «өз халқының әдебиетін өркендетуге жол салып беретін еді» – деп айтқан [4, 74].

Әдебиет халықтың жаны, құлак күйі, ар-оқжанды, зор байлығы, елдігінің белгісі деп білген, одан «халықтың, рух, ұфым, әдет, өмірлік кейіп» көрінеді деген ғалым басқа да ғылыми жұмыстармен бірге әдеби көне мұраларды жан-жақты зерттеуге құлшына кіріседі. Ол бұл жауапты сапарда білімін де, қажыр-қайратын да, қажет болған кезде денсаулығын да аяған жоқ [2, 18].

Шоқан Уәлихановтың мол ғылыми мұрасының ең негізгі бір саласы – оның әдеби зерттеу енбектері. Қоғамдық ғылымдардың басқа салалармен қатар Шоқан әдебиет пен тіл туралы да алғаш байсалды зерттеу жүргізіп, ой-тұжырымдар айтқан. Әдетте Шоқанның әдебиетке байланысты енбектері туралы сөз бола қалса, көбінесе жинаушы ретінде сипатталады да, оның қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші, қазақ пен қырғыз поэзиясының түрлері туралы теориялық пікірлер айтқаны, көптеген халықтардың әдеби мұрасын терең менгеріп, ғылыми кәдесіне жаратқаны жете ескеріле бермейді.

Сөз өнеріне, әдебиетіне деген ынта-ықыласы, қызығуы ғалымның бала кезінде басталғаны, оған өзінің дәулетті өулеті Шоқан Уәлихановтың көзі ашық, оқыған адамдар болуы, Әжесі Айғанымның аңыз, шебер әңгімелеуі, ел аузынан сөз өнері үлгілерін жинауға он-он бір жасынан қатысуы, ауылда талай ақындар айттысы, шешендей тапқырлық біліктілік сайыстарын көріп, тамашалауы оның кейін ғылым тереңіне мол үнілүіне ықпал етті.

Шоқанның ауыз әдебиеті нұсқаларына назар аударуы ертерек, ауылда да, кадет корпусында оқып жүрген кезде де басталғанымен, сөз өнерін зерттеуші ретінде қалыптасуы өткен ғасырдың елуінші жылдарының екінші жартысы мен алпысынышы жылдардың бас кезі. Бұл кезде ол дүниетанымы, әлеуметтік-саяси көзқарасы қалыптасқан, білім-ғылым қазынасын менгерген, әрсалада да ғылымға үлес қосқан озық ойлы ағартушы, ғалым саяхатшы ретінде көзге түсті. Сондықтан ол әдебиет тарихы мен теориясы туралы да байсалды пікірлер айтты. Халықтың сөз мұрасын

зерттеуде, бағалауда, мән-мазмұнын сайлауда Шоқан Уәлихановтың көзқарастары адамзат көркемқазынасының бұрын сонды зерттелу тәжірибесіне, орыстың озық әдебиеттану ғылымы мен сынының жетістіктеріне арқа сүйейді, көбіне олармен үндес болып келіп отырады.

Шоқан халық ауыз әдебиетінің өзіндік беті бар құнды мұра деп бағалады. Қазақтың аңыздары мен жырларының, күйлерінің пайда болуына, олардың тарихи кезенге, оқиғаға байланысты екеніне назар аударды. Фольклорлық материалдар Шоқанға қазақ халқының мәдениеттің зерттеп белуге басты негіз болды. Өзінің он жылдық творчесволық еңбегінде, өткен ғасырдың 50 – жылдарының ортасы мен 60 жылдарының ортасында, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов фольклоршы ретінде қыруар еңбек етті.

Жасынан халық ауыз әдебиетін сүйіп тындал, құмартта жазып жүрген Шоқан осынау мол мұраның, өз халқының ғасырлар бойы жасаған гуманизмге толы бай ауыз әдебиетінің – алғашқы төрешисі де өзі болды.

Шоқан өмір сүрген замандағы кейбір әдебиетшілер халықтарды түрлі топқа бөліп, олардың көбін өзіндік мұрасы жок, сондықтан басқа мәдениетті халықтардан сюжет ауыстырып алу арқылы әдебиеттік мұра қалдырыды, деп кінә тағуға дейін барды. Яғни, жеке халықтардың мәдени мұрасын жоққа шығаруды көздеңген түрлі ағымдар пайда болды. Мұндай әдебиетшілерге үлкен сокқы бергендер Белинский, Добролюбов, Чернышевскийлер еді. Олар фольклорда халықтың даналығы, саяси көзқарасы, таптық беті көрінетінін айтты.

Шоқан орыстың революцияшыл – демократтарының әдебиет зерттеу жөніндегі ойлы еңбектерімен «Современник» журналын оқыған кезінде жақсы танысады. Сондай-ақ, өзінен бұрынғы идеалистік фольклоршылардың негізгі үш теориясын немесе белгілі үш мектебін (Мифтік мектеп – ертегілерді дін түрғысынан түсіндіру мектебін, сініріп алу мектебін – бір ертегі барлығына тараиды, деп түсіндіретін мектепті; тарихи мектепті – ел мен елдер арасындағы кейіпкерлер ұқастығына қарап, бір ел ертегісін екінші елдікі деу мектебін) нақты түсіне отырып оған сын көзімен қарады [2, 19].

Шоқан ауызекі әдебиетті, сирек қолжазбалар мен нумизматикалық ескерткіштерді, сфрагистика, Қазақстан мен Орта Азия халықтары қоленері үлгілерін қажымай-талмай жинаушы ретінде де кеңінен танымал. Ол туралы П.П. Семенов-Тяньшанский мен Ф.Р. Остен-Сакен былай деп жазды: «Бұл материалдарды жинауда Уәлиханов еңбегін де, қаржысын да аяған жок, өз халқының аңыз, дастан-жырларын мұқият жазып алып жүрді, Орта Азия халықтарының тілін зерттеді, көне мұралар оған қымбатқа түсті, өлімге бас тіккендей будда монастырлеріне кіріп, одан сирек кездесетін қолжазбаларды алды» [5, 75].

Уәлихановтың әдеби мұрасынан қазақ ауыз әдебиетінің барлық түрлерінің нұсқаларына берілген ғылыми сипаттамаларды көптеп кездестіруге болады. Енді соларды жекелеп қарастырайық.

Шоқан ауыз әдебиетінің нұсқалары арқылы халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-салтын, көзқарасын, дүниетанымын зерттеген. Әдеби мұраның тарихи маңызы туралы айта келіп, ол былай деген: «егер Гомердің көркем жырлары мен жүрттың айтуымен Геродот жинаған аңыздардың аз болса да тарихи мәні бар десек, егер де өзгеріліп, мысал тәрізді бол кетекен аңыздардың негізінде оқиға, шындыққа жататын болса, қазақтың ата-бабаларының тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сөулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы күнгі мінез-құлқымен және олар жөніндегі тарихи нұсқаларымен салыстырсақ, онда аңыздардың тарихи мәні болуының мүмкіндігіне құдіктенбеуіміз керек» [2, 21].

Ұәлиханов қазақ аңыздарының мән-мағынасын орыс қауымына түсіндіруде, оның шығу себептерін ашуда және жинап зерттеуде аса елеулі істер атқарды. Аныз әңгімелердің пайда болуына тұрткі болатын кейбір құбылыстардың, қайсыбір тарихи жағдайлардың бетін ашуға ғылыми түрғыдан қарады.

Халық арасына кең тараған танымдық, тағылымды тарихтық мәні бар аныз әңгімелердің басқа ел халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерімен салыстыра отырып, олардың құндылығына, ерекшелігіне зер салған. Аңыздарда белгілі дәуірдің шындығы жататын, оны таңдалған пайдаланудың қажеттігін айтқан. Аңыздар бағзы заман оқиғасын сөүлелендіретін, өткеннен емес мағлұмат беріп, халық даналығын, оның нағыз-сенімін жеткізетін құнды мұра деп білген. Фалым оларды төрт топқа бөліп зерттеді: адамның ата-тегі туралы аңыздар, шежіре жөніндегі аңыздар, тарихи аңыздар және поэзиялық аңыздар (Ноғайлы жырлары) [2, 22].

Шоқан қазақ ертегілері туралы да құнды пікірлер айтқан, оларды ұқыпты жинастырып, қайсыбіреулерін орыс тіліне аударған, ауыз әдебиетінің бүл түрінен өмір танытатындағы, халықтың ой арманы мен қиялын білдіретіндей сезім аңғарылатынын баяндаған, қазақ ертегілерінің өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталған: «Ертегілердің көбінесе жын-шайтан, дію, перілер әлемі мен сол әлемнің шын болмысқа қатысы туралы айтылады. Ертегілерінің түрі проза болғанымен айтқан кезде нақысты сөздермен үйқасты, күлдіргі мәтелдер көп араласып отырды», - деген [3, 20].

Шоқан Ұәлиханов тәрбиелік мәні зор асыл мұра, әдебиетіміздің көне және бай салаларының бірі – мақал-мәтелдерге де тоқталып кетекен. Мақалдарда халық ойының ең түйінді, ең кысқа, дәл тұжырымдалған мәуелі жемісі жинақталды. Шоқан, айтқандай мақал-мәтелдердің дамуы мен жасалуында екі түрлі бағыт жатады. Сондықтан, ол да үстем тап пен тәменгі таптың мұддесін көздейтін екі түрлі сипатқа ие болады. Діни, астрономиялық құбылыстар, нағыз-сенім, әдет-ғұрып, қоғамдық қайшылықтар т.б. мақал мәтелдердің жасалуына да әсер етеді. Шоқан мақал-мәтелдерді жинап зерттеуші, оған баға беруші ретінде де қазақ ортасынан шыққан алғашқы ғалым. Ол мақалдардың білім берерлік мәнін, көптеген жақсы жақтарын, халықтың сипатын көзінде сөз етті. Мақал-мәтелдердің, біріншіден, қазақтың тұрмысына қатысты екенін, екіншіден, өмір шындығына, халықтың нақты өміртіршілігінің кодекстік мазмұнына байланыстырыла, үшіншіден, «практикалық ақиқаттың» айғағы екеніне ой жүгірткен [2, 45-46].

Фалым эпостық жырларды, олардың тұлғалы қаһармандарын, әсіресе Едігебатыр мен Тоқтамыс ханның арасындағы тартысты, Ақсақ темір саясатын, бұлар өмір сүрген дәуірдің тарихи болмысын, ноғайлы заманындағы оқиғаларды қария сөздерден, көне шежірлерден фольклорлық нұсқалардан, жазба материалдардан көп зерттеген [2, 48-49].

А.Н. Майковқа жазған хатында: «Қазактарда жыр көп. Орта ғасырдағы Европа «Ролланд туралы аңызды» қандай мағынада ұқса, «жыр» деген сөзді мен нақ сондай мағынада ұғамын» – дейді Ұәлиханов [2, 53].

Шоқан сонымен қатар қазақтың ерлік жырларын жинаған. Фашықтық жылар жинаған оның ішінде ауыз әдебиетінің інжу-маржандары: «Ләйлі-Мәжнүн», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қыз назым», «Жүсіп-Зылиқа», «Еңлік-Кебек» сияқты ғашықтық дастандарды да дала жыршыларының соны мақаммен ұзақ таңға талмай айтқанын Шоқан сан рет тыңдаған, қайсібірін бала кезінде-ақ қағаз бетіне түсірген. Соның ішінде, әсіресе, халыққа өте кең тараған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына ерекше ден қойған [2, 64].

Шоқаннның халық ауыз әдебиетіне байланысты зерттеулері аса құнды. Оқымысты фольклорды басқа халықтардың әдеби мұраларымен тарихи жағынан салыстыра қараған. Оларда интернационалистік нәр болатынын, көне заманнан келе жатқан батырлық дәстүрді дәріптеу, насиҳаттау үлгісі сақталатынын, шындықты, өткен

окиғаларды поэтикалық түрғыда бейнелеу, асқақтата әсерлі суреттеу басым келетін, Эпостың сюжеті мен мазмұнында халықтың ерекшелік, ұлттық мінез байқалатынын, халықтың өткендеңі өмір жолын есте қалдырудағы шеберлігін Шоқан Уәлиханов жан-жақты талдаған.

Шын мәнінде Шоқан Уәлиханов алғашқылардың бірі болып ғылыми айналымға тарихи түпнұсқалардың ғалымдарға бұрын беймәлім қабатын қазақ және қырғыз эпостарын, аңыз-ертегілерін енгізді, оларды жинап, зерттеуге ол өз өмірінің едәуір бөлігін арнады.

Оте ұзақ ғұмыр кешкен қазақ халқының аса көркем, бай ауыз әдебиеті мен ұшан теніз өнер мұралары кейінгі үрпаққа жетті. Рухани көне мұраларымызды жіктеп саралаған, ғылыми зерделеудің ең озық үлгісін көрсеткен, Әл-Фарабиден соң өз шынын түрғызған Шоқан Шынғысұлы Уәлиханов болды.

Шоқан Уәлихановтың тарихи мұраларын ғылыми түрғыда зерттеп-талдау бір дәуірдің, бір ғана үрпақтың еншісінде ғана емес. Оны сан дәуірде сан үрпақ өкілдері қастерлей оқып, өз бағасын беретіні, керегіне жарататыны, арындан кіршіксіз сақтайдыны шүбесіз. Кеменгер оқымыстының парасатты тұлғасына қараған сайын, оның артына қалдырыған асыл, баға жетпес қазынасы мәнгі жасайтындығына күмән жоқ. Осылайша, ұлы даланың ұлы перзенті үрпақтарына мәнгілік мұра қалдырыды, Шығыс жүлдізының шыныраудан сыр тартқан асыл қазыналары алмастай түрленіп алыстан мұнарлай көз тарта бермек.

Қорыта айтқанда, Шоқан Уәлихановтың мұрасы – тарихтың қымбат асыл қазынасы. Ұлы Шоқанды қай қырынан да жан-жақты терең зерттей түсү бүгінгі және болашақ үрпақтың ең қасиетті міндеттерінің бірі болып қала береді. Сонымен айтарымыз – шоқантанудың ғалымның ғылыми еңбектерінен бастап, өмір жолына, жеке тұлғасына қатысты жаңаша көзқараста, соны сипатта серпін алатын уақыт әлдеқашан жетті. Шоқанның тұлғасы да, тағдыры да жұмбаққа толы. Халық жазушысы Төлен Әбдіковтің сөзіне сүйенсек, Қазақстан ғалымдары КСРО заманында Шоқан денесіне эксгумация жасау жөнінде рұқсат сұрап, Мәскеуге хат жолдаған. Бірақ үзілдікесілді қарсылыққа тап болған. Осының өзі-ак ұлы этнограф, көрнекті ағартушы, халқымыздың біртуар перзенті Шоқан өлімінің өзінде ұлкен құпия жатқанын айғақтап түрған жоқ па? [47]. Шоқанның өмірі мен қызметін түбекейлі зерттеп, халыққа шындықты жеткізгені жөн. Бұл игілікті іске тарихшы-шоқантанушылар, парасатты ғалымдар өз үлесін қосса жақсы болар еді деген ойдамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Отениязов С. Шоқанмен қайта кездесу. – Алматы: Қахақстан, 1990. – 240 б.
2. Қанафияұлы Н. Шоқан – әдебиетші, публицист. Зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 184 б.
3. Уәлиханов Шоқан. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 416 б.
4. Шоқан Уәлиханов – ғалым ағартушы // Қазақ тарихы. – 2001. – №5. – 73-75 66.
5. Уәлиханов Шоқан. Таңдамалы. 2 - басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.

## ӘОЖ 070

### «ЖҰЛДЫЗ», «ЖАЛЫН» ЖУРНАЛДАРЫНДА ӘДЕБИ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Кұтымова Г.Н.

I. Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
*gnurgalievna@mail.ru*

Бір жарым ғасырға таяу ғұмыры бар қазақ баспасөзі халқымыздың тағдырымен біте қайнасып, бірге жасасып келеді. Осы мезгіл ішінде түрлі кезендерді бастан кешіп, бірсек алға басып дамыса, енді бірде жүрісін баяулатып, тіпті тоқыраған тұстары да болмай қалған жок. Бір кереметі, қандай жағдайда да қоғамдық ойдың қозғаушы күші кызметін адаптациялық көзінде қарастырылады. Қазақ жазушыларының шығармашылық дәрежесінің өсуінде, ұлттық әдеби тілдің өркендеуі жатыр.

**Кілт сөздер:** публицист, газет, мақала, қоғамдық, саяси, журнал, газет

Есть полтора века в следующей жизни была неразрывно связана с судьбой нашего народа в казахской прессе вместе. Это переживают разные периоды времени, а затем движется вперед, в настоящее время никакого прогресса не является медленным и даже не депрессивные моменты. Спрашивается, во всяком случае, был движущей силой идеи государственной службы в духе доброй воли. Казахских писателей степень роста, развитие национального литературного языка.

**Ключевые слова:** журналист, газетные статьи, политические, журналы, газеты

There are one and a half century in the next life has been inextricably linked with the fate of our people in the Kazakh press together. This experiencing different time periods, then moves forward, now no progress is slow and did not even depressed points. One wonders, in any case, has been the driving force behind the idea of public service in good faith. Kazakh writers degree of growth, the development of national literary language.

**Keywords:** journalist, newspaper articles, political, magazines, newspapers

«Жұлдыз» - көркем-әдеби, қоғамдық-саяси журнал. Алматы қаласында қазақ тілінде басылып шығады. Бұл журналдың басты бағыты қазақ әдебиетінің даму жолдары және қазақ әдебиетінің жаңа жанрлардың дамуы мен пішіндерінің пайда болуын және соның қозғаушы күштерін зерттеу басты бағыты. Негізі бұл газет 1922 жылдан бастап шыға бастады. 1928 жылдан бері «Жаңа әдебиет» деген атпен жарық көріп келеді. 20 – жылдардың басында «Әдебиет майданы» кейін «Әдебиет және искусство» деген атпен кейін 1957 жылдан бастап «Жұлдыз» деген атпен шыға бастады. Журналдың тарихы XX ғасырдағы Қазақ әдебиетінің айнасы деп айтсак та болады. Қазіргі бас редакторы Есдаулет Ұлықбек Оразбайұлы. «Жұлдыз» журналында көптеген әдеби материалдар, өлең, әнгіме, элегия, поэзия, мақалалар жарияланған. Осы «Жұлдыз» журналында Тұрсын Жүртбайдың «Ұраным – Алаш!» атты материалы (зерттеу жұмысы) әрбір санында шығып тұрады [1].

Жарық көргеніне жарты ғасыр болған «Жұлдыз» журналы да бұгінде еліміздің әдебиеті мен мәдениетіне айтулы үлес қосып отыр. Қазақ әдебиетінің көсегесін көгергіп, байита түскен іргелі шығармалардың бәрі дерлік алдымен «Жұлдызда» жарық көріп, журнал беттерінен жолдама алды. Сәкен Сейфуллин өзі қол қойып шығара бастаған сонау 1928 жылдың акпанынан алғашқы дауысы даланы жанғыртқан «Жаңа әдебиет» (1928-1931), «Әдебиет майданы» (1932-1938), соғыстың алдыңғы жылдарында «Әдебиет және искусство» (1939-1957), 1957 жылдан осы күнге дейін «Жұлдыз» атанды. Журнал атының әлсін-әлсіни өзгеруінің өзі – еліміз бастан кешкен тарихи кезендердің сипатынан хабар береді. Ә дегенде тиражы 1 мыңға әзэр жеткен

әдеби журнадың тиражы 1965 жылы – 100 мың дана болса, 1970 жылы – 157342 дана, 1973 жылы – 196600 дана, 1974 жылы – 202 мың дана, 1975 жылы – 211 мың дана болып оқырманы бар халықтық журналға айнала алды. Алайда 1990 тоқырау жылдары 19230 данаға күрт төмөндеді. Бұған сол кездегі халықтың әлеуметтік жағдайы өз әсерін тигізді [2].

Сырбай Мәуленов редакторлық еткен 1970-1971 жылдары «Жұлдыз» журналы әдеби, мәдени, қоғамдық, саяси мәселелер көбірек сөз етілді. Тарапымы – 157342 дана болды. 1971 жылдың екінші жартысында журналға Тахауи Ахтанов бас редактор болған жылдары журнал тарапымы – 171717 дана болды. Осы жылдары «Проза», «Қоғам кайраткерлерінің пікірі», «Жас қалам», «Азия, Африка жазушыларының конференциясы қарсанында», «Абайдың туғанына 125 жыл» айдарында жарық көрген материалдар тартымдылығымен оқырманды өзіне тарта түсті. «Жұлдызда» Шерхан Мұртаза бас редактор болған 1973-1975 жылдары тарапымы – 197291 дана, Бекежан Тілегенов бас редакторлық еткен 1975-1988 жылдары тарапымы – 134000-нан 13726-ға азайды [1].

Қазақ жазушыларының шығармашылық дәрежесінің өсуінде, ұлттық әдеби тілдің өркендеуінде «Жұлдыз» журналының ұшаң-теніз еңбегі жатыр. Алғашында авторлар аз болғандықтан және әдебиет өрісінің аласалау шағында журнал бірынғай әдебиеттен өзге мәселелерді қозғай алмады. Кейін көркем өнердің күрт өркендеуіне сәйкес авторлар да ұлғайды. Нәтижесінде, жылдан – жылға журналдың құлашы жазылып, тынысы кеңейіп, көркейе түсті. Қаламгердің жаксы туындылары арқылы оқырман қауым алдында беделін көтеріп, «Халықтар достастығы» орденімен де марапатталды. 1928 жылдардан бері басылымға жарияланған романдар, дастандар, әңгімелер мен хикаяттардан, нақыл сөздер мен әдеби зерттеулерден алған білім мен әсерлер талай ұрпақты рухани тәрбиелеп, қалыптастыруларына сеп болды. Сонау әкімдік-әміршілдік кезеңінде әдебиетімізден аттары өшіп қала жаздаған Ахмет, Міржақып, Жұсіпбек, Шәкірімдердің жұрт аңсаған тамаша шығармаларын арада бірнеше жылдар өткеннен кейін «Жұлдыз» бірінші болып оқырмандарына ұсынды. Көптеген жылдар бойы жабық жатып келген Сапарғали Бегалиннің Жамбылдың өмірі туралы өмірбаяндық-этнографиялық хикаяты ұлы ақынның ұзак өмір жолына қосымша сәуле шашқандай нұр үстіне нұр болды. Шет елден туған жерін аңсап келген жазушы Сейілхан Эбілқасымұлының Оспан батыр туралы романы мен басқа шығармалары осы күнгі оқырмандар үшін тыңнан жол салғандай болды. 1975-1979 жылдары аралығында «Жұлдызда» 15 рецензия, 20-ға жуық әңгіме, 23 повесть, 14 роман т.б. жарияланып үлтерген. Сол жылдары «Жұлдызын» «Әдеби мұра», «Жыр шашу», «Жаңа кітап хақында», «Әлем әдебиеті», «Алтыншы дәптер», «Шетелдегі қазақ әдебиеті», «Жұлдызын дәңгелек үстелі», «Редакция почтасынан» т.б. айдары болды [2].

«Жұлдыз» журналында әдеби зерттеулер мен рецензияларды көптеп кездестіруімізге болады. Әдеби журнал әлеуметтік өмірдің қайшылықтары мен кейір тұстарын әдебиет әлемімен байланыстырып, ұштастырып, оқырмандарын тарихпен де таныстырып отырды. Сол дәстүр өз мәнісінен, өз жолынан адаспай «Жұлдызын» бүтінгі беттерінен көрініс тауып отыр. Сондай-ақ, бүтінгі журнал бетінде өмірдің сансаласына, әлемнің шартарабына жол тартқан сан қылыш материалдарды кездестіруге болады. «Жұлдызын» «Поэзия», «Проза», «Дін ислам дәрістері», «Жұлдызын» «Ұлы адамдар энциклопедиясы», «Әдебиеттану», «Зерде», «Алтыншы дәптер», «Хат-хабар, ой-толғам», «Өнер», «Қазакстан - 2030», «Түрік дүниесі» т.б. айдарында жарияланған түрлі жарияланымдар қызықты да тартымды оқылады [2].

«Жұлдыз» журналы – қазіргі таңда проза мен поэзия тақырыбына ғана емес, өмірдің сан саласына, әлемнің шартарабына қанатын кеңінен жайған ірі басылым. Айталық «Жұлдыз» журналының 2005 жылғы № 2 нөмірінде жас ақын Құралай

Омарованың «Жылап тұрған аспан емес, мен едім» атты өлеңдер топтамасы жарияланыпты. Жас ақынның:

Жасын ойнап, жаңбыр жауды, бөлмем мұн,

Кезіп кеттім су кешені ертемен.

Алау отты өздерінен көргенмін,

Сол от саған ғашық еткен, өртеген, - деген өлең жолдарынан ішкі сезім иірімін, ғашықтық болмысын сезгендей боласыз.

«Жұлдыз» журналының «Өнер» айдарында (№12, 2003) тұнғыш қазақ балетінің тарихы туралы, «Дін ислам дәрістері» айдарында (№4, 2005) айдарында «Жалғандық» атты философиялық ойға құралған мақала жарық көрді [1].

Онда адам бойындағы жалғандық пен өтірік айту сияқты кереғар қасиеттерді Ислам діні қағидаларына сүйене отырыптысіндіреді, мәселен: «Исламда егер адам, айталық, шариғат сотында жалған сәйлейтін болса, осы арқылы сертін бұзса, онда бұл оның Құдайды алдағаны болып табылады. Ал, Құдай тағаланың өзін алдауға ешқашан жол берілмейді. Өтірік айтқан адам Алланың алдында өтірік айтқаны, бұл өте ауыр күнә, бұл мұсылманның қадірін өзінің де, бүкіл қоғамның да, діндес бауырларының да алдында аяқ асты еткен болып табылады», - деп атап көрсетеді. Міне, осы жолдар арқылы жалғандықтың көрі ықпалын оқырманға ұғындыра отырып, әрбірін имандылық тәрбиеген жетелей түседі. «Жұлдыздың» «Қасиетті сөз» айдарында Пайғамбарымыз хазреті Мұхаммед Мұстафа саллалану алайни уә сәлләмнің хадистерінен үзінділер бере отырып, адам баласын имандылыққа шакырады. Алла тағаланың қайырымдылығы мен мейірімділігіне көніл токтатады. Мысалы, журналдың 2005 жылғы №2 нөмірінде хадистің: «Егер әлдебір имам немесе басшы қоластындағыларға, кедейлер мен бақытсыздыққа тап болғандарға есігін жауып алса, Алла тағала да оның тілегіне құлак аспайды, ол үшін қайырымдылық пен мейірім қақпасын жабады», - деп оқырманға кеп ой салатын тармақтарын бере кетеді [3].

Әдеби журналдардың қатарына «Жалынды» да жатқызырымыз сөзсіз. «Жалын» журналының алғашқы саны 1969 жылды жарық көрді. «Жазушы» баспасының жанынан 2 айда 1 рет шығатын әдеби, мәдени және қоғамдық-саяси альманах талай қазактың рухани әлемін байытты. Әр журналдың өз тағдыры бар. «Жалын» журналы 1969-1985 жылдарға дейін әдеби көркем және қоғамдық-саяси альманах болып шықты да, 1986 жылдың №1 нөмірінен бастап Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Қазақстан Жазушылар Одағының екі айда бір шығатын әдеби-көркем және қоғамдық-саяси журналы болып шықты [4].

«Жалын» журналының тұнғыш бас редакторы - Өтебай Қанахин болды. 1969 жылды Қазақстан Компартиясы ОК-гі үгіт-насихат бөлімінің орынбасары болып отырған жерінен ол қызметін күрт төмендетіп, «Жазушы» баспасының жанынан жаңадан ашылғалы жатқан «Жалын» альманығына жауапты редактор болып келеді. 1970-1973 жылдары «Жалынды» - Шерхан Мұртаза, 1973-1984 жылдары – Тұманбай Молдағалиев, 1984 (№6 нөмірінен бастап) – 1993 жылдар аралығында бас редакторы – Мұхтар Шаханов болды. Әр жылдардағы журнал таралымына зер салсақ: 1981 жылы – 104970 дана, 1985 жылы – 118372 данаға жетті. Мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 1984-1993 редактор болған жылдары жылдары қайта құру басталысымен, айтылмай келген шындықтарды қалпына келтіруге зор енбек сінірген басылымдардың бірі – «Жалын» болды. 1980-1990 жылдарда поэзия және көркем сөздегі, әдеби сындағы қаламгерлердің ең тандаулы шығармалары да осы журналда жарияланды. Әдебиет есігін алғаш аттаған жастар үшін «Талаптың мініп тұлпарын» деген айдар ашылды [3]. Басылымның аясы үнемі кеңейіп, әдеби-көркем журналға айналды. Сондай – ақ журналдың өркендеуі жолында әр жылдары М. Мағаун, Т. Әбдіков, Д. Исабеков, Б. Тоғысбаев, К. Қазыбаев секілді беделді азаматтар енбек еткен. Журнал беттерінде әу бастан, 60-жылдар жылымығының буымен өмірге келген

үрпактың озық ойлары мен батыл туындылары жарық көрді, қоғамдық пікір қалыптасты. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің қатарына косылған Ә. Кекілбаевтың «Шынырау», О. Бекеевтің «Қайдасың қасқа құлыным?», Д. Исабековтың «Тіршілік», М. Мағауннің «Бір атанаң балалары», Т. Әбдіктің «Оң қол» және басқалардың өзіндік қолтаңбалары қалыптаса бастаған кездегі шығармалары «Жалында» жарық көріпті. Бүгінде жаңа есімдерді тауып, жалынды шығармаларына орын журнал әсте айныған емес. «Жалынның» әр жылдары «XX ғасыр. Әлем. Әдебиет», «Талаптың мініп тұлпарын», «Қаламгер дидары», «Жалынның интервьюі», «Жазушы лабораториясы», «Тұған өлке жұлдыздары», «Өлді деуге бола ма айтындаршы...», «Суреткер. Талғам. Бетбұрыс», «Әдеби сын», «Проза» (Б. Мұқай, С. Сматалев, М. Мағаун, С. Омаров), «Поэзия» (К. Мырзалиев, К. Баянбаев, М. Айтқожина, О. Аскар, И. Сапарбай), «Советтік менің өз елім», «Зерттеу», «Жас сыншы мінбері», «Музыка беті», «Рецензия», «Жалынның көркем сурет галереясы», «Тураби трибунасы», «Біздің жылнама», «Кітап сөресінде», «Озық үлгі», «Тұысқан халық әдебиетінен», «Талаптың мініп тұлпарын», «Алдыңғы толқын ағалар», «Көніл күнделігі», «Әзіліміз жарасса» т.с.с. [4] тұрақты айдарлары болды.

Осылардың ішінде «XX ғасыр. Әлем. Әдебиет» айдарында Габриель Гарсия Маркес, Роберт Блай, Владимир Распутин т.б. әлем әдебиеті классиктерінің озық үлгілерін қазақ оқырмандарына казақ тілінде аударылып беріп отырса, «Талаптың мініп тұлпарын» айдарында әдебиет айдынына жаңадан келе жатқан жас толқындардың шығармаларымен таныстыра отырып, ак жол тілеген. Осы жылдардағы журналдың ең бір тамаша айдарларының бірі «Жазушы лабораториясы» болды. Бұл айдарда әр жазушы өзінің шығармашылық өлкеге қалай келгендігі жайында жан-жақты мәліметтер бере отырып, өзіндік қолтаңбаларындағы ерекшелік сипаттарын көрсетіп отырған.

Алғашында альманах, кейіннен әдеби журнал болып буын бекіткен «Жалынның» үлкен әдебиетке алып келген есімдерін тізіп шығар болсақ сан жетпес. Бірнеше жылғы үзілістен соң Қазақстан Үкіметінің қаулысымен, Елбасының тікелей қолдауымен «Жалын» журналы оқырман жүргегіне 2003 жылы (тұсаукесер дана) кайтадан жол тартты. Ай сайын жарық көріп отыратын журнал беттерінен ұлттымыздың рухани бет-бедері болған көрнекті ақын-жазушыларымыздың, қолына жаңа қалам ұстаған жас талапкердің айшықты туындылары мен әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен танысуға болады. Журналдың соңғы ізденістерден, отандық, ғаламдық мәні зор рухани мәселелерді сараптап, зерттеуден де тыс қалмайтынын байқауға болады. Бүгінгі «Жалында» мынадай тұрақты айдарлар бар, олар: «Сонғы ізденістер», «Қаламгер дидары», «Тұсаукесер», «Ерте сөнген жұлдыздар», «Жалынның құпия пікірханасы», «Көкейкесті», «Жадымызда қалған жайсандар», «Түркі дүниесінің класиктері», «Дін және қоғам», «Біздің сұхбат», «Әдеби үлгілер әлемінде», «Әзіл әңгімелер», Нобель сыйлығы негерлерінің үздік шығармаларын жас қаламгерге үлгі ретінде ұсынатын «Ғасыр тарландары» айдары бар. 2005 жылдан бастап «Тарих және біз», «Тіл жіне діл», «Жәдігер», «Жана ән», «Оқшау ой» сынды жаңа айдарлары ашылып, оқырмандарға түрлі үлгідегі жазбаларын беріп келеді [3].

«Жалынның» тұсаукесер данасында «Сонғы ізденістер» атты айдарда өзіндік қолтаңбасы бар, реалист суреткер Т. Нұрмағамбетовтың «Құпия кездесулер» және «Ауған құстары» атты тың қос әңгімесі басылыпты. Бұл әңгімелерінде автор өмірдегі, қоғамдағы келенсіз жағдайлардың философиялық мәнін жан-жақты аша түскендей болады. Әдеби «Жалын» журналында жастардың соңғы жылдардағы ізденістері мен талпыныстарын байқауымызға болады. «Жалында» «Ерте сөнген жұлдыздар», «Жалынның құпия пікірханасы», «Жадымызда қалған жайсандар», «Көкейкесті», «Рухсыз ғылым қатерлі», «Деректі роман», «Біздің сұхбат», «Әдеби үлгілер әлемінде», «Дін және қоғам» атты тұрақты айдарлары бар. Осылардың ішінде жастар шығармашылығын насиҳаттайтын журналдың «Жас жүрек жайып саусағын...» атты

тұрақты айдарында жас ақын-жазушылардың тырнақалды туындыларын үздіксіз жарияладап отыратыны – куантарлық үрдіс. Бүгінде жас ақын-қаламгерлер катарын өзіндік қолтаңбасымен айшақтап келе жатқан Айгүл Кемелбаева, Маралтай Ыбырайымұлы, Әмірхан Балқыбек, Жарас Сәрсек, Дидал Амантай, Мадина Омарова, Қасым Аманжол, Бейбіт Мұрсөлім т.с.с. казақ әдебиетінде өзіндік жана пішіні мен болмысы бар жастар екендігі даусыз. Олар өздерінің көзқарастарымен шығармашлық танымын ұлттық әдебиетімізде белгілеп отыр. Әсіресе, әдебиет мәселелерін насиҳаттауда олардың батыл ой-тұжырымдарын осы «Жалын» журналы беттерінен оқып, байқап қаламыз.

«Жалында» жастардың жақсы әдеби шығармаларын жиі көзіміз шалып қалады. Мәселен, Қанағар Әблікайырұлы («Естелік», «Сурет», «Аққұлақ пен Ұялас»), Лира Қоныс («Ібілістің көңілдесі», «Тын»), Нұрлан Жұмахан («Тіршілік қауіпсіздігі пәні мұғалімі»), секілді жастар шығармашылығын атап өтуімізге болады. Осылардың ішінде Қанаған Әблікайырұлының «Аққұлақ пен Ұялас» атты әңгімесіндегі басты кейіпкер 5-6 жасар бала. Әлі мектепке бармаған, өмір есігін енді ашқан баланың аса жақсы көретінекі-ак нәрсесі бар: бірі – Аққұлақ атты қозысы, екіншісі – Ұялас дейтін иті. Баланың шырылдағанына қарамастан Аққұлақты сойып, куырдақ жасайды. Ұяласты атып таставды. Кім? Үлкендер. Әңгіме қысқа болғанымен, айттар ойы оқырманды ойландырлықтай. Өйткені, әңгімедегі кішкентай бала о дүние туралы ойдана бастайды. Шынында, шын өмірдің сиқы осындағы емес пе: күші жеткен қадірлінді корлап жатады, әлі жеткен қимасыннан күштеп ажыратады, билігі жеткен бермесінді тартып алады [3].

Жалын – 1969 жылдан бері шығып келе жатқан қазақтың көркем-әдеби альманахы журнал түрінде шығып отырады. Бас редакторы Мұхтар Шаханов. Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. 2008жылы №10санында «Жадымызда қалған жайсандар» деген айдармен Нұрғиса Тілендиев туралы көлемді мақала жарық көрді. Бұл журналдың басты ерекшелігі де әр адамның, замандастарының естелік әңгімелерін топъастырып көлемді материал жарияладап береді. Бұл мақалада Тұмандай Молдағалиев Қазакстанның халық жазушысы, Жарқын Шәкәрім, Сәкен Иманасов және т.б. авторлардың естеліктегі енгізілген. 2010ж №12 санында жарық көрген «Жадымызда қалған жайсандар» айдарында Сафуан Шаймерденов туралы жазылған зерттеу мақала жарық көрді. Шекрнияздан Елеуkenov «Сафуан серті», Тұрсынбек Кәкішұлының «Кесек тұлға», Смағұл Елубай «Сафуан ағама бас иемін», Мұхтар Шаханов «Сафуан Шаймерденовтың рухына», Серік Қирабаев «Адал азamat, қалымды қаламгер», Габиден Құлахмет «Сафуан әлеміне саяхат» атты үлкен материал жарық көрді. «Тарих пен біз» атты айдарында көптеген мәселелерді көтеріп отыратын мақалалар жарық көріп отырады. Мысал ретінде 2011 ж №7 санында Тұрсын Жұртбайдың «Зұлмат жылдар зардабы.» атты мақаласы жарияланды. Бұл мақалада Сталин қазақтың жауапты қызметкерлерін бір-біріне қарсы қойып, қидаластыру арқылы бұл халықты зиялыштардан айырды» дей келе орыс өкіметінің қазақтарға жүргізген саясатын да айта кеткен. «Поэзия» айдарында қазіргі кездегі көптеген жас ақындардың өлеңдері жарияланып отырады. Әншілер және олардың өмірі жайлы да мақалалар шығып отырады. Мысалы, 2009ж. №7 санында Тамара Асардың өмірі жайлы мақала жарық көрген болатын [4].

Әдеби такырыптар бұқаралық ақпарат құралдарының барлығын да қамтитын әрі негізгі такырып болып есептелінеді. Әдеби такырыпта жаза білу және такырыпты аша білу автордың яғни, журналистің шеберлігін білдіреді. Белгілі бір ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткөрген тарихи кезендері ең алдымен, сол ұлттың әдебиетіне, өнеріне, журналистикасына із таставды. Ұлттың рухы көтеріліп, еңсесі биіктегенде оның журналистикасы да, әдебиеті де, өнері де түлеп, толысып болашаққа

көз тігеді. Осындағанда кезеңде яғни, ұлттық рухымыз биіктеп, аталмыш салалардың қайта серпіліп, өркендеудің жаңа сатысына көтеріліп келеміз.

Ұлттымыздың кейінгі жүз жылдан аса тарихының сырлы шежіресі – қазақ баспасөзі 19-ғасырдың екінші жартысында “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті” болып патшалы Ресей үкіметінің үкімімен дүниеге келді. Бұл басылымдар отарлаушы елдің жыртысын жыртып, жырын жырлау максатында шығарылғанымен, шын мәнінде, сол шенбермен түйікталып қалмай, ұлттымыздың жоғын түгендеде бағытын да едәуір көп еңбек сінірді.

Халқымыздың саяси - әлеуметтік, әдеби, мәдени ой – пікірін оятып, қалыптастыруға септігін тигізген басылымдар, қазақ баспасөзінің көне бастаушы басылымы болып саналады. 1980 жылдары жазушы ағамыз Фабиден Мұстафиннің былай деп жазғаны бар: «Тұрғысы биік болмай, әдебиет биік бола алмайды. Бүгінгі жастар – ертengі кауымның қариясы. Қарияның кейінгіге айттар ақылы, кенесі болады. Соны қазірден бастап жинамаса, бас соныра қажырап бос тұрады. Көре біл, көнілге тоқи біл ... ». Бұл кейінгі жас толқынға, шығармашылықта жүрген жас дарындарға ага буын өкілдері тәжірибесінің аса қажет болатындығын айфактай туследі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Жұлдыз» журналы 2008-2012 жж. саны.
2. Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы : Білім, 2004.
3. Жақсылықбаева Р. Публицистің шығармашылық шеберханасы// Алматы «Қазақ университеті» 2009.
4. «Жалын» журналы 2008-2012 жж. саны.

**ӘОЖ 811.512.122'373.422**

#### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ТІЛДЕРДЕГІ ҚАРСЫ МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЖАСАЛАУ ЖОЛДАРЫ**

**Сырлыбаева Г.Т.**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісіу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
gulnara\_s.t81@mail.ru*

Кілт сөздер: фразеология, антоним, аффикс, лексика, семантика

Тілдік фактілерден мағына қарама-қарсылығы фразеологизмдерге де тән құбылыс екенін аңғардық. Фразеологизмдердің қарама-қарсы мағынада жұмысалуы лексикалық антонимдерге қарағанда өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік көбінесе фразеологизмдер мен лексикалық бірліктердің жеке қасиеттері негізінде туындаиды.

Академик В.В. Виноградов: «Идиом да, фраза да – белгілі бір сөз тізбектері: идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдастып бір ғана лексикалық ұғым береді», [1, 23] – дейді. Бұл пікірдің дұрыстығы төмендегі мысалдардан да аңғарылады: «ит жеккен жер», «қырғы қабақ болу», «екі езуі құлагына жету», «су жүрек» т.б. фразеологизмдердің семантикасына зер салсақ, «алыс», «араз», «қуану», «қорқақ» деген бір ғана лексикалық ұғымды білдіреді. Аталған фразеологизмдердің беретін мағыналарын анықтағаннан кейін, оларға қарама-қарсы мағынадағы фразеологизмді, яғни олардың антонимдік жұбын көрсетуге болады:

ит жеккен жер (алыс) ↔ қарға адым (жасағын)  
қырғы қабақ болу (араздасу) ↔ сүттей үю (тату)

екі езуі құлагына жету (*қуану*) ↔ сары уайымға салу (*қайғыру*)  
сүжурек (*қорқақ*) ↔ жүрек жүтікан (*батыр*)

Оймызды ары қарай нақтылау үшін, фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдарын ғалымдардың ой-тұжырымдарын көлтіре отырып анықтасақ. Фалым Ж. Мусин қазақ тіл білімінде фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдарының төмендегідей 3 түрін ұсынады:

1) Фразалық тіркестердің бір немесе екі компонентін тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналы болуы керек: *бейнетке бату – рахатқа бату, жақсатты көріну – жаманатты болу.*

2) Антонимдік жұп құрайтын фразалық тіркестерде мағынаға өзек боларлық бір сөз қайталанып келіп отырады: *бағы тайды – бақ қонды, орнын сипады – орнынан басты, аит ішті – аитын бұзды.*

3) Антонимдік мағына фразалық тіркестердің компоненттерін түгел қамту керек: *өңменінен итеру – бауырына тарту, ындыны кепкен – бейілі тоқ* [2, 20].

Фалым Ә. Болғанбаев пен Ф. Қалиұлы фразеологизмдерде қарама-қарсылықтың берілуінің тек екі түрін көрсетеді:

1) Тұрақты тіркестің өз ішіндегі компоненттерді басқа сөздермен алмастыру арқылы:  
*аты шықты ↔ аты өшті  
ашық мінез ↔ тұйық мінез*

2) Құрылым-құрылсызы жағынан мүлдем басқа сөздерден жасалады:  
*соры сорнадай қайнады ↔ көзі ашилды  
шөлі қанды ↔ қаны кепті* [3, 113].

Зерттеуші Қ. Сарбасова осы мәселеге қатысты мынадай қарсы шікір айтады: «Біздінше, бұл тіркестегі мағына қарама-қарсылығы «бақ» сөзінің қайталануы (Ж. Мусин көрсеткендегі) немесе «жай ауыстыру» нәтижесінде емес (Ә. Болғанбаев көрсеткендегі), бір сынардың антоним болуы нәтижесінде беріліп тұр. Мысалы: «сөз беру – сөз алу» тіркестерін алайық. Қарама-қарсылық «сөз» сөзінің қайталануынан емес, «алу», «беру» сөздерінің жеке тұрғандағы қарама-қарсы мағынасынан туындауды» [4, 45].

Бір қарағанда *сөз беру – сөз алу* жұбындағы антонимдік қасиет *беру - алу* сөздерінің мағыналарының қарама-қарсы болып келуінде тұрған сияқты. Алайда, бұл жердегі «сөз» абстрактылық ұғымды білдіріп тұр. Накты затты алуға, беруге болады (кітапты, қаламды). Мұнда мағына қарама-қарсылығын анықтағанда *сөз беру – сөз алу* фразеологизмдерінің тұтас семантикасына сүйенеміз.

Біздінше, алдынғы айтылған екі пікір де дұрыс. Себебі «бағы таю – бақ қону», «есіне түсіру – есінен шыгару» деген фразеологизмдерде ойға тірек, ұйытқы боларлық сөздер – *бақ, ес*. Бұл сөздер антонимдік жұп құрған фразеологизмдерде қайталанып келіп тұр. Тұрақты тіркестегі ой негізінде сол тірек сөз атауы болып тұрған зат немесе құбылыс жайында болады. Және антонимдік жұп құрағанда, осы зат я құбылыстың екі түрлі қүйін білдіреді. Антоним жасауда фразеологизмнің басқа да компоненттері (*таю-қону, түсіру-шыгару*) елеулі роль атқарады. Аталған компоненттер *бақ, ес* сөздерінің екі түрлі қүйін айқындаушы болып табылады.

Озге тілдерде де фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдары жайлар топтастыруларды кездестіреміз.

Мәселен, башқұрт тіліндегі фразеологиялық антонимдерде қарама-қарсылықтың берілу жолдарына қарай З.Г. Ураксин үш түрін көрсетеді:

1) Семантикалық мағынасы қарама-қарсы әр түрлі бірліктегі антонимдер: *теле телгә йокмай (көп сөйлеу) ↔ ауызынан һүзен алып булмай (сөйлемеу мағынасында)*;

2) Фразеологизмдердің құрылымын өзгерту арқылы пайда болған антонимдер: *һүз биреу (сөз беру) ↔ һүз алыу (сөз алу)*;

3) Аффикстер мен болымсыздық демеуліктер арқылы жасалған антонимдер: *күңел кителеу* ↔ *күңел кителмәу* (*сезіну – сезінбеу*), *кукә күтәреу* ↔ *кукә күтәрмәу* (*көкке көтеру – көкке көтөрмеу*) [5, 119].

Орыс және неміс тілдеріндегі фразеологиялық антонимдерді зерттеу барысында, ғалым Е.Н. Миллер антонимдік фразеологизмдердің лексика-семантикалық құрамына қарай олардың жасалу жолының төрт түрін ұсынады:

1) Құрамында бірдей сөзі немесе антонимдік компоненті жоқ, құрылым-құрылышы жағынан әр түрлі сөздерден жасалған фразеологиялық антонимдер.

2) Құрамында қарама-қарсы мағынадағы лексикалық бірлігі бар фразеологиялық антонимдер (**надеть** розовые очки- **снять** розовые очки).

3) Антоним жасаушы компоненттері күнгірт қарама-қарсы мағынаны білдіретін фразеологиялық антонимдер.

4) Бір фразеогизм екіншісінен антоним жасаушы компоненттер арқылы ажыратылатын, лексикадағы сияқты болымсыздық аффикстері арқылы жасалатын фразеологиялық антонимдер [6, 10].

Орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдер мәселесіне кәтысты ғылыми мақаласында М.И. Сидоренко қарама-қарсы мағынадағы фразеологизмдердің жасалуының екі жолын көрсетеді:

1) **Меншікті (собственный) фразеологиялық антонимдер.** Мұнда антонимдік қасиет фразеологиялық бірлікті мағынасын тұтастай қамту керек. Мысалы: *себе на уме* (*хитрый, скрытный*) – *душа на распашку* (*прямодуиний, откровенный*).

2) **Лексика фразеологиялық антонимдер** – құрамында антоним сөзі бар фразеогизмдер: **белая** кость (*человек знатного происхождения*) – **черная** кость (*человек не знатного происхождения*) [7, 97].

Зерттеуші С.А. Барсикъян да орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдердің жасалу жолының екі түрін көрсетеді:

1) **Бір құрылымды (одноструктурный)** – құрамында антоним компоненттері бар, сол арқылы ерекшеленетін фразеологиялық антонимдер (**горячая** душа- **холодная** душа)

2) **Әр түрлі құрылымды (разноструктурный)** – бір-бірінен өзінің лексикалық құрамы мен синтаксистік құрылымы арқылы ерекшеленетін фразеологиялық антонимдер (душа в душу – как кошка с собакой) [8, 87].

Бұл тұста фразеологиялық антонимдерді жасалу жолдары қазақ, орыс, башқұрт тілдерінде өте ұқсас екенін байқауға болады. Соңғы көрсетілген тұжырымдарда зерттеуші М.И. Сидоренко мен С.А. Барсикъян орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдердің жасалуына бірдей анықтама береді де, бірдей топтастырады. Тек берген атаулары ғана әр түрлі.

Зерттеуші А.И. Молотков: «Антонимдік жұп құрайтын фразеологизмдердің компоненттері мағыналық жағынан бір-біріне тепе-тең болу керек, бір не екі компоненті қарама-қарсы мағынада жұмсалып немесе құрамындағы бір сөз қайталанып келуі қажет», [9, 18] – дейді.

Автор антонимдік мағына фразеологизмдердің компоненттерін түгел қамту арқылы жасалатындығына мүлдем тоқталмайды. Өдегте, тілде қарама-қарсы мағынадағы фразеологизмдердің жасалуының бұл түрі өте көп ұшырасатынын ескере кеткен жөн.

Фразеологиялық антонимдер жасауға негіз болатын – болымсыздық аффикстері деген тұжырымды ғалым Е.Н. Миллер, З.Г. Ураксин ұсынады. Ал, қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдерге бұл құбылыс тән бе деген мәселе анықтауды қажет етеді. Тіпті болымсыздық аффикстерінің лексикалық антонимдерге қатысы жалпы тіл білімінде ғалымдардың қайшы пікір таласын тудырды.

Қазақ тіл білімінде I. Кеңесбаев пен F. Мұсабаев, Ж. Мусин сынды ғалымдардың еңбектерінде – *сыз*, - *cız*, - *ма*, - *ме*, - *ба*, - *бе* аффикстері (сұлы-сусыз, бақытты-бақытсыз) антоним тудыра алмайды деген көзқарас қалыптасқан.

Зерттеуші Ж. Мусин бұл ойын былай деп түсіндіреді: *сұлы жер* – *сусыз жер* дегенді салыстырып қарайық. Мұндағы *сұлы* деген сөз жерде судың бар екендігін білдіріп тұр. Семантикалық жағынан алғанда бұл жерге берілген баға іспетті. Ал *сусыз* деген сөз осы бағаны мулде жоққа шығарады. Бірақ жерге жаңа баға бермейді. Мұндай бағаны *құрғақ* деген сөздің бойынан табамыз. Демек, *сұлы* – *құрғақ* дегендер антоним сөздер. Ал *сұлы* – *сусыз* дегендер бірін-бірі жоққа шығарып тұрған болымды, болымсыз тұлғалар болып табылады [10, 5].

Демек, бұл тұста қарама-қарсы ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарумен, затқа, құбылысқа және оның сапасына жаңа баға беруімен ерекшеленеді. Бұл антоним сөздердің мағынасы арқылы көріну тиіс. Ал болымсыздық аффикстері затқа, не оның сапасына жаңа баға бере алмайды, тек бірін-бірі жоққа шығарумен ғана шектеледі деген тұжырым қалыптасқанын аңғаруға болады.

Зерттеушілердің екінші бір тобы Ә. Болғанбаев пен F. Қалиұлы, М. Оразов, А. Жұмабекова, А. Жүсіпов зерттеулерінде болымсыздық аффикстері антоним тудыра алады деген пікір қалыптасқан. Олар: «*бақытты-бақытсыз* сөздерін антоним деп қараған дұрыс. Себебі, сөз тудыруши жүрнақ жаңа сөз жасайды да, лексика-грамматикалық категорияның құрамына енеді», [11, 145] – дейді.

Болымсыздық аффикстері қосылу арқылы антонимдер жасалады деген пікірді тұркі тілдерінде М. Үсібалиев (қырғыз тілі), Б. Байқанов (түркмен тілі), Ж.Ф. Киекбаев (башқұрт тілі) сияқты зерттеушілер де құптаіды.

Орыс тіл біліміндегі ғалымдардың басым көпшілігі бір түбірден жасалаған антонимдерді тілге тән құбылыс деген таниды. Негізінен орыс тіліндегі туынды антонимдер екі түрлі жолмен жасалады:

- 1) Тұбірге приставка қосу арқылы (вбежал-выбежал)
- 2) Тұбірге *не* частицасы қосылу арқылы (богатый-небогатый)

Бұл тұжырымды Л.А.Новиков, Л.А. Введенская, М.Р. Льевов сияқты ғалымдар құптаіды.

Болымсыздық аффикстерінің фразеологиялық антонимге қатысы да келелі мәселе. Орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдерге осы құбылыстың қатысы жөнінде М.И. Сидоренко былай дейді: «не образует антонимичности присоединение к фразеологизму отрицательный частицы *не* (по вкусу- не по вкусу), *не* в подобных случаях сохраняет свое лексическое и грамматическое значение и выполняет основную функцию – функцию отрицания, не влияет как ее структурный компонент» [12, 95].

Керісінше Е.Н. Миллер лексикадағы сияқты фразеологизмдерде болымсыздық аффикстері антоним тудыра алады дейді. Автор *по вкусу – не по вкусу, по добрей воле – не по добреи воле* деген фразеологизмдерді антоним ретінде қарастырған [13, 101].

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ішінде:

- |                                  |   |
|----------------------------------|---|
| 1) бағы жану – бағы жанбау       | (бақытты – бақытсыз )                         |
| 2) бас ию – бас имеу             | (мойынсұну – мойынсұнбау)                     |
| 3) көз іліндіру – көз ілмеу      | (ұйықтау – ұйықтамау)                         |
| 4) селт ету – селт етпеу         | (қорқып кету – қорқыптау)                     |
| 5) ынғайы келу – ынғайы келмеу   | (орайы табылу – оралымы жок)                  |
| 6) кіріптар болу – кіріптар емес | (тәуелді – тәуелді емес)                      |
| 7) бой салды – бой салдырмау     | (сенді – сенбеді)                             |
| 8) бүйірі шығу – бүйірі шықпау   | (тою – тоймау)                                |
| 9) сабыр қылу – сабыр қылмау     | (шыдам-төзім білдірді – шыдам-төзімі құрылды) |
| 10) сөз беру – сөз бермеу        | (уәде байласты – уәде                         |

байласпады)

деген сияқты жұптар кездеседі. Осы аталған жұптар антоним болады ма, жоқ па деген сауал туындыды. Мысалда фразеологизмдер –*ма*, -*ме*, -*ба*, -*бе*, -*на*, -*не* аффикстері және де *емес* сөзі арқылы берілген. Бұл аффикстер жаңа сөз тудыра алмайды, сөз түрлендіруші жүрнақтар екенін ескеру қажет. Олай болса, компоненттері бірдей сөздерден болған, тек сөз түрлендіруші жүрнақтар арқылы жасалған фразеологизмдерге антонимдік қасиет тән емес. *Бағы жсану* – *бағы жсанбау* фразеологиялық жұптары *бақытты-бақытсыз* деген мағынаны білдіреді. Мұндағы *бағы жсану* фразеологизмі *бағы жсанбау* деген фразеологизмнің мағынасын жоққа шығарды, бірақ адам халіне жаңа баға бермейді. *Бағы жсану* деген фразеологизмге *сорлы мағынасында жұмсалатын фразалық тіркес* антоним болады. Сонда, *бағы жсану* – *соры арылмау* – фразеологиялық антонимдер. *Бағы жсану* – *бағы жсанбау* қайшы мәнде қолданылып, тек бірін-бірі жоққа шығару қасиетіне ғана ие жұптар болып табылады. Дәл осылай жоғарыда келтірілген компоненттері бірдей сөздерден жасалған фразеологиялық жұптардың мағынасына қарай антонимін анықтауға болады:

- 1) *бас ию – ырық бермеу*
- 2) *көз іліндіру – таңды көзбен атызыу*
- 3) *септ ету – міз бақпау*
- 4) *ыңғайы келу – теріске тарту*
- 5) *кіріппар болу – өз билігі өзінде*
- 6) *буйірі шыгу – қарны қабысу*
- 7) *сабыр қылу – ашуға міну*
- 8) *сөз беру – уәдесінен таю*

Фразеологизмдер жүйесіндегі мағына үйлесіміне тән фактордың өте құнарлы да, жиі кездесетін түрі – бір фразеологизмнің құрамында антонимдік жұп элементтерінің болуы. Зерттеуші С.К. Сатенованаң пікірі бойынша: «осы секілді фразеологизмдерде жұп компоненттердің контрастивті мағынада келуі синоним және ынғайлас мағыналы компоненттер тәрізді бұлар да мағына, мазмұн гармониясын сақтауға қажетті, фразеологиялық тіркестердің қалыптасуына, тұрактануына үйіткы болатын фактордың санатына жатады» [14, 69]. Антоним сөздер фразеологиялық бірліктер құрамына компонент ретінде кірігеді. Мысалы: фразеологизмнің құрамындағы бір жұптың қарама-қарсы мағынада келуі:

<i>ақты-қарасын ашу</i>	(ақ-қара)
<i>алды-артын орау</i>	(алды-арты)
<i>ілгері басқан аяғы кейін кету</i>	(ілгері-кейін)
<i>оң мен солын айыру</i>	(оң-сол)
<i>өтірікті шындаі қылу</i>	(өтірік-шын)
<i>астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшыру</i>	(асты-үсті)
<i>барынан жоғы иғі</i>	(бар-жоқ)
<i>дос-дүштапын күлу</i>	(дос-дүштап)
<i>апы кіріп, күпі шығу</i>	(кіру-шығу)
<i>жуаннның созылған, жіңішкенің үзілген кезі</i>	(жуан –жіңішке)
<i>көңілі көктө, басы жерде</i>	(көктө-жерде)
<i>кундыз күлкіден, тұнде үйқыдан айырылу</i>	(кундыз-тұн)
<i>аиса алаңанында, жұмса жұдырығында</i>	(ашу-жұму)

Немесе бір ғана фразеологизм құрамында екі компоненттің антонимдік жұп құру қасиеті де жиі үшірасады:

*Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрү;*  
*Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шыгу;*  
*Дүштапның отын сөндіру, достың атын жаңдыру;*  
*Күле кіріп, күрінене шыгу;*

*Жақсысын асырды, жаманын жасырды;*

*Ыстығына қүйіп, сұлығына тоңу.*

Дәл осы сиякты құрамында антоним компоненті бар бір ғана фразеологизмді антоним фразеологизмдерге жатқызу дұрыс па деген мәселе басын ашып қарастыруды қажет етеді. Мұндай компоненттер фразеологизм құрамына енгенде де антонимдік қасиетті сақтап қалатындығын айтқан Ж. Мусин, бұған мынадай үлгідегі мақал-мәтелдерді жатқызды: *Аңы еңбектен – тәтті нан. Аздың атасы бір, көптің батасы бір. Қорлық өмірден, ерлік өлім артық. Айырылған азады, қосылған тозады* (Мақал) [2, 21]. Фалым мақал-мәтелдерді фразеологизм ауқымында қарастыра келе, олардың құрамында кездесетін антоним компоненттер тіркеске желі болса, онда фразалық тіркестер тұтас алғанда бір-біріне қарсы мағыналы болып шығады деген қортындыға келген болатын. Ал Е.Н. Миллер болса: «бір ғана фразеологизмнің құрамында лексикалық антонимдердің қатар келуі антоним фразеологизм жасай алмайды», [13, 92] – деген пікірді айтады. Біз соңғы айтылған ойды тольқтай құптаймыз. Өйткені, тілдік фактілерге сүйенсек біріншіден, антонимдік қасиетке ие болу үшін фразеологизмдер қарсы мәндегі екі жұптан құралу керек. Екіншіден, құрамында антоним компоненттердің болуы тұрғысынан алғанда, жұп фразеологизмнің біріндегі компонент екіншісіндегі бір компонентпен жеке алғанда антоним болу (*жақсатты қөрін – жаманатты болу, күн бата – күн шыға*) қасиетін иеленуі шарт. Көркем шығармадан мынадай мысал келтірейік:

*Бұқіл ояз бір Ермекбайдың қолында, оның ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс деп түсінетін бұлар* (F. Мұстафин). *Бұл жиында еңкейген кәріден, еңбектеген жасқа дейін қалыспай ойларын айтып жасатты* (О. Бекей). *Ау, ағайын, неге үндемейсің? Ұзында өшті, қысқада кекті емес едік қой* (F. Мұстафин). *Бұл заманда ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін адамдардың саны көбеймесе, азайған деп айта алмаймыз* («Айқын»).

Бұл сөйлемдерде келтірілген *ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс* фразеологизмі бір ғана – «бәріне өз әмірін жүргізуші адам» мағынасында, *еңкейген кәріден, еңбектеген жас* фразеологизмі – «барлығы, түгелімен», *ұзында өшті, қысқада кекті* болу фразеологизмі – «ала алмай жүрген кек», *ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру* фразеологизмі – «жалқаулық ету» деген сиякты бір ғана мағыналардың орнына жұмсалып тұр. Сондыктан, бір ғана фразеологизмнің құрамында жұмсалатын антоним компоненттер өз ішінде антонимдік қасиетті иеленгенімен, оларды фразеологиялық антоним қатарына жатқызбаймыз, олар бірігіп келіп бір ғана мағынаның орнына жұмсалады, осы қасиетін ескерсек оларға (фразеологизмдерге) қарсы мәндегі фразеологиялық жұпты табуға болады: *ілгері басқан аяғы кейін кету* (*жолы болмау*) – *онынан айы, солынан күні түу* (*жолы болу*), *күндіз күлкіден, түнде үйқыдан айырылу* (*уайымдау*) – *қуанышы қойнына сыймау* (*қуану, шаттану*).

Корыта келе, қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдердің жасалуының өнімді жолы – антонимдік мағына фразеологизмдерді тұтастай алғанда беретін мағыналарын салыстырып, қарсы кою арқылы туындаудын. Болымсыздық аффикстері мен бір фразеологизмнің құрамында ұшырасатын антоним компоненттер қарсы мәнді фразеологизмдерді жасауға негіз бола алмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Виноградов В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // Сборник статей. – Москва, 1947. – Вып. 3. – С. 211-212.
2. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 176 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.

4. Сарбасова К.Б. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексика – семантикалық сипаты: Филол. ғыл. канд. Дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1999. – 114 б.
5. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Москва, 1975. – 192 с.
6. Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. – Самарканда, 1990. – 216 с.
7. Сидоренко М.И. О фразеологических антонимах русского языка // Русский язык в школе. – 1969. – № 3. – С. 94 – 97.
8. Барсикъян С.А. К вопросу об антонимах слов и фразеологических единиц в современном русском языке // Вопросы фразеологии. – Самарканда, 1976. – Вып. 10. – С. 89-91.
9. Фразеологический словарь русского языка / Под ред. А.И. Молоткова. – Москва, 1968. – 543 с.
10. Мусин Ж. Антонимдер және болымсыздық категориясы // Көкшетау правдасы. – 1970. – № 34. – 5 б.
11. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 216 б.
12. Сидоренко М.И. О фразеологических антонимах русского языка // Русский язык в школе. – 1969. – № 3. – С. 94 – 97.
13. Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. – Самарканда, 1990. – 216 с.
14. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997. – 183 б

## **ӘОЖ 541.124**

### **Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ «БІР ШОҚ ЖИДЕ» ПОВЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚИ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ**

**Тұрысбекова Ә.Е.**

*I. Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
asem.erikovna85@gmail.com*

Адамзаттық тұрлау, рухани қайсарлық Әбіштің кез келген кейіпкерлерінің бойынан табылады десек, қателеспейміз. «Бір шоқ жиде» повесіндегі Тілеу зергер, құлте сақал қорықшы Құдери, жоқ іздеген қаута сақал албан шал қарапайым еңбек адамдары, саусағынан өнері, көкірегінен күй саулаған, жүзінен иманы төгілген, қолы ашық, тірі жанға киянат жасамаған, адамдық, ар, адамгершілік тағылымымен есінде қалады.

Адам өмірі күн мен көленкеден тұрады. Төрт құбыласы тен, қайғы-қасіретті білмей, шалқыш өткен пенде жоқ та шығар. Қай жағынан алып қарасан да дұшпаны да мін таға алмайтын Тілеу зергер оның жеті атасы байлық та, билік те, ағайын тұмасы да жеткілікті болғанымен, құдай ең негізгісінен, кіндігінен құттайпай, жегенін желім, ішкенін ірің қылған. «Өзі қыска, өзі асау, тентек өмірден» Тілеу: «Өлсөң де қадірінді біліп, артынды ұмытпайтын ел-жұртың мен ұрпағың болса, өлімнің несі үрей, несі қиянат», [1, 20 б.]. - деп ол өмірден де, өлімнен де шошыныш, үрікпейді. Өйткені, ол мына фәни жалғанда қолынан келген өнерін, қажыр-қайратын жұртына сарқыш берді, ер етігімен қан кешкен, ат ауыздығымен су ішкен күн туып еді, «Көптен көрген ұлы той», мойнына бүршақ салып тілеп алған Тілепалдысын қанды қасапқа салып жіберді, кейбіреудің кебін тігерге тұяғын қалдырмай жалмап қойған жебір соғыс, бұның жалғызын аясын ба, жалмап алды. Әйтеуір құдайдың көзі әлі он екен, жұбайы Зейнеп те, бұл да шаранадан құдер үзіп, тозған астаудай қансып, шашылып қалайын деп жүргенде сонау Жем бойынан іздел келген женгелері

кезерген еріндерін жібітіп, сұып, қаны сұйыла бастаған тамырларын тулатып, қырқынан әлі аспаған Тұяқты бауырларына салып кетеді... Бір перзентке шөлдеп, өліп-өшкен Зейнеп байқұстың ботасы тірілген інгендей семген шандыры дертип, сут саулап берсін... Құлды «жоғалыш- табылған» Манасты көргенде Шаканамның кеүіп қалған емшегі жібіп, сұті саулап аға бастайтыны тәрізді. Ен ізгі жүрек – мұн тәрбиелеген жүрек. Ананың иығынан диодай жаншып, тынысын тарылтқан тонналаған мұнның қара бұлтын ұшты-күйді сейілткен қайран перзенттің кеуденің шоктай қарып, дененде балбыратып еріткен бұлт астынан шықкан қызулы, қуатты құндай нәзік еріндерінен құдіретті не бар екен!.. Осы деталь-ақ Зейнептің көнтерілі қазақ әйелінің жомарттығын, алаңсыз адад пифылын, толғанса тек жүрек түпкірінен толғанатын, халықтың тағдыры мен талайы телулі, қасіреті мен куанышын бірдей көтеруге пейілді ана екендігін айғактап тұр. Ерліктің негізі – сүйіспеншілік, сүйіспеншілік кісісіне қарап оянады. Әркім өзінің, сүйгенінің, сыйлағанының құлды. Ар мен ізгілік, тазалықтан жаралғандай «Ерке қызы» Зейнеп пен «қүйеу жігіт» Тілеудің отбасын азынатып кеткен күйді ағайындық, аналық болмысы мен сезінген Жемнен келген женгесі: «Күйеу жігіт пен ерке қызы мынау қырқынан аспаған жаман немені екеуіне қара болсын деп алыш келдім. Мырза құдайдың рахымы түсіп, ерке қызы құрсақ көтеріп жатса, бұл бесігін тербетер. Теріне ұстаймын десен де, есігіне ұстаймын десен де, біздің көңіліміз баяғыдай», -дейді. Женгесінің тілі дала гүлдерінің ісін желліген қоңыр самал дерлік, пейілі теңіздей толқып, шарасынан асып төгіліп жатыр. Ділі қандай! Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін иітіп, тоғыз көзін сыздатып, ұнтақ дүниеге келген сәбійн бұлдаپ бермей, жырғап, артын сұраусыз етіп беріп отыр. Қимасының көнілі жолында жанын қызып ерлік жасап отырған қимасының тірлігі қазақтың қанына ғана сіңісті мәрттік. Бір көрген білісіне кісікіктенбей сөзі жақса, көнілінің бұрауын дәл басса, құлқы үйлессе, астындағы атын түсіп беріп, әлпештеген қызына үкі тақтыратын, не тағып кететін кең пейілдік те қазақтың мәндайына жазылған. Соның дәлелі – қауға сақал адай шал. Қанынан өніп шықпаса да, қанынан шыққаннан кем мейіріміннің ұлпа ұясының жылуын бойына сінірмеген, басына жұмақ орнатпаса да «сыйға-сый, сыраға-балдан» қолын тарпаған.

Узіндінің мына бір жолдарына көз токтата кетейік: « - Әлгі сұылдаққа да тиылым бола қалғанын қарашы, - дейді Зейнеп. – Бұл күшіктің ит кейлекін кім алыш қашар екен...

- Қиналма, кемпір. Өзім алыш қашамын, -деді.

Әуелі Тілеу шықты. Оған ілесе бір қолында құндақ, бір қолында домалак түйіншегі бар Зейнеп шықты. Кішкентайдың да жарық дүниеге атап шығып отырғаны да осы. «Иә, ата-баба!» - деді Тілеу мәндайын күбылаға бұрып, сосын кемпіріне қолын созды. Зейнеп те ит кейлекке оралған түйіншекті ұстата берді.

Қапелімде отырған орнынан қозғала қоймайтын Тілеу екі қолын бауырына алыш булкілдей жөнелді. Артында кішкене құндақты қыса ұстаған кемпірі келеді. Шіркін-ай – деді Тілеу. - Төңірегі мынадай аңылжыған айдала болмай, бірінен-бірі асырып ақ үй тіккен ызығындағы ел болса ғой. Кемпір кеше кештен бері ертең балам қырқынан шығада деп хабар шашып қоймас па еді. Ауыл - үйдің үлкенін түгел жинап, алдарына дастарқан жайып, баталарын алыш, қаумалдасып сыртқа шықпас па еді», деп армандауының өзі Тілеудің қазақтың қазақылығын көрсететін жері емес пе?.

Қазақтың әдет-ғұрыптын, салт-дәстүрін повестің мына бір жолдарынан байқаймыз: «Тұяқтың бар ырымы пішенишілер барда жасалады. Бір алпауыз әйел тұсауын кесіп, Зейнептің кос такта алқасын қағып алады. Сұндет тойының қызығын да пішенишілер көрді».

Қазақ отбасында нәресте шыр етіп дүниеге келгеннен-ақ оның бойына ұлттық тәрбиені сініріп өседі. Бала өмірге келгенде шілдехана той жасалып, 40 күн өткеннен кейін бір түлеуден өтті деп қырқынан шығарады. Бір жас шамасындағы қаз-қаз тұра бастаған сәбідің тұсауы кесіледі. Бала үш жасқа келгенде, өз бойын ат үстінде ұстар кезге ілінгенде: «Күйымшағы өсіп кетсе, сарт-сауанға ұқсан, атқа мінсе, ұзак жүре алмайтын

болып қалады» – деп, өзін жеке атқа мінгізе бастайды. Сондай қастерленген ер баланы бес жасқа қараған шамада сұндет тойға әзірлейді. Бұл әрбір мұсылман халықтың дәстүрі болып табылады. Сұндет тойға өзі жүріп шығаратын баланы бір ересек кісі қасына алып, алыс-жакынды түгелдей аралатып шығады. Барған үйлерінің барлығы да бала мінген тай-құланның жалына ақ шүберек жыртып байлайды. Баланың тойлығына түрлі-түсті сыйлық ұсынады. Мұндай қошеметке бөлөнген сәбидің көнілі әсемдікке, талғамға толып еседі. Халықтың тұтас ниет, ынтымағын байқайды. Еліне сенім артып ер жетеді. Қаламгер бесік көрген баладан ертеңгі күні үміт күттірер азамат өсіп шығатындығын көрегендікпен білген жазушы сөзі асыл дәстүр-салтымыздың ұмытылмайтынын еске салады.

«Халық салтына келмей – қалына келмейді», – дейді халық даналығы. Жас ұрпак тәрбиесінің түп казығы ата дәстүріміз. Әрбір адамның ұлттық рухы, ұлттық мінезі әдет-ғұрпын білу арқылы қалыптасады.

Сонымен катар, шығармада «бата беру», «тілек айту» дәстүрін де шығармадан жиі кездестіреміз. Мына бір орайда: «Ауыл-үйдің үлкенін түгел жиып, алдарына дастархан жайып, баталарын алып, қаумаласып сыртқа шықпас па еді», немесе, «Әй, күшік, сенің атын Тұяқ! Естисін бе, ай? Тұяқ! Тұяқ! Тұяқ» [2, 15 б.].

Артынан ағарған ауыз тиіп бата қылды.

Енді бір бес-он күнде пішеншілер де құлап қалар, - деп терістікке шоқыта жөнелді». Қазақ халқында «Батаменен ел көгерер», - деген аталы сөз бар. Халқымыз бата болашақ адамның қалыптасуы мен дамуына бағдар береді дегенге сенген. Қазақтың ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Өйткені, қанымыздың сіңген, жанымыздың жағымды үғым. Бата арқылы ой-санамыздың нұрлы шуақ естіледі, бойымызды серпілтіп, көнілімізді марқайтып, ақылымыздың ақыл қосып, жасымыздан қарғыс емес, алғыс алсақ деген тәрбиенің бастауы. Өйткені аталардың қасиетті өсиеті – замандар мен ғасырлар бойы мыскылдан жинаған, ақыл елегінен өткен, өмір тәжірибесінің тарихи санасының даналық корытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы.

«Бата» ұтымының терең тәркініне барлау жасар болсақ, Құранның бірінші суресінің аты «Фатихадан» туындаған тәрізді. Мұнда жаратушы мен оның «елшісі» Мұхаммедке мадақ сөз айтылады».

Баталардың қандай түрін алсақ та жеткіншек жас ұрпакты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды-басты, дәүлетті, бақытты, кекшіл емес, кешірімді болуын тілейді. Жерін, елін қорғауга талапты ержүрек болып өсуге талпынады.

Халқымыздың белгілі бір жүйемен құрылған бата, тілек сөздерінде этикалық, эстетикалық және дидактикалық тұтастық бар. Бата әрбір жастың бойында белгілі бір тұтастық-бірлігін, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сактауға бірден-бір құрал болып табылады. Себебі болашақтың тұтқасы, иесі ұрпағына амандық, парасаттылық, ізеттілік, өжеттік, мейірім, өнер-білім, құт-береке, ұзак өмір, үлкен табыс тілеу ежелден адамзаттың асыл мұраты болған.

Әрбір батада этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, молшылық, бакыт, қонақжайлышық, амандық, саулық сияқты ізгі тілек айтылады.

Ұлттымыздың ұлылығын зерттеуші В.Радловтың: «Менің қазактар арасында ұзак уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрлерімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат: бұлардың өзіндік ерекше мәдениеті бар халық екендігі. Біздің отандастарымыз ойлағандай олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, бас бұзар, қаракшы, тұкымын құртуға тұрарлық халық емес» деген пайымды пікірінен де аңғарамыз.

Қаламгер шығармаларында нағыз адамдық белгісі – кіслік. Адамның өзі қымбат емес – адамгершілігі қымбат. Ізгілік – ізгілікпен қайтады, адамгершілік – адамгершілікпен қайтады. Осы қағиданы ұстана отырып жазушы Тілеу мен Құдереі арасындағы бір-біріне деген шынайы сыйласымдылық, адап достық, кимастық сезім сияқты толып жатқан қазақ халқының бойынан табылатын ізгі қасиеттерді ашып көрсетеді. Повестің мына бір

жолдарына тоқталсак: «Күдері қайда аттап шықса да, жудеп қайтады, Бір кездегі азды кем қызығын кере алмай қайтады. Уакыттың өмірден басқа өлшемі жоқ екеніне көзі жетіп қайтады. Бір өмірдің орнына екінші өмір келсе ғана мына дүниенің мәні тұра алатынын ұтыныш қайтады. Ағаш екеш ағаш та бұтағынан бұтак өрбіп, артында із тастайды. Ал адам ше... Адамның ізі тек белінен өнген перзент қана ма... Оның ісі, жұртқа жасаған қайырымы ше? Соның бәрі кісінің өзімен бірге көз жұма ма? Ол соққан жекей, ол жасаған бұйымдар да мәңгілік емес шығар, тозар. Сонда көңілге қуат не болмақ? Өз тамырынан өрбіген бір бұтак болса, Тілеудің арты осынша құлазып жатар ма еді? Міне, бір жылға айналып барады, Тілеудің шаңырағы жоқ болғасын, оның сүйегі жатқан мына түзге оның артынан іздең ешкім келмеді, ешкім ауызға алмады... Айтса, тек Күдері ғана айтады. Онда да тек өзі еститіндей қып күбірлеп айтады... ».

Әрдайым өмірдің шуақты жақтарына назар аударатын автор мұнда да адам бойындағы тазалық, ізгілік атаулының табиғи қалпы бұзылмаған шағын нәзік көнілмен бейнелеуге тырысады.

Қазақ соңғы тұяғы қалса да «қырықтың бірі – Қыдыр» деген нағым-сеніммен, жалпы қазакқа тән қонақжайлық көнілмен күтіп, астына ат мінгізіп, үстіне шапан жауып шығарып салған. Ол болмаса қолындағы құдайы қонағы сұраған, көнілі ауған затын, қолындағы барын беріп, риза қылыш шығарып салған. Бұл – сүйекке сінген дәстүр. Қаламгер мына бір орайда: «Еңгезердей қонақ Күдеріге қарап мұрты жыбырлап біраз отырды да, кілт Тілеуге бұрылды.

- Мына домбырандың кімге жасаттың?

Тілеу аузын ашқанша, Күдері айтып та үлгерді.

- Ойбай-ая, бұл кімге жасатушы еді, өзі дағы. Өліге жан бітіруден басқаның бәрі өз қолынан келеді.

- Ендеше тіптен дұрыс. Ал, құда, осы қу шынағынды маған қи. Әлімнің ауылынан ала қайтқан қол үздігім болсын.

Тілеу мен Күдері күлді. Еңгезердей қонақ орнынан тұрды. Қолындағы домбыраны ұстай тұрды. Желен бешпетін шешіп, сыйқытып орап алды. Зейнеп алдарына түсіп есікті көтерді. Екі ереккөн ере шыкты [3, 101 б.]

Туындыдағы ата-бабалардан қалған асыл қасиеттер де бізге осы мәңгілік ұлы мақсаттарымен биқтеп көрінеді.

Қаламгер өзі өмір сүрген дәуір талап еткен бірқатар маңызды мәселелерге өзінше жауап беруге әрекет жасаған. Автор өзінің шығармаларында мораль, этика, әдептілік, тәлім-тәрбие туралы өсиет-ғибрат сөздер айтады. Қоғамдағы адамдардың өзара қарым-қатынасы, сөйлесуі, сыйласуы, әсіресе тіл әдептілігі егжей-тегжейлі сөз болады. «Бір шок жиде» туындысында автор ерекше мән беріп, зор шабытпен жазған аса маңызды мәселелердің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы болып табылады. Атап айтқанда, мұнда жастардың қарттарға, қариялардың жастарға, балалардың өз әке-шешелеріне, ата-ананың өз перзентіне деген ізгі құрметі қандай болу керек деген сауалға жауап берілген.

Автор жақсы мінез-құлыш, әдептілік, кішіпейілділік ең алдымен адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты деп түйеді. Сондықтан жас нәресте өмірге келісімен-ақ оны тиісінше тәрбиелу әке-шешенің қасиетті борышы екенін айтады. Туындыгер әсіресе, жастарды өр көкірек, тәқаппар, қызың кеуде болудан көбірек сақтандырады. Кішіпейілділік улженге де, кішіге де бірдей жарасатын қымбат қасиет екенін ескертеді.

Бала, ұл-қызы тәрбиесі – қоғамдық іс. Қаламгер да бала тәрбиесіне арналған тарауда осы қоғамдық әлеуметтік деңгейге кетере баяндайды. Жалпы автор шығармада бала, ұрпақ мәселесіне ауық-ауық әлденеше оралып отырған. Өлсөн орнынды жоқтатпайтын, атынды өшірмейтін – бала. Бақ-байлық, данқ қуып, лауазым дәреже қуып өлерінде ғана ес жиып, бала тауып, бала өсіру – өкінішті іс.

Сазды және малтатасты моренналы жыныстар кезектесіп келетін белесті-төбелі Жетісу Алатауының таулы алқаптары мен тауалды жазықтарын түзетін шөгінді тау жыныстарының жатыс бағыттарына талдау жасау арқылы Жер бедерінің шағын пішіндерінің негізгі ерекшеліктерін, түзілу жолдарын анықтауға болады.

Жазғы далалық оку іс-тәжірибелері барысында Сарқан, Басқсан, Қаратал, Текелі, өзендерінің орта және жоғарғы ағыстарындағы жар қабактардағы тау жыныстарының жатыс бағыты мен литологиялық құрамына жасалған талдаулар өнір аумағындағы Жер бедерінің қазіргі шағын пішіндері төбелі және зандрлы жазықтардың, терең сайлар мен өзен аңғардарын түзуіне үш рет жүрген ежелгі төрттік мұздасулары зор рөл атқарды деген корытынды шығаруға мүмкіндік берді. Айтар ойымызды Желдікарағай, Ақшұнақ, Кекжота тауларынан бастау алатын Сарқан мен Басқсан өзендерінің бірінен-бірі 5-10 метр биік орналасқан қазіргі және екі ескі арналары мен оларды бойлай созылып жатқан лесті сазды жалдар, жарқабактарда екі сазды, екі моренналы жыныстардың қабаттасып келуі айғақтайды. Фалымдардың еңбектеріндегі деректерге сәйкес Қазақстан тауларындағы ежелгі төрттік мұз басуларының шамамен 484 мың жыл бұрын басталып шамамен 400 жыл бұрын аяқталды [1].

Жетісу Алатауыда зерттеулер жүргізген белгілі гляциолог ғалым А.П. Черкасовтың еңбектеріндегі деректерге сәйкес Жетісу Алатауындағы бірінши Миндалъ мұзбасуы шамамен 484 мың жыл бұрын басталып, 80 мың жылға созылды. Теніз деңгейінен 700-800 метрге дейін түскен жабын мұздық болды. Оның қалындығы шамамен 1000-2000 метрге жетті. Орталығының қалың болуына байланысты шеткі бөлігіне түсіретін салмақ артып, гравитациялық күштің әсерінен қозғалған мұздықтың тілі тоқтаған абляция аймағында орасан зор салмақпен ысырылған шеткі мореналы малтатастар, циркті ойыстар мен қоймаңдай тастар пайда болды [2]. Мыңшұнқыр деген атпен белгілі ежелгі мұздықтардың тілі тоқтаған циркті ойыстарда Үйкөл (Бүркітті Бүйен өзені), Мәуеден, Жасылкөл (Қызылтал өзені) сыйқты көптеген шағын көлдер түзілді.

Құннің қарқындылығының артуынан шамамен 394 мың жыл бұрын 91 мың жылға созылған бірінші мұзбасуарлық кезең басталды. Мұздықтардың еруінен жүрген алапат су тасқынының әсерінен өзен аңғарлары мен сайд-салалар 250-300 метрге тереңdedі. Мұздықтардың тілі тоқтаған абляция аймағында түзілген шеткі мореналы төбелердің шекарасынан тысқары аймакқа орасан зор су жайылды [3].

Алапат су тасқыны ысырып әкелген малтатасты жыныстардың шегуінен Талдықорға, Қапал, Жаркент тәрізді тауалды жазықтары 100-150 метрге дейін биіктеді. Айтар ойымызды Жансүгір, Қарабұлақ кенттері, Сарқан мен Талдықорған қалаларының аралығында моренналы шегінділер өте қалың болғандықтан бұлақтар мен құдықтардың болмауы, тау етегірінде ысырынды моренналы төбелердің кең таралуы және олардың беті лесті жыныстардан ал астыңғы қабаты малтатасты қалың моренналы жыныстардан тұруы дәлелдейді.

Тауларда орасан зор алқапты қамтыған жоғары атмосфералық қысымды аймақ қалыптасып, мұздықтардың бетінен күшті құрғақ жел жазықтағы жылы төменгі қысымда аймаққа қарай соғып, өте ұсақ тау жыныстары сазды (лесті) мұз басу кезеңінде түзілген мореналы жыныстардың беттеріне шөктіре бастады [5].

Сары, қоңыр немесе қара қоңыр түсті лесті сазды жыныстың шығу тегі жөнінен үш түрлі ғылыми болжам бар. Бірінші: В.А.Обручев пен Ф.Рихтофтың - әолдық болжасы. Олардың тұжырымдары бойынша ежелгі мұзбасуаралық кезеңде атмосфералық қысымы жоғары, төменгі температуралары биік таулы аймақтан температурасы біршама жоғары, атмосфералық қысымы төмен жазықтарға қарай соққан желдің әсерінен үгілген тау жыныстарының өте ұсақ бөлшектерінің тауалды жазықтарына шөгуінен пайда болған[6].

Екіншісі: *сұлы мұздықты болжам*. Бұл болжам бойынша климаттың біртіндеп жылынан мұздықтың жаппай өріп кең даланы су басынан түзілген. Үшіншісі: Л.С. Берг ұсынған - *топырақтық болжам*. Фалымның пікірі бойынша әр түрлі тау жыныстарының құрғақ климат жағдайында үгілуінен түзілген. Кейін мұзбасу жүргенде, саздың үстіне мореналы жыныстар шөккен.

Шамамен 301 мың жыл бұрын жартылай жабындық сипаттағы екінші ежелгі *Russ мұзбасу кезеңі* басталған. Мұздықтың бұзушы әрекетінен өзен аңғарлары 200-350 метрге дейін тереңдеді [1-кесте].

1-кесте Жетісу Алатауындағы ежелгі мұзбасу мен мұзбасу аралық кезеңдері

Мұзбасу кезең дері	Сипаты мен төзіз деңгей-інен биіктігі (метр есебімен)	Басталған кезеңі (мың жыл бұрын)	мұзбасу кезеңнің ұзактығы, мың жыл	Мұздық аралық кезеңнің созылған уақыты, мың жыл	Климаттың ерекшелігі мұз басу кезеңінде	мұз басу аралық кезеңі	Түзілген шегін-ділер
Миндаль	Жабын мұздықты 800-900 м	Шамамен 484 мың жыл бұрын	80	91	Суық, құрғақ	Жылы, құрғақ	таулар мен тауалды жазықтардағы мореналар
Russ	Жартылай жабын мұздықты 1100-1300 м	301 мың жыл бұрын	163	60	Суық, құрғақ	Жылы, құрғақ	жел эрозиясы күшейіп, жазықтарға таулардағы жыныстардың үтінуінен лес төрізді саздар мореналардың үстінешөкті
Вюром	Гау мұздығы 1600-2000 м	78	64		Суық, құрғақ	Жылы, құрғақ	

Ежелгі мұздықтардың тілі теніз деңгейінен 1000-1500 метр биіктікке дейін төмен түсken. Олардың ысыруынан өзен аңғарлары мен терең сайлар пайда болған. Фалымдардың болжамы бойынша сол кезеңде қар сзызығы теніз деңгейінен 1000-1200 метр биіктікте орналасты. Бұл мұзбасу Каспий тенізінің Хазар трансгрессиясымен, Днепр мұзбасуымен сай келіп, 163 мың жылға созылған. Құннің қарқындылығының артуынан екінші *Russ мұзбасуы* екінші мұзбасуаралық кезеңімен алмасты. Ол 60 мың жылға созылып, 138-78 мыңшы жылдар аралығын қамтыған. Бұл кезеңде тау өзендерін тар шатқалдары 250-300 метрге тереңдеді. Тауалды жазықтарының мореналы жыныстарының бетіне жаңа қалың лесті қабат шөкті.

Жоғарғы плейстоценде 78 мың жыл бұрын екінші мұзбасуаралық кезеңді үшінші соңғы *Вюром мұзбасуы* ауыстырды. Оны шартты түрде екіге бөлуге болады: бірінші -

таудан бойлап төмен түсі 1 байқалған өсу және қайту кезеңі. Мұзбасуның төменгі деңгейін деңгейінен 1600-2000 метрге дейін, қарсызығы 700-800 метр биіктікке дейін төмен түскен.

Соңғы мұзбасу - аңгарлық, алғашқы екеуі – жартылай жабындық сипат алған. Бұл мұзбасу кезеңінде өзен арнасындағы жайылма үстіндегі бірінші текшелері қойастар, соңғы мореналық жалдар, қазіргі өзендердің тар шатқалды пайда болған [7].

Қазақстандағы Вюрм мұзбасуның эволюциясын радиокөміртектік және геохимиялық әдіспен зерттеген Л.Р. Серебрян мен О.А. Поморцовның, Л.И. Ивановскийдің т.б. палеогляциолог ғалымдардың пікіріне сәйкес шамамен 14-13 мың жыл бұрын климаттың жылынына байланысты голоценің басында (12-10 мың жыл бұрын) климат қарқынды жылынып, мұздықтар шегіне бастады.


Климаттың жылыны 4-5 жылға созылды. Осыдан 7 мың жыл бұрын орташа жылдық температура 6 градусқа көтеріліп, қазіргіден 2 градусқа жылы болған (плейстоценнің соңында). Бұдан кейін 6,5 мың жыл бұрын температура, төмендеп климаттың ылғалдануына байланысты Ыстықкөл деңгейі біртіндеп көтерілуінен мұздықтардың көлемі біртіндеп қайта ұлғая бастады. 2,5 мың жылға созылған бұл кезеңде қазіргі деңгейінен Балқаш көлінің деңгейі 3 метр жоғары болған. 4 мың жыл бұрын мұздықтардың қайтуының 5-ші кезеңі басталды. 2,5 мың жыл бұрын климатта тағы сүйнү байқалып, мұздықтың ұлғаюының 6-шы кезеңі басталды. Мұздықтардың қайтуының 7 кезеңі 1,4 мың жыл бұрын басталған. Мұздың қайтуының 8-ші кезеңі шамамен біздің жыл санауымыздың 1600-1700 жылдары болған. Оның мореналарында қыналар өспеген [1; 3].

Жазба деркттер мен таным жорықтар барысында жинақталған материалдарға жасалған талдаулар ежелгі төрттік мұзбасуларының жүруіне біріншіден, неоген мен төрттік дәуірде жүрген неотектоникалық қозғалыстардың әсерінен Қазақстанның онгустік-шығысындағы таулардың жанғырып биіктейі, екіншіден, тау түзілу үрдісінің жүруінен климаттың күрт сүйнү әсеретті деуге болады.


2004 жылдан бастап жазғы оқу іс тәжірибелері барысында Талдықорған ойысымен шектесетін Лабасы, Бурақай, Ешкіөлмес сияқты аласа таулы алқаптары мен тауалды жазықтарының жер бедерінің негізгі ерекшеліктерін анықтау мақсатында бірнеше жорықтар үйімдестірып, өлшеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында Қартал өзенінің орта ағысындағы аласа таулы 1 2 бөліктегі жарқабактан бір малтатасты, бір лесті сазды қабатты анықталды. Тау жыныстарының қабатына талдау жасай отырып, миндалъ мұзбасуы аласа таулы алқапты қамтыған жабын мұздық болғанына көз жеткіздік.

Далалық зерттеу нәтижелеріне сәйкес ысырынды моренналардың бетін лесті сазды жыныстармен қабаттасып келетінін байқадды. Олар 700-900 метр биіктікегі Талдықорған қаласының онгустігіндегі Лабатау тауының етегінде *бір сазды бір моренналы*, 1200-1500 метр биіктікегі Балықты өзенінің бойындағы жарқабақтың *екі малтатасты*, *екі лесті қабаттардың* белгілі бір ретпен шөгуі орта биіктікегі

тауларда ежелгі мұзбасулардың *екі рет қайталанғанын* дәлелдейді. Ал, 2000 метрдегі Қаратал өзенінің анғарында *үш малтатасты*, *үш сазды қабаттың* кездесуі Жетісу Алатауының теңіз деңгейінен 2000 метр биіктігінде мұзбасулардың *үш рет қайталанғанын* дәлелдейді [1-сурет].




Шартты белгілері



Мұзбасу аралық кезеңде түзілген сазды қабат



Мұзбасу кезеңде түзілген моренналы сазды қабат



Көлдік көлді шөгінді қабат

1-Үш сазды, үш моренналы қабаттан тұратын бірінші миндалъ мұзбасуы


2-Екі сазды, екі моренналы қабаттан тұратын екінші рисс мұзбасуы

3-Бір сазды, бір моренналықабаттан тұратын соғы вюрм мұзбасуы

1- сурет. Тау етегіндегі жарқақтардағы ежелгі төрттік мұзбасу және мұзбасуаралық кезеңдерде түзілген мореналы және сазды жыныстардың жатыс бағыттары

Мұз басу және мұзбасу аралық кезеңдегі палеоклиматтық ерекшелігін анықтау үшін: Сарқан өзенінің ескі арнасының көлденен қима-сызбасын жасадық. Балықты өзенінің қазіргі арнасынан басқа құрғап қалған ескі екі арнаны анықтадық. Қазіргі арнасынан ені 30 метр, бірінші ескі арнаның ені 60-65 метр, екінші ескі арнаның ені 120-130 метр [2-сурет].

Өзеннің көлденен қимасызбасын жасап, оны талдау барысында қазіргі арна мен бірінші ескі арнаның биіктік айырмасы - 4 метр екенін, қазіргі арна мен екінші ескі арнаның биіктік айырмасы - 15 метр екенін анықтадық. Екінші ескі арнаны бойтай Қарақуыс шатқалынан солтүстік-батысқа 5-6 шақырымға созылып жатқан биіктігі 10 метрге жететін жіңішке, қалың лесті жалдар бар.



2 сурет-Балықты өзенінің қазіргі және ескі арналарының қима-сызбасы

География институтының профессоры П.А. Черкасовтың тұжырымына сүйенсек, өзеннің қазіргі арнасы осыдан 400 жыл бұрынғы ол алапат селден кейін пайда болған. Бірінші ескі арна мен қазіргі арнаның биіктік айырмасын 4 метр екенін анықтай отырып, әр 100 жылда табан эрозиясының әсерінен өзен арнасы 1 метрге тереңдейтінің ескерсек, бірінші ескі арнамен шамамен 400 жыл бұрын, екінші ескі арнамен 1500 жыл бұрын аққанын аңғаруға болады. Бірінші және екінші ескі арнаның кендігіне қарап, бір кезде


климаттың қазіргідей аридті емес, ылғалды болғанын анғаруға болады деген қорытынды шығардық.

Жетісу Алатауының солтүстік орталық жоталарының аласа таулы бөлігі болып табылатын Басқан өзенінің шығысындағы Алмалы тауында ежелгі мұзбасулардың әсерінен түзілген ысырынды мореналы жыныстармен, қоймаңдай тастармен кездеседі. Таудың солтүстік-беткейінде теңіз деңгейінен 1100 метр биіктікегі сай ішіне ысырынды қойтастардың кептеуінен түзілген «Шатыртас» табигат ескерткіші орналасқан [3-сурет].



3-сурет. Алмалы тауындағы «Шатыртас» табигат ескерткіші

Уақыт өте келе жүздеген мың жыл ішінде үйілген қойтастардың арасындағы саңылаулар еріген қар, жаңбыр суларының шайуынан, маусымдық және тәуліктік температура ауытқуының, сайды өрлей, құлдай соққан желдің әсерінен жүретін дефляция, корразия үрдісінің нәтижесінде жүздеген мың жыл ішінде кеңейіп үнгір пайда болды. Қорыта келгенде, "Шатыртас" ескерткіші бұдан 500 мың жыл бұрын басталған ежелгі миндалъ мұзбасуы кезінде түзіліп, уақыт өте келе сыртқы құштердің әсерінен өзгерген морфомусіндік жер бедері. Жүргізілген көп жылдық зерттеу нәтижелеріне жасалған талдаулар Жетісу Алатауы мен тауаралық ойыстардың ежелгі мұз басулардың әсерінен пайда болған жер бедерінің қазіргі негізгі пішіндерін тектоникалық денудациялық, мұсінде әрозиялық және аккумулятивті-денудациялық жер бедеріне бөлуімізге мүмкіндік берді [4-сурет].



4-сурет. Жетісу Алатауындағы ежелгі мұз басулардың әсерінен пайда болған жер бедерінің негізгі пішіндері

1. Таудың ең биік бөлігіндегі қазіргі мұздықтар жауып жатқан тектоникалық денудациялық жер бедері. Олар үлкен 2 топқа бөлінеді: Өркеш таулы, ә/ Опырмалы ойысты. Өркеш таулы тектоникалықденудациялық жер бедері биік, орташа және аласа таулы бөліктерге бөлінеді.

2. Биік және орташа биік таулардағы (2500-3000) тектоникалықденудациялық жер бедерінде қазіргі мұзбасулардың ысырындыларының іздері терең болмаса да, анық байқалатын пенепленденген аймақтар.

3. Мұздық ығыстырыған шөгінділердің тауалды аймағына жинақталған шекарасы болып табылатын тектоникалық-денудациялық аласа таулы аймақтар. Осы таулардың байрайында қалындығы 150-200 метрге жететін ысырынды мореналық шөгінділер жинақталған. Биік және орташа биіктік таулар мен аласа таулардың аралығында опырмалы ойыстар орналасқан. Оған негізінен ежелгі мұзбасу әрекетінен түзілген мореналы текшелер мен тау етегінде жинақталған ысырандылардан тұратын мореналы төбелер жатады. [5; 6; 7]

Зерттеулердің деректеріне сүйенсек, егер мұздықтардың көлемі осылай кішірейе берсе, 120-150 жылдан соң тау мұздықтары жойылуы мүмкін.

1. Мұздықтарды зерттеу арқылы жер бедерінің таулы денудациялық жер бедерін, аккумулятивті жер бедерін анықтадық.

2. Профессор П.А.Черкасовтың пікіріне сүйене отырып теніздердің трансгрессиясында мұздық көлемін ұлғайтып, регрессиясында көлемін кішретіп, мұзбасуаралық кезеңмен алмасатынына көзжеткіздік.

3. Жазба деректер мен таным жорықтар барысында жинақталған материалдарға жасалған талдаулар ежелгі төрттік мұзбасуларының журуіне біріншіден, неоген мен төрттік дәуірде жүрген неотектоникалық қозғалыстардың әсерінен Қазақстанның онтүстік-шығыссындағы таулардың жаңғырып биіктеуі, екіншіден, тау түзілу үрдісінің журуінен климаттың күрт суынуы әсер етті.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Черкасов П.А. Эволюция горного оледнения Казахстана в четвертичный период. Институт географии МОН РК. Алматы, 2000.-365с.
2. Черкасов П.А. К вопросу о древнем оледенении Джунгарского Алатау на примере бассена р.Лепсы // Вопросы географии Казахстана, 1997, №5, С.98.
3. Диценко-Кислицина Л.К. Кайнозой Юго - Восточного Казахстана: Геоморфология, Новейшая тектоника. История формирования рельефа и осадконакоплений, палеэкология. ч// Алматы, 2001.
4. Диценко-Кислицина Л.К. Геоморфология, стратиграфия кайнозоя и новейшая тектоника северо-восточной части Джунгарского Алатау. Материал по геологии и полезным ископаемым Южного Казахстана. Вып. 3, А: Наука, 1997.
5. В.А.Обручев. Пограничная Джунгария. I. III. Вып.-М.:1940.-С. 50-60.
6. Серебряный Л.Р., Орлов А.В., Соломина О.Н. Морены - источники гляциологической информации. М., "Наука" 1975.-200с.
7. Горностаев Н.Н. Четвертичные отложения у северных подножий Джунгарского Алатау. М.: 1976.-295с.

**ӘОЖ 612.1/8**

**ЖАЛАҢАШҚӨЛДІҢ БАТПАҒЫ МЕН АРА БАЛЫ ҚОСПАСЫНЫң  
ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРИ**

**Уқушева Т.К., Медетбекова Т.М.**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
ukushevatolkyn@mail.ru, mktdd@mail.ru*

В области исследования были проведены характеристики физических свойств меда и химические исследования грязи. Было изучено влияние на разные органы человеческого организма медикаментов, изготовленное из смеси меда и глины. Определены свойства грязи, которые благоприятно влияют на организм человека.

In the field studies were conducted of the physical Properties of honey and chemical studies of mud. The effects of different organs of the human body medicines, made from a mixture of honey and clay. The properties of the mud, which favorably affect the human body.

Кілт сөздер: прополис, балауыз, ара балы, ара сүті, балшық, апилак.

Денсаулық – зор байлық. Орыстың ұлы физиологы И.В.Павлов: «Адам табиғаттың айрықша жемісі. Табиғат қазынасынан ләzzат алу үшін адамның дені сау, қайратты да, ақылды болуы тиіс» деп жазған. Бұлақ сулары мен көлдің қара батпағын емге қолдану қазақ даласында бұрыннан белгілі. Табиғаттың шипалы көздерін халық өздерінің күнделікті тұрмысында байқаған. Сол кезде ауруы барлардың ауруы басылып, тіпті оның жазылғанын да көргендер болған. Көлдердің сұзы мен батпағының емдік, шипалы қасиетін ашуға малдар да себеп болған деген көуесет бар. Кекшетау облысында осы күні емге кеңінен қолданылатын қара батпақты «Қотыркөл» деген көл бар. Көлдің бұлай аталуы, бұрынғы кезде қазақтар малдарын соның маңайында жайып жүргенде, денесін қотыр басқан малдардың сол көлдің батпағын басып жүріп жазылып кететінін байқаған. Осыдан «Қотыркөл» деп аталған. Малдың қотыры жазылып кеткенін көрген халық денесіне қотыр, жара шықса, осы көлдің батпағын жағып, оған оранып емделгенде көвшілігі жазылып кеткен. Осындай жолмен де халық көл батпағының қасиетін аша жүріп, оны өте қасиетті деп пайдалану жолын да ойластырған, қалай болса солай емделмей, оны ретке келтіріп, бір қалыптен жүргізген. Көл батпағымен емдеуге жаздың ыстық айларында барған. Сол шипалы батпағы бар көлдің жағасына қонып, бие байлас, мал сойған. Онда әркім өзіне қолайлы жер тауып, шұнқыр қазған, шұнқыр қазған соң ол шұнқырда шешініп денесінің жарасы бар жеріне батпақ жаққан. Алғашқы күні мұндай батпақ булауды бірақ рет, азак үақыт алған. Содан кейін булау үақытын күннен күнге ұзартып бие сауым үақытқа жеткізген [1,2].

Зерттеу жұмысының мақсаты: Ара балының физикалық қасиеттеріне тоқталу, балшықтың физикалық қасиеттерімен химиялық құрамын түрлі тәжірибелер арқылы зерттеу, ара балы мен балшықтың емдік қасиеттеріндегі ерекшеліктерге сырқаттанған адамдарды емдеу ісінде пайдалана отырып көз жеткізу.

Осындай табиғат аясында оның мөлдір ауасын жұтып, сырқаттанса сұымен батпағын шипа қылып, өз заманында бейбіт өмір сүрген қазақ халқы дәүірінде дәрігерді де онша ізdemей ақ өмір сүрген болар. Халық табиғаттың шипалы көздерін осылайша ашып, оны кейінгі үрпақтарға тоздырмай мұра етіп қалдырған. Осы күнгі ғылыми медицина бұл ірі сала – бальнеотерапия, курорттерапия аталып отыр. Бұл күндері табиғаттың минералды су, шипалы батпағымен емдеу тәсілі қайта жаңданып, медицинаның жаңа ағымы ретінде айтыла бастады. Осындай шипалы батпақ пен тұз

қоры Алматы облысы Алакөл ауданының бірқатар жерлерінде көп кездеседі. Шұбартөбе аймағындағы «Кіші Алакөл» көлі, Архарлы ауылы маңындағы «Қоссор» т.б. Архарлы ауылының 8 км қашықтықтағы Қоссор деген жерде тұзды көлшік бар. Үлкендердің әңгімесіне қарағанда ашаршылық жылдары, халықтың басына төнген қын кезеңдерден осы көлшіктің ортасында пайда болған тұз қабаты аман алып қалған көрінеді. Аштыққа ұшыраған ел осы тұздың беткі қабатын ақырын сыйдырып алып, басқа жерлерге әр түрлі тағам түрлеріне айырбастаған. Тіптен кейінгі уақыттарда да осы тұзды пайдаланып көрген, алғашқы кездегі қалындығы 1,5 метрге дейін жеткен еken, ал қазіргі уақытта 15-20 см қалындықта ғана қалған. Бұдан кейінгі біраз бөлігіне дейін сулы болып келеді де, ал шет жағасында қара түсті батпаққа ауысады.

Кейбір ғылыми зерттеулерге қарағанда мұндай көлшіктер мен батпақтың пайда болуы топырақтың беткі қабатындағы жүрген жел және су эрозиясының байланысы деген пікірлер айттылды. Сол жердің жазық, тегіс аймақтарда орналасуына, жер беті жер асты су ағысы өте нашар болады. Сондықтан бұл жерлерде топырақтың сортандануы және батпақтану процесі жүреді. Жер бетіндегі су мөлшерден артық болған жағдайда жер асты су ағысы нашар болады да, жер асты суының деңгейін тез жоғары көтеріп, топырак сортанданады. Жер бетіне жақындаған судан булану көбейеді де, су құрамындағы тұздар топырақтың жоғарғы қабаттарын жылжиды да, тұз қабаты пайда болады.

«Балшық, ол табиғаттың тегін сыйы, адамдар оның көмегімен өзінің денсаулығын орнына келтіре алады» деген еken халық емшісі Иван Котов [3,4].

Балшықтың көмегімен барлық ауруларды емдеуге болады, тек ісік ауруларының IV – дәрежесінен басқа.

Балшық пен балдың қоспасынан жасалған дәрілер деңедегі зат алмасу процесінің бұзылуынан артық заттарды сорып алады, жансызданған жасушаны орнына келтіреді. Микроағзаларды өлтіреді, олардың улы қасиеттерін жояды. Ағза мүшелерінде пайда болған сары су көптеген еріген тұздарды сорып алады, қандағы темірдің азаюын орнына келтіреді, қан қысымы көтерілгенде, бас миы шайқалғанда мидағы қан қысымы өзгерісінде пайдаланылады. Сондай-ақ адамдар шаршағанда (стресс) шошынағанда(депрессия) пайдалынылады. Жазылмайтын тери ауруларында күйен жерлерді жазуда (күйік дәрежесіне қарай) сондай-ақ зоб ауруларына, құрт қояншық ауруларын емдеуде үлкен маңызы бар. Артрит, түрлі дәрежедегі полиартрит, острохандроз, жүйке жүйелерінің аурулары, жыныс жолдарының қабынуы кезінде оң нәтиже береді [5,6].

Бал арасы – гүлге қонуға жаны құмар жәндік. 1 кг бал жинау үшін бал арасына 19 млн гүлдерге қону керек. Гүлдердің нектарын жинау үшін ара сағатына 6,5 км. жылдамдықпен ұшады. Осында жылдамдықпен ұшқан бал арасы күніне 7 мың гүлді тозаңдандырады. Омарта таяу орналасқан жеміс бағымен мәдени өсімдіктердің жоғары өнім беретін себебі де осыған байланысты. Мәселен, омартаның қасына 600м. арақашықтықта отырғызылған алма ағашынан 252кг. өнім жиналған.

Бал арасының тіршілігін бақылағанда өте қызық, адам баласы байқай бермейтін ғажайыптарды көріп таң қалдым. Мысалы: күнбағыстың дәні орналасқан қалпақшасының іші араның ұшықтарына ұқсайды. Менің ойымша табиғаттағы тіршілік иелерінің арасында ұқсастық және байланыс бар сияқты. Күнбағыстың басы күн қай жакта тұрса, сол жаққа бұрылады.

Бал арасы гүлдің тозаңынан қорегін тапқанда ұсының алдына келіп билейді. Күннің шығып тұрған бағытына шеңбер жасап немесе вертикаль бағытта билейді. Шеңбер жасап билесе қорегі ұядан 80м. қашықтықта болады еken. Жұмысшы ара 1 күнде мындаған гүлдерге. Күн жарқырап шықса осындаі ұшуды 10 реттен қайталайды.

Араның балында ағзаға қажетті 60 – қа жуық зат болады. Олар : глюкоза, фруктоза, сахароза, малтоза, минералды заттар, ферменттер, тұрлі дәрумендер, макро және микроэлементтер, биологиялық активті заттар, радиоактивті заттар, антибиотиктер болады. Адам баласы бал арасымен өте ертеден бері шұғылданып келеді. Бал арасын және оның өнімдерін өз игіліктеріне жаратып отырды, бірақ ғылыми тұрғыдан көніл аударылмады. Ара балымен қатар оның өнімдері де кең түрде қолданылады.

Ара сүті. Арада «сүт»те болады. Ара сүті – жас араның жұтқыншақ безінен бөлініп шығатын зат. Әдетте әрбір ара жанұясында бұл «сүтпен» өзінің ұрықтарын және жұмыртқа салар кезде ұрғашы араларды қоректендіреді. Ара жанұялары бір қалыпты тіршілік етіп, дами бастаған жағдайда жас араларының алғашқы тіршілік ете бастаған төртінші – алтыншы күні мен екінші – он бесінші күннің аралығында ара «сүті» пайда бола бастайды. Ара «сүтін» алу үшін дәл осы сәтті пайдалану керек. Араның «сүті» дәрі. Ара сүтін ғалымдар «Апилак» дейді. «Апис» - латынша ара деген сөз, содан шыққан «апилак» ара сүті дегеннің баламасы. Апилак дәрісі таптырмайтын препарат. Қазіргі кезде дәрігерлер апилакты қауіпті жүрек ауруы, гипертония мен гипотония, туберкулез, бруцеллез, сондай – ақ іш ауруларына қарсы қолдана бастады. Апилактың адам жасартатын қасиеттері бар. Ендігі мақсат ара сүтін өндіріп, оны медициналық орындарға өткізу. Кейбір дәрілерге қарағанда, араның 14 жанұясынан 100-150 г. апилак «саууға» болады. Медицина ара сүтінің құрамында болатын негізгі заттардың мөлшері мың есе көбейтілген дәрі бар. Бұл дәрінің алифортыл деп атайды.

Балауыз. Халық шаруашылығында және тағам өнеркәсібінде кеңінен қолданылатын ара өнімдерінің бірі. Авиация, металлургия, радио және электротехника, суретөнері, медицина, фармацевтика т.б. Балауыздың құрамы өте күрделі органикалық қосылыштардан тұрады оған 300 – ге жуық зат кіреді.

Прополис. Химиялық құрамы өте күрделі. Оның құрамына 50 – 55 % өсімдік сағызы, 8 – 10% эфир майы, 30 % балауыз, 5 – 10 % микроэлементтер кіреді. Прополис микроағзаларды өлтіреді, ауруды басады, қабыну процесін жояды, т.б. көптеген емдік қасиеттерімен белгілі.

Ал балшықтың қасиетіне келетін болсақ зерттеп отырған балшықты 1 литр сүтке бірнеше күн қатарынан салып қойса, сүт ашымайтындығының күесі болдым, яғни балшықтың микроағзаларды жоятын қасиеті жоғары деуге болады.

Балшықты сондай – ақ бальзамдау ісіне де пайдаланады. Құрамында радий элементінің де аз мөлшері анықталған балшықтың ағзадағы ірінді жарапарға, ісік ауруларына қарсы тұратын өте күшті қасиеті анықталған. Сондықтан балшықты табиғи тазартқыш зат деп те атаған, сонымен қатар ауырған ағза мүшелерін ғана емес, сау жасушадағы түрлі улы заттардан тазартып, жасушаға қуат беруге көмектеседі.

Литий элементі бар балшық ішкі секреция бездерінің жұмысының бұзылуы кезінде, депрессия және алкогольді ішімдікке салынған адамдарға өте көп көмектеседі.

Табигат: аспан, жер, су бір – бірімен тығыз байланыста, бөлінбейтін біртұтас дүние. Табигатта өтіп жатқан процестер, өзгерістер барлығы да адамзат баласының пайдалануы үшін маңызы зор, адам баласын табигат өзі жаратқан болса, таза табиғи өнімдер де сырқат жандардың дертіне дауа, еміне шипа болады.

**Ара балы, бал** – жоғары калориялы диеталық тағам. Жұмысшы бал арасының гүлді өсімдіктердің шырынынан өндеп шығарған өнімі, қоймалжың, тәтті сүйік. Ара балы бір шырынды және көп шырынды болып бөлінеді. Бір шырынды бал – тек өсімдіктің бір түрінен ғана жиналған шырын. Оны өсімдіктің түріне (қарақұмық балы, жәке ағаштың балы, т.б.) қарай атайды. Көпшырынды бал – өсімдіктердің бірнеше түрінен жиналған шырын. Мұндай балды табиғи бал беретін өңірлерге байланысты (дала балы, тау балы, бақ балы, т.б.) әртүрлі атайды. Балдың химиялық

құрамы шырын жинаған өсімдіктердің түріне, топырағына, ауа райының жағдайына және балдың түрлеріне байланысты болып келеді. Ара балының сапасын негізінен хош иісі, дәмі, тұсі, тығыздығы, ылғалдылығы, қоректік және жабысқақтық қасиеттері арқылы ажыратылады. Бал –куаты жоғары тамақтық азық. Оның 1 кг-ы 3250 кал. қуат береді. Бал адам организмін витаминдермен, ақуызбен, ферменттермен, т.б. тіршілікке қажетті заттармен байытады. Сондай-ақ балды асқазан, бауыр, бүйрек, жүрек, өкпе, жүйке ауруларын емдеуге және сұық тигенде қолданады. Ара балын косметикада, дәрі жасау өндірісінде пайдаланады. Балды құрғақ, жақсы желдетілген бөлмеде 5°C-тан 10°C-қа дейінгі температурада сақтайды.

Ара балы жаз айларында үш рет шайқалады. Бірінші рет мамыр балы деп аталады, маусым айының ортасында, жаз балы шілде айында, күздік бал тамыз айының аяғында немесе қыркүйек айларының бастапқы он күндігінде жиналады. Осы 3 рет жиналған балдың табиғи қасиеттері арқылы зерттеу жұмысы жүргізілді.

### **Зерттеу жұмысы**

Балдың қасиеттері	Май балы	Жаздық балы	Күздік бал
Тұрі	Ашық сары тұсті	Сары тұсті	Қою сары тұсті
Консистенциясы	Сұйық	Қою	Қою
Иісі	Хош иісті	Өзіне тән иісі бар	Өзіне тән иісі бар
Дәмі	Тәтті дәмді қышқылтым	Тәтті қышқыл	Тәтті қышқылдығы басым

1. Тұрін анықтау I – кезеңдегі ашық сары тұсті себебі көктемгі өсімдіктердің гүлдерінің шырындарына байланысты, ал II – кезеңіндегі сары тұсті, III – кезеңіндегі қою сары тұсті болған себебі, өсімдіктер гүлдерінің шырынына байланысты деп ойлаймын.

2. Консистенцияны анықтау. Жаңа алынған балды қасықпен алып төгіп көру, бірінші кезеңдегі бал сұйықтау, бірақ қасықтан төгілген жоқ, ал II және III – кезеңіндегі бал қою, қасықты бұрағанда бірге алынады. Бұдан алынған балдың барлығы жетілген деп есептеуге болады, ал I – ші кезеңдегі балдың сұйықтау алынғандағы көктемгі жауын – шашынның әеріне, биылғы жылы көктемгі ауа – райына байланысты кешірек жналды. II және III – кезеңіндегі балдың қою болуының себебі жаз айларында жауын – шашынның аздығы болып табылады.

3. Иісін анықтау. Шыны стаканға 30 – 40 г балды салып, тығыз қақпақпен 10 минут екінші ыдыстағы ( $t^{\circ}$  - 45 - 50°C) жеткенде стаканды қоямыз. Біраздан кейін қақпақты ашқанда балдың иісін анықтауға болады.

4. Дәмін анықтау үшін алынған балды 30 – 36 ° С –ға дейін қыздырып барып анықталды, барлық кезеңдердегі балдың дәмі бірдей деп есептеуге болады, тек III – кезеңдегі балдың қышқылдылығы басымдау, оның себебі жаз ортасында гүлдеген өсімдіктер шырынына байланысты, әсіресе жусан және жоңышқа түрлері.

Бал мен балшықтың физикалық қасиеттерін зерттеу, химиялық құрамын анықтау, емдік қасиеттерінің аясының кең екендігіне көз жеткізу мақсатында жүргізілген ғылыми жұмыс қосымша материалдардың көмегімен төмендегідей қорытындылды:

Бал арасы – гүлге қонуға жаны құмар жәндік. 1 кг бал жинау үшін бал арасына 19 млн гүлдерге қону керек. Гүлдердің нектарын жинау үшін ара сағатына 6,5 км. жылдамдықпен ұшады. Осында жылдамдықпен ұшқан бал арасы күніне 7 мың гүлді тозандандырады. Омарта таяу орналасқан жеміс бағымен мәдени өсімдіктердің жоғары өнім беретін себебі де осыған байланысты. Мәселен, омартаның қасына 600м. арақашықтықта отырғызылған алма ағашынан 252кг. өнім жиналған.

Араның балында ағзаға қажетті 60 – қа жуық зат болады. Олар : глюкоза, фруктоза, сахароза, мальтоза, минералды заттар, ферменттер, түрлі дәрумендер, макро және микроэлементтер, биологиялық активті заттар, радиоактивті заттар, антибиотиктер болады. Адам баласы бал арасымен өте ертеден бері шұғылданып келеді. Бал арасын және оның өнімдерін өз игіліктеріне жаратып отырды, бірақ ғылыми түрғыдан көңіл аударылмады. Ара балымен қатар оның өнімдері де кең түрде қолданылады.

Ара сүті. Арада «сүт»те болады. Ара сүті – жас араның жұтқыншақ безінен бөлініп шығатын зат. Әдетте әрбір ара жанұясында бұл «сүтпен» өзінің ұрықтарын және жұмыртқа салар кезде үрғашы араларды қоректендіреді. Ара жанұялары бір қалыпты тіршілік етіп, дами бастаған жағдайда жас араларының алғашқы тіршілік ете бастаған төртінші – алтыншы күні мен екінші – он бесінші күннің аралығында ара «сүті» пайда бола бастайды. Ара «сүтін» алу үшін дәл осы сәтті пайдалану керек. Араның «сүті» дәрі. Ара сүтін ғалымдар «Апилак» дейді. «Апис» - латынша ара деген сөз, содан шыққан «апилак» ара сүті дегеннің баламасы. Апилак дәрісі таптырмайтын препарат. Қазіргі кезде дәрігерлер апилакты қауіпті жүрек ауруы, гипертония мен гипотония, туберкулез, бруцелез, сондай – ақ іш ауруларына қарсы қолдана бастады. Апилактың адам жасартатын қасиеттері бар. Ендігі мақсат ара сүтін өндіріп, оны медициналық орындарға өткізу. Кейбір дәрілерге қарағанда, араның 14 жанұясынан 100-150 г. апилак «саууға» болады. Медицина ара сүтінің құрамында болатын негізгі заттардың мөлшері мың есе көбейтілген дәрі бар. Бұл дәрінің алифортыл деп атайды.

Балауыз. Халық шаруашылығында және тағам өнеркәсібінде кеңінен қолданылатын ара өнімдерінің бірі. Авиация, metallurgия, радио және электротехника, суретнөнері, медицина, фармацевтика т.б. Балауыздың құрамы өте құрделі органикалық қосылыштардан тұрады оған 300 – ге жуық зат кіреді.

Прополис. Химиялық құрамы өте құрделі. Оның құрамына 50 – 55 % өсімдік сағызы, 8 – 10% эфир майы, 30 % балауыз, 5 – 10 % микроэлементтер кіреді. Прополис микроағзаларды өлтіреді, ауруды басады, қабыну процесін жояды, т.б. көптеген емдік қасиеттерімен белгілі.

Ал балшықтың қасиетіне келетін болсақ зерттең отырған балшықты 1 литр сүтке бірнеше күн қатарынан салып қойса, сүт ашымайды, яғни балшықтың микроағзаларды жоятын қасиеті жоғары деуге болады.

Балшықты сондай – ақ бальзамдау ісіне де пайдаланады. Құрамында радий элементінің де аз мөлшері анықталған балшықтың ағзадағы ірінді жараларға, ісік ауруларына қарсы тұратын өте күшті қасиеті анықталған. Сондықтан балшықты табиғи тазартқыш зат деп те атаған, сонымен қатар ауырған ағза мушелерін ғана емес, сау жасушадағы түрлі улы заттардан тазартып, жасушаға қуат беруге көмектеседі.

Литий элементі бар балшық ішкі секреция бездерінің жұмысының бұзылуы кезінде, депрессия және алкогольді ішімдікке салынған адамдарға өте көп көмектеседі.

Табигат: аспан, жер, су бір – бірімен тығыз байланыста, бөлінбейтін біртұтас дүние. Табигатта өтіп жатқан процестер, өзгерістер барлығы да адамзат баласының пайдалануы үшін маңызы зор, адам баласын табигат өзі жаратқан болса, таза табиғи өнімдер де сырқат жандардың дертіне дауа, еміне шипа болады. Жазылмайтын тери ауруларын, күйген жерлерді жазуда, пайдалануға болатындығын, оның құрамындағы

күкірттің және күкіртті сутектің болуынан деген қорытынды жасадым. Себебі күкірттің дезинфекциялығыш қасиеті бар. Соңдай-ақ батпақтың микроағзаларды өлтіріп, оның улы қасиеттерін жоютынын зерттең отырған балшықты 1 литр сүтке бірнеше күн қатарынан салып қойғанда сүттің ашылмағанын байқадым.

Бұдан шығатын қорытынды: балшықтың микроағзаларды жоютын қасиеті жоғары деуге болады.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. А.Алдашев, Ж.Әлімханова. Қазақтың халық медицинасының құпиясы Алматы «Қазақстан» 1992ж.
2. Табиғат – ел байлығы «Қайнар» баспасы, 1979ж.
3. Қ.Сағатов. Өсімдіктер физиологиясы Алматы 1996ж.
4. «Химия мектебі» журналы № 1 2003ж Химия және медицина
5. Қ.Қайымов. «Қызықты зоология»
6. Б.Сергеев. «Қызықты физиология»

## **ЮРИСПРУДЕНЦИЯ**

ӘОЖ 34 (37)

## РИМ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ТАБЕЛЛИОНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Амирова Б.К.

*I. Жансүгіров атындағы Жемісіу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
botaa\_1981@mail.ru*

Бұл мақалада нотариат институтының даму тарихы мен рим империясы кезіндегі табеллиондардың құқықтық жағдайы қарастырылған. Сондай-ақ, нотариустардың қазіргі таңдағы құқықтық мәртебесі мен ежелгі Рим мемлекеті кезіндегі дәрежесі сараланған. Мақалада нотариус қызметінің құқықтық мемлекет орнатудағы маңызы туралы да сөз қозғалған.

В данной статье рассматривается история развития нотариального института во время Римской империи. А также анализировано правовой статус нотариусов во время Римской империи и в наши дни. В статье упоминается о значимости нотариальной деятельности в становление правового государства.

This article discusses the history of the notarial institution during the Roman Empire. And to analyze the legal status of notaries in the Roman Empire and today. The article mentions the importance of notarial activities in the establishment of the rule of law.

Түйін сөздер: нотариус, нотариат, табеллион, писарь,nota, маклер, дъяк, нутарий, претор.

Ал «нотариус» сөзі орыс тілінде I Петр заманында, қоғамда шетелдік сөздерге деген қызығушылық артып, орыс тіліндегі сөздердің шетелдік баламалары қолданысқа енгізіле бастаған шақта пайда болды. Сондай-ақ нотариат қызметін орыс тіліне аударғанда өзінің толық мағынасын аша алмайтын, өйткені, «дъяк» сөзі бүйрек беру жүйесінің ескіруне орай көнеленсе, «писарь» сөзі жаңа қызметтің функциясын толық аша алмады. Бұл кезеңде қолданысқа нотариус және нотариаттық немесе нотарий деген екі сөз бірақ енгізілді.

1720 жылғы Генералдық регламент мәтінінде нотариаттық және нотариус бір мағынаны білдірген. Михельсон және Даля енбектеріне қарасақ, «Нотарий» нысаны XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылған. XVII ғасырдың басында бірқатар еуропалық мемлекеттерде нотариус сөзі қолданыла бастады. Кейбір этимологтар нотариус сөзін неміс тілінен алынған десе, М.Фасмер, п. Черных сияқты авторлар ең алғашқы қайнары латын тілі деуде. Ежелгі орыс тілінде де «нутарий» (нутарь, нотарь) сөзі болған, ол орта ғасырдағы ежелгі грек тілідегі «нотариос» сөзінен бастау алған, бірақ ол сөздің өзі латын тіліндегі «notarise» сөзінен шыққан. Сонымен, «нотариус» сөзі, 1866 жылы алқалық окружных сотта нотариаттық бөлімді ресми бекіткеннен кейін кең қолданысқа енгізілді. В. Дальдің сөздігінде нотариус және нотарий сөздерін «nota» бөліміне енгізіп: нотарий (нотариус) – «көпестерге қызмет көрсететін маклер сияқты, адамдардың арасындағы мәмілелерді және басқа да міндеттерді, шарттарды куәландаратын алқалық чиновник» деп анықтама берген [1,247].

Рим құқығы «Жазылып қойған сана» ежелден жазбалы құқық болып табылады, ал латындарда жазбаша дәлелдемелер басты орында болған. Сондықтан, азаматтық қорғаныстың құқықтық бөлігі ең алдымен құқықтық актілердің жазбаша нысанда болуын көздейді. Сол кезде құқықтық қатынас сахнасына «писарь» шыққан. Мұліктік қатынастың дамуымен «писарь» кәсібіне сұраныс үлғая түсті. Ежелгі Римдегі нотариаттық табеллионның алғашқылары писарлар болған. Олардың қызметіне әр түрлі жолдаулар, ұсыныстар құрастыру ғана емес, содай-ақ әр түрлі шарттарды да құрған.

Писарлардың екі түрі болған: бірі – «scribae» мемлекеттік қызмет атқарушылар және «exceptores et notarii» жеке тұлғалардың қарамағандағылар.

Мемлекеттік қызмет атқарушыларды өмір бойына магистр сайлаған және азаматтық ар-оқжданнан айырылмаған рим азаматтары болған. Олар жария құжаттарды дайындаған, қоғамдық кордың есебін жүргізген, осы құжаттардың көшірмесін жасап берген, сондай-ақ магистрдің өкімдері мен декреттерін жасап, оларды сактаған. Преторлық сот процесінде сот журналын жүргізген.

Жеке тұлғалардың қарамағандағылар жалдамалы жұмысшылар, еркіндікке жіберілгендер, құлдар болған. Олар өз қожайындарының жазба жұмысын жүргізген. Бірақ «писарлар» зангер болмаған.

Римде үшінші түрі, құқықтық құжаттарды және материалдарды жазатын азаматтардың ерекше санаты – табеллиондар болған. Олар мемлекеттік қызмет атқарушылардың да жеке тұлғалардың қарамағандағылардың да құрамында болмаған, еркін адамдар болған. Табеллиондар мемлекет бақылауында, өтемақыға өтініш берген азаматтарға құқықтық құжат, сот қағаздарын жазып берумен айналысқан. Өз функцияларын олар тек кенседе атқарған. Актілер папиrustың мөрлі қағазында жазылып, тараپтар мен күөлар қол қойып, табеллион өз қолымен куәланырған кейін мөрленген. Табеллион жасаған құжатқа құқықтық акт сипатын беру үшін, оны сот хаттамасына енгізу қажет болған, бұл процесс актінің шынайылығына күмән келтіруге және бұл құжатқа байланысты дау тудыруға мүмкіндік бермеген.

Табеллиондар құқықтық білімі бар рим азаматтары, олар табеллион корпорациясына мүшеліке қабылдануға, қаланың префект қызметіне бекітілуге құқықтары болған. Сонымен табеллиондар нотариаттың негізгі қайнары болып табылады [2].

Әлемдік тәжірибе жеке практикамен айналысатын нотариустар азаматтар мен заңды тұлғалардың заңды мұдделерін мен құқықтарын қорғауды төуелсіз және белгілі бір мұддесіз қағидасына негізделген институт құруға мүмкіндігі барлығын дәлелдеп отыр.

Мемлекеттің нотариустың азаматтық қоғамдағы ерекше әлеуметтік және құқықтық мәртебесін тануы тек тұрмыстық деңгейде ғана қажет болмай, нотариус туралы қолданыстағы заңнамаға сапалы баға беруде және деңгейіне талдау жасауда да әдістемелік негіз болар еді. Және оның ары қарай дамуы тенденциясын бағалауда да, бүкіл әлемдік құқықтық кеңістікке бірігу деңгейіне де қолданылар еді.

Жария билікті өкілеттіке ие, бірақ мемлекеттік органдар жүйесіне кірмейтін, алдын ала сот әділдігінің функциясын атқаратын, бірақ сот билігі тармағы мен әкімшілік биліктен ұйымдық, материалдық жағынан ерекшеленетін, жеке тәжірибемен айналысатын, бірақ кәсіпкер болмайтын нотариустың әлеуметтік мәртебесінің ерекшеліктері заңмен айқын белгіленуді талап етеді. Нотариаттың атқару билігімен, сот билігімен нотариустардың дербестігінің заңды кепілдігін құрудағы өзара іс әрекеттері олардың қызметіне қатысты кез келген әкімшілік кедергілерді жояды.

Оның екі жақтылығы бір жағынан мемлекеттің өкілетті органы ретінде танытса, екінші жағынан азаматтарға заң қызметін көрсететін, олардың мұддесін қорғайтын дербес кәсіп өкілі ретінде танылуынан нотариустың тәжірибеде ерекше құқықтық реттеуді талап ететін қоғамдағы жария және жеке мұдделердің тереңдеңдігін қамтамасыз ететінін көруге болады.

Халықтың географиялық қозғалысының өзектілігі Қазақстандық нотариалдық құжаттардың басқа мемлекеттердің аумағында ерекше дәлелдемелік мәртебе беру мәселесі нотариус мәртебесі туралы заңнаманы халықаралық құқықтық қағидалар мен нотариат туралы нормаларды ескере отырып унификациялауды қажет етеді.

Әлеуметтік мәртебесінің барлық ерекшеліктерін ең алдымен мемлекеттің құқықтық саясатының концептуалды құжаттарында ең маңызды бағыты ретінде

көрсету керек. Қазіргі кезде құқықтық саясат концепциясында нотариат туралы заңнаманың қалыптасу мәселесі заң шығарушылардың назарынан тыс қалып отыр және ол әдеттегідей нотариат туралы заңнамаға азаматтық құқықтың институты ретінде ғана қарауымен түсіндірледі.

Нотариаттың бұлжымас функцияларынан ескере отырып, азаматтық құқықтық қатынастарды дұрыс құру арқылы, нәтижесінде жария құжаттар болып сипатталатын құжаттар беруге тиіс тәсілмен болуы мүмкін даулардың алдын алуға бағытталатынын тану керек.

Концептуалдық ережеге негізгі идея – нотариусты «кеңесші және сенім білдірілген тұлға» ретінде, яғни адамдар арасындағы қарым қатынасты заңды түрде дұры, әділ қалыптастыратын, қоғамдық сенімді тұлға болатынын қосу керек.

Келесі мәселе нотариустың мөріндегі нышандардың бейнеленуі. Бір жағынан, нотариустар жеке тәжірибе етуші зангерлер, яғни, бұл жағдайда олардың мәртебелері жеке адвокаттарға ұқсас. Ал екінші жағынан, нотариустар – мемлекет заци маңызы бар әрекеттер жасауға өкілеттік берген тұлғалар, ал олардың құжаттары (егер дау тумаса) барлық мемлекеттік, жеке салаларда, ел ішінде және шет елде де қабылданады.

Мемлекеттік нышандар жеке тәжірибе етуші тұлғалардың құжаттарында болма керек дегенге қарсылығын құқықтанушылар «құқықтық компромисс» арқылы шешуге тырысады. Мысалы, теңіз кемесі қайсыбір мемлекеттікі ме, жоқ әлде жеке меншікте ме, оның «ұлттық заңы» бәрібір мемлекеттік нышандарды қолдану арқылы анықталады. Немесе бітімгершілікті басқа бағытта іздеу нотариалдық қауымдастықпен ғана емес, мемлекеттік органдар мен ғалымдардың бірлесуімен шешіледі.

Құқық қолдану қатынас субъектілерінің арасындағы нотариустың рөлі. Басқа органдар арасында нотариустың орнын анықтау кәсібіне байланысты оның ерекше мәртебесіне негізделеді және басқа заци кәсіптірдің ішінде ерекше орын алады.

Нотариустың құқықтық жүйедегі орны мен рөлі құқықтық қауіпсіздіктің кепілі ретінде анықталуы тиіс. Азаматтық актілердің жарамдылығын анықтайтын нотариалды құжаттар жобасындағы негізгі шарттар ғана емес, заңмен көрсетіле бермейтін факультативті шарттар да азаматтар мен ұйымдар үшін заңдық қауіпсіздікті және нотариалды актілердің тұрақтылығына қосымша кепілдік береді.

Қызметін толыққанды атқаратын нотариат – ол азаматтық айналымдағы қалыптасатын құқықтық қатынастың тұрақтылығының кепілі және адаптациясында құжаттары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Тек нотариат қана сотқа даусыз істер бойынша шешім шығаруда көмектесе алады.

Қызметін нәтижелі жасайтын нотариат – ол нотариусқа кәсіби қызметін жасауда тәуелсіздік пен еркіндік беретін және нотариалды кәсіп өкілдерінің, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің тәндігінің сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық мемлекеттің тұлғасы.

Нотариус кәсібінің жариялышы ғасырлар бойы қалыптасқан жазылған және жазылмаған ережелерге бағынуын міндеттейді. Нотариат актілері болса құқықтық жағынан қорғалуы керек, әсіресе құқықтық емес, техникалық жағынан дұрыс болмауы соттың жарамсыз деп тануына негіз болмау керек [3].

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде көрсетілгендей мәні бойынша дұрыс шешім формальді негіз бойынша жойылмау керек. Ал нотариус та, оның құжаты да ондай қорғауға ие емес, ал бұл адаптация мен өз мақсаттарына жетууге мүмкіндік тудырады және соттың араласуына әкеледі.

Нотариалды құжаттарды мұрағаттандыру мәселесі. Бұл мәселе заңға тәуелді нормативті актілермен жан жақты реттелген. Бірақ, құжаттарды мұрағаттандыруға бақылау жасауда, қызметін тоқтатқан тұлғаның нотариалдық мұрағатын тапсыру кезінде және т.б. бірқатар сұрақтар туындаиды.

Нотариус мұрағаты – онсыз кез келген нотариустың жұмысын объективті түрде бағалауға болмайтын зәни маңызы бар құжаттар жиынтығы. Нотариус мұрағатының проблемалық сұраптарын шешу үшін нотариустар өздері жұмыстары және нәтижелері бүгінгі күн тұрғысынан бағаланатынын, тіпті бірнеше ондаған жылдардан соң қаралатынын ескерулері керек.

Нотариустың дербестігі және тәуелсіздігі оған желеу емес. Нотариус жұмысының бұл маңызды принципі оның мұрағатына бүгін ісі түсетін және көптеген жылдардан кейін істері түсетін халық алдындағы жауапкершілігін көздейді. Бұл архив қандай болады, жалпы қандай жағдайда болады – бұл бүгінгі күннің мәселесі. Соңдай үлкен сұрапты кейінге қалдыра салу бүгін енді мүмкін емес. Уақытты жоғалту жағдайды қыннатып жіберуі мүмкін, ал жағдайды бақылап отырған мемлекеттік органдар жеке нотариустарда құжаттарды мұрағаттандыру мәселесі қаншалықта деңгейде алға қойылғаны жайлы сұрақ қоюлары мүмкін.

Мемлекет нотариустарға «еркіндік» беріп, жеке нотариустардың өз бетінше қызмет жасауға құқықтарын танып, кардинальді қадаға бет бүрді. Егер бұл кардинальді қадам жасалынса және барлық жетіспеушілктерде аз пайда әкелмесе, енді келесі қадам – жеке нотариустардың мұрағаттарының құрылу және қызмет ету ережелерін нормативті түрде реттеу керек.

Нотариалды құжаттарды адвокаттардың отбасылық мұрағат пен жеке коллекция бола алатын деректерімен салыстыруға болмайды. Нотариус қызметінің өзі, нотариалды әрекеттердің мәні оның күші мен маңыздылығын сипаттайды. Оларды онсыз ешқандай мемлекет өмір сүре алмайтын сот мұрағатымен теңестіруге болады, ал сот мұрағатының сақталуы туралы нормативті ережелер тікелей оған деген мемлекеттің қатынасын көрсетеді. Қазір отандық нотариаттың әрі қарай даму жолдарын анықтауда нотариус мұрағаты туралы мәселе ең маңызды, онсыз одан әрі нотариустың жақсы жұмыс істеуі мүмкін емес.

Нотариус қызметінің маңызды бағыттары қазіргі жағдайда, әсіресе нотариус қызметін реттейтін заңнаманы реформалау кезінде нотариустар өздері құқықшығармашылық процеске қатысулары керек [4].

Жеке нотариустардың кезекті съездерінде нотариус қызметінің нормативті реттелуінің көзіргі жағдайының проблемалық жақтарын қамтыған және болашағы бар бағдарламалық құжаттар қабылдануда. Бағдарламалық құжаттарды сатылы түрде жүзеге асыру оған көзіргі кездегі мәселелердің енгізілуін қамтамасыз ету керек. Бүгінгі күнгі ең маңызды мәселе нотариус қауымдастырын корпоратив ішілік үйымдастырудың мәселелерге қатысты және жария мүдделердің сақталу мәселесінде мемлекеттік органдармен үйлесімдік қатынаста мемлекеттің араласуына шектеу қою.

Бұл мақсатта бақылау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен нотариалды қауымдастық арасында серіктесік пен сенімділік қатынастарын құру керек, мүдделер қайшылығын конфликтсіз, өркениетті түрде шешу жолдарын қарастыру керек.

Қазіргі азаматтық айналымдағы шартты процессте нотариустар материалдық құқықтық қатынастарды заңды түрде толтыру мәселесінде «заң шығарушы» болу керек. Тек сәйкес біліктілігі мен тәжірибесі бар нотариус қана шарттық қатынастарда заңда көрсетілмеген, бірақ рұқсат етілген ережелер енгізу арқылы азаматтық құқықтық қатынас қатысушыларының әрекеттерінің шегі кенейте алады.

Қолданыстағы нормативтік актілерде көзделген нотариус мәртебесі оның құқықтық мемлекеттегі рөліне сәйкес келу керек. Бұл негізгі сұрақ шешілмейінше, отандық нотариаттың әрі қарай дамуы мүмкін емес. Нотариустардың өзері де заң жобалары мен заңға тәуелді актілерді дайындауда ат салысулары керек.

Нотариустардың кәсіби деңгейлерінің сапалы өсуі және нотариалды қызметпен айналысуға тілек білдірге тұлғаларды білікті түрде таңдау – бұл

маныздылығы қазіргі жағдаймен басқарылатын сала. Халықаралық қатынас құралдары мен белгілі мелекеттердің заңдарындағы өзнерістермен хабардар болып отыру арқылы кәсіби және ұйымдастырушылық тәжірибе алмасу керек.

«Теменнен» құру, яғни заңнаманы өзгерту және толықтыру туралы құнделікті тәжірибеден түскен ұсыныстар алыс, жақын шет елдердің нотариалдық қауымдастықтарымен қатынастарды сапалы деңгейге көтеруге көмектеседі. Бұл нотариус қызметін ұйымдастыру, нотариалды құжаттарды өзара тану мәселесі бойынша заңдарға унификация жасауға қолайлы жағдай туғызады.

Нотариустар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы дербес ережелерді аймақтық деңгейда жасау ақпараттық қамтамасыз ету, нотариусты құқықтық қорғау және нотариалды құжаттарды техникалық қорғауға байланысты ережелері бар жалпы корпоротив ішлік құжат жасау және қабылдауда өз үлесін қосу керек.

Нотариус статусының нормативті реттелуіндегі мәселелердің бірі нотариустың өз атынан емес, мемлекет атынан іс әрекет жасайтының реттейтін нормалар кешені, яғни нотариаттың жария құқықтық институт ретінде танылмауы болып отыр. Аталған мәселе Конституциямызда жазылғандай, мелекеттік емес салалардың мелекет атынан іс әрекет жасауына және мемлекеттік нышандарды пайдалануына тыйым салуынан туындалған. Соңдықтан аталған құқықтық мәселені тек қана нотариалдық қауымдастықпен шеуге болмайды.

Қайшылықтар нотариалдық қызметті жүзеге асырғанда болатын ұқсас қатынастарды реттейтін нормативті актілердің иерархиялық жағдайында байқалады [1,158].

Жалпы нотариат және нотариалдық процедураларды реттейтін заңнаманың көп бөлігін нотариалдық қауымдастық өкілдерінің объективті себеппен қатысуының жасалатын заңға тәуелді актілер құрайды. Оларды жасайтын және қабылдайтын мемлекеттік органдар өз өкілеттіктерін бөлісуге заңды түрде міндетті емес. Соған байланысты өзгерту енгізуге байланысты сұрақтар күнделікті тәжірибе нәтижесіне сүйенетін нотариалдық қауымдастықтың пікірінсіз шешіледі.

Қазақстанда нотариалдық қызметке байланысты негіз бола алтын атқарылған жұмыстар жоқ. Егер жеке ғылыми жұмыстар нотариус мәртебесіне және кәсіби қызметіне байланысты болса, олар тек бер жағын ғана қамтиды, авторлар нотариус қызметінің жеке бағыттарын зерттегендеге проблемалық жақтарына теренірек үнілмейді.

Бұл бір жылда құралған мәселе емес, өзінің теріс жақтарын халықтың негізгі бөлігінің, тіпті заңгерлердің нотариустардың қосалқы ролі туралы қате пікірлері де құрады.

Ал қазіргі жағдай бүкіл заң қауымдастығының өкілдерінің арасында қызықты диалогта өтетін және нотариаттың жаңа құқықтық мемлекеттегі тиісті рөлін танитын сапалы өзгерістерді талап етеді.

«Дауласқысы келгендер соттан өтеді, дауласқысы келмегендер нотариустан өтеді»-деген сөздің әділдігін тану нотариус қатысуымен құрылатын құқықтық қатынастардың нормативті реттелуінің бастапқы нұктесі болуға тиіс. Практикада нотариустар өздерінің кәсіби біліктілігінің жетіспеушілігінен, өздерінің тікелей міндеттерін орындағанынан және басқа да себептер бойынша өздер даудың туындауына себеп болған жағдайлар болды.

Көптеген жылдар бойы нотариат кеңестік мемлекеттік органдар жүйесінің бөлігінде болды. Олар нақты жазылған функцияларды орындағы. Ал, бұл салада жұмыс істеушілер белгілі бір құқықтық, әлеуметтік кепілдіктерге не болды, ең бастысы мемлекеттің қорғауында болды.

Алғашында жеке нотариус жеке адвокатурамен байланыстырылды, сондай ақ нотариустар жеке кәсіпкерлердің мәртебесін иеленді, көбісіне бизнестің бір түрі ретінде көрінді. Нотариустың жұмысы үшін алатын ақы туралы әр түрлі пікірлер,

тарифтік саласының реттелмеуі туралы тіпті көзіргі кезде де зангерлер бірынғай позицияға келген жок. Қазір нотариустың көрсететін қызметіне төленетін ақы жөнінде құқықтық жағынан түсіндіруге талпыныс жасалып жатыр, бірақ бұл мәселе түбегейлі шешімін таптай түр [5].

Нотариат туралы бизнестің бір түрі деген кате пікір соңғы жылдары нотариустардың өздерінде де бұл жауапты жұмысқа қатысты орын алыш отыр. Сонымен қатар, кейбір адамдар нотариустардың психологиясына кәсіби нотариалды қызметке қатысты ғана емес, зиянын тигізетін кәсіпкерлік ойларды құйған. Нотариустар өз күштерін дербестікке бағыттап, заң шығарушылық қызметке белсене қатысадан қалыс қалып қалды.

Қазіргі таңда мемлекет Фемиданың осы қызмет санатындағы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын, мәртебесін, кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында, нотариат саласына қатысты заңнамаларды жетілдіруді өзіне міндет етіп отыр. Судьялар шартты қолданылуын қамтамасыз етсе, нотариустар шарттың дұрыс жасалуын қамтамасыз етеді. Сол себепті құқықтық доктринада нотариустарды «құқықтық әлемді қалыптастыруши соттар» деп атайды.

2003 жылы 5 мамырда «Нотариат туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылданды. Заң нотариаттың қызмет кәсіпкерлік қызмет емес және мақсаты пайда табу емес деп бекітті. Сонымен нотариат – жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғаудағы жария-құқықтық институт ретінде анықталады. Нотариатқа деген бұл қатынас әлемдік тәжрибеге сай дұрыс көзқарас, себебі, көптеген дамыған мемлекеттерде нотариат жүйесі қоғам үшін сот органдарымен бір қатарда азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауға арналған құқықтық инстанция ретінде танылады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Репин С.В. Настольная книга нотариуса. – М: Юридическая литература, 1994. - 410 с.
2. Козырин А.Н. Правовые основы совершения нотариальных действий // Бухгалтерский учет. - 1999. - № 2. - С. 47-56
3. Ахметова Г. Частный нотариус нуждается в защите // Мир закона. - 2006. - № 2. - С. 30-31
4. Смағұлқызы Т. Нотариус қызметінің жауапкершілігі // Заң және заман. - 2001. - № 5. - Б.111-113
5. Мекенбайұлы Ш. Жеке нотариустардың жауапкершілігі // Заң газеті. - 2007. - № 26. - Б. 3-6

**УДК 342**

## **ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА КАК ОБЪЕКТ НАУЧНОГО ПОЗНАНИЯ**

**Ергозова Ж.Д., Нұрбек Д.Т**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
zhannusik88@mail.ru*

Аталған мақалада ғылыми тану объектісі ретінде құқықтық мәдениетінің мәселелері қарастырылады. Соңдай-ақ жалпы құқықтық мәдениеттін даму деңгейі жайында талдау

This article are considered problems of law culture such object of scientific cognition.

Правовая культура включает в себя самые высокие ценности, созданные человечеством в его историческом развитии. В этом отношении исключительное значение имеет бесценное наследство, содержащееся в римском праве. Такие понятия как «естественное право», понятие «святости договоров», понятие «вины» как условия юридической ответственности и т.д вошли в общую культуру человечества. Большое значение в формировании общих принципов правовой культуры сыграли политические и правовые учения великих просветителей XVII, XVIII, XIX веков (Монтескье, Жан-Жак Руссо, Вольтера), положения которых вошли в первые декларации в конституции буржуазных революций в США, Франции, Англии и других стран. Поскольку эти просветители и деятели буржуазных революций в борьбе против феодально-абсолютистского произвола выступали от имени всего народа, за общечеловеческие идеалы их учения сохранили актуальность и поныне. К ним относятся положения теории разделения властей, равенство граждан перед законом, учение о естественном праве как праве равных по природе людей, о неотчуждаемости естественных прав человека и др. Так, во французской «Декларации прав человека и гражданина» 1789 года провозглашается: «Люди рождаются и остаются свободными и равными в правах», «Свобода состоит в возможности делать все, что неносит вреда другое»: «Закон может воспрещать лишь действия, вредные для общества. Все же, что не воспрещено законом, то дозволено, и никто не может быть принужден к действию, не предписываемому законом» [1].

Общие правовые принципы, которые когда-то отождествлялись с классовыми интересами буржуазии сейчас, впитав общечеловеческое содержание, становятся основой современной правовой культуры. Признание примата общечеловеческих ценностей над классовыми означает приведение всей правовой системы, всего казахстанского законодательства в соответствие с международно-правовыми документами, главными из них являются «Всеобщая декларация прав человека» от 10 декабря 1948г. «Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах» от 19 декабря 1966г. «Международный пакт о гражданских правах» от 19 декабря 1966г. [2].

Определение правовой культуры как качественной характеристики жизни общества позволяет сблизить ее с правовым прогрессом и показать ее в динамике развития. Если сущностью общественного прогресса является становление свободы, то правовая культура характеризует степень свободы общества, его определенное состояние, основные права и свободы личности, ее правовое положение в обществе, а также степень свободы личности в единстве ответственности ее перед обществом. Подлинный прогресс в развитии правовой культуры сопровождается закономерным расширением демократии и свободы. Право представляет собой не только средство подчинения людей условиям производства, но и способ обеспечения их самодеятельности, т. е. историски возможных масштабов свободы, диктуемых объективными потребностями общественного прогресса, характером общественных отношений и социальной природы человека. Следует согласиться с Л.М. Вайсбергом, который утверждает, что из всех форм культуры своей устойчивостью классовое общество в наибольшей мере обязано праву [3]. Благодаря соединению в праве черт всеобщности, нормативности, формальной определенности оно обретает ту силу, какой нет в других созданных культурах явлениях, и вносит в общественную жизнь «организованность и порядок, основанные на началах социальной свободы, активности, ответственности» [4]. Необходимо понимание права как социальной, культурной, исторической, общечеловеческой ценности.

В современный период, в условиях становления правового государства право официально признает инициативу и активность человека, его самостоятельность, свободу выбора и действий сложившимся обстоятельствам, вытекающего из следующего юридического правила: все, что прямо не запрещено правом, разрешено. Тем самым право обеспечивает развитие личности, способствует удовлетворению потребностей и интересов

индивидуов в том качестве и объеме, которые предопределены, в конечном счете, господствующими производственными отношениями.

Степень свободы человека зависит от того, в какой мере, общество представляет ему демократические условия, возможность и право пользоваться достижениями, благами и ценностями этого общества. Объективным, социально-историческим обусловленным пределом для максимальной величины легализуемой меры свободы является пограничный критерий общественно-вредного, чего право в целом должно ограждать и защищать общественную жизнь. Этот максимальный предел, признающий и легитимирующий все общественно-невредное, очерчивается правовыми запретами [5]. Объем человеческой свободы служит мерой общественного прогресса и представляет собой интегральный показатель правовой культуры общества.

Применение аксиологического метода в рассмотрению правовой культуры позволяет выделить следующие главные элементы.

1. Уровень развития правового сознания населения. Правовая культура общества зависит, прежде всего, от уровня развития правового сознания населения, т.е. от того, насколько глубоко освоены им такие правовые феномены, как ценность прав и свобод человека, ценность правовой процедуры при решении споров, поиск компромиссов и т.д., насколько информировано в правовом отношении население, его социальные, возрастные, профессиональные и иные группы, каково эмоциональное отношение населения к закону, суду, различным правоохранительным органам, юридическим средствам и процедурам, какова установка граждан на соблюдение (несоблюдение) правовых предписаний и т.д.

2. Уровень развития правовой деятельности в виде реальной правовой действительности, в правовом поведении. Здесь отметим теоретическую деятельность в виде деятельности ученых-юристов, образовательную - в виде деятельности студентов и слушателей юридических школ, вузов и т.д. и практическую - в виде правотворческой и право реализующей, в том числе правоприменительной, деятельности.

В правовом государстве правовая культура общества во многом зависит от уровня развития и качества правотворческой деятельности по созданию законодательной основы жизни общества. Правотворчеством должны заниматься компетентные лица с соблюдением демократических и собственно юридических процедур и принципов.

Одной из значительных проблем в теории правовой культуры является формирование правовой культуры правоприменителя, т.е. качество властной деятельности государственных органов, осуществляющих индивидуальное регулирование общественных отношений на основе закона с целью его реализации. Качество правоприменительной деятельности зависит от многих факторов как институционального (структура государственного аппарата, порядок взаимоотношений его органов), так и иного характера (профессионализм, культура правоприменителя и др.).

Говоря, например, об устройстве государственного аппарата вообще и правоохранительных органов, в частности, нужно подчеркнуть необходимость совершенствования структуры и порядка подчиненности органов следствия, повышения авторитета суда, укрепления гарантий его независимости и т.д. Требуется также внедрение новых принципов деятельности правоохранительных органов (отказ от обвинительного уклона, обеспечение приоритета прав и свобод человека и т.д.) кардинальное возвышение третьей ветви власти в Казахстане-правосудия. Правовая культура общества во многом определяется реальным правовым поведением граждан, деятельностью их по реализации права, тем, насколько они знают и своевременно исполняют свои обязанности (например, по заполнению налоговой декларации о совокупном годовом доходе), соблюдают запреты и насколько полноценно используют свои права.

3. Уровень развития всей системы юридических актов, т.е. текстов документов, в которых выражается и закрепляется право данного общества. Наиболее важное значение для оценки правовой культуры общества имеет система законодательства, основой которой

является конституция государства, важен в целом и уровень развития вообще всей системы нормативно-правовых актов, начиная от законов, актов центральных исполнительных органов власти и кончая актами местных органов власти и управления. Любой юридический акт должен общественном сознании представлениям о справедливости, равенстве и свободе. Закон должен быть совершенным и с точки зрения его формы: быть непротиворечивым, по возможности кратким и обязательно ясным и понятным для населения, содержать определения основных терминов и понятий, быть опубликованным в доступном для населения источнике и т.д. О качестве закона свидетельствует и содержащийся в нем самом механизм реализации институциональный, организационный, процедурный, финансово-экономический и др) Отметим также в качестве проблемы в теории правовой культуры вопросы юридической техники в процессе создания нормативно-правовых актов.

При определении качества правовой культуры общества должно учитываться и состояние индивидуальных правовых актов-документов: правоприменительных (решения и приговоры судов, постановления следователей, акты прокуроров, документы в административно-управленческой сфере и т.д) и правореализационных (договоры в хозяйственном обороте и т.д).

На основании анализа указанных правовых актов, а также иных текстов правового характера (например, научных и публицистических текстов на правовые темы) можно сделать вывод об уровне развития не только правовой культуры общества, но и его культуры в целом. Ведь по дошедшем до нас памятникам права и иным правовым документам историки восстанавливают и атмосферу правовой жизни общества, и особенности того или иного уклада хозяйственной жизни, того или иного строя общественных отношений. В правовых актах находит официальное закрепление форм собственности на орудия и средства производства, отражается факт наличия в руках какого-либо класса, социальной группы экономической и политической власти, структура государственного аппарата, правовое положение личности в обществе, уровень защищенности прав и свобод человека.

Выделение структурных элементов правовой культуры достаточно условно, так как нет правовой деятельности, осуществляющейся отдельно от правового сознания, а правосознание может проявиться лишь в правовой деятельности и ее результатах-правовых актах. Наконец, все составные части правовой культуры не могут существовать без своего носителя-субъекта-человека, группы людей, населения в целом. Правовая культура общества зависит от уровня правового развития различных социальных и профессиональных групп, а также от уровня развития отдельных индивидов. В этом аспекте нужно выделять *правовую культуру населения в целом, групповую правовую культуру и правовую культуру личности, человека*. В последнем случае также надо учитывать уровень правовых знаний данного индивида и отношение его к правовой ценности, к закону, уровень правовых установки на соблюдение юридических предписаний. О правовой культуре личности можно судить о ее поведению в правовой сфере, т.е. использовать те же признаки и критерии правовой культуры (уровень развития правового сознания, правовой деятельности и др), но только на индивидуальном уровне.

Таким образом, в теории права можно выделить специальный объект исследования- правовую культуру и рассмотреть ее с точки зрения ценностного подхода.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран / Под ред. З.М. Черниловского. – М. Юридическая литература, 1994. – С.208-209.
2. Международное право в документах. Сост. Н.Т. Блатова. - М. Юридическая литература, 1982. – С.302-335.

3. Вайеберг Л.М. Принципы конкретности в изучении социальной патологии / Диалектика и этика. Под ред. Ж.М. Абдильдина и Л.М. Архангельского. Алма-Ата: Наука, 1983 – С. 53-54.

4. Алексеев С.С. Общая теория права. В 2-х томах. - М. Юридическая литература, 1981. Т.1. – С.101

5. Нерсесянц В.С. Перестройка и правовое мышление. Перестройка и правовой системе, юридической науке, практике. Материалы конференции, проведенной в Звенигороде 18-20 мая 1987 г.// Советское государства и право. -1987. - № 9.-С.41.

## **ӘОЖ 347.965**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТ-ҚОРҒАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ: ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

**Тинистанова С.С., Мухидин С.**

*I. Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
Tin\_019mail.ru; zhgu.edu.kz*

В данной статье рассматриваются становления и развития адвокатской деятельности, а также правовой статус адвоката в Республике Казахстан.

This article focuses on the formation and development of advocacy and legal status of the lawyer in the Republic of Kazakhstan.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде елдің әлеуметтік -экономикалық, құқықтық құрылымдары анықталып, барлық заңдардың бастауы болған Конституция қабылданды.

Конституцияға сәйкес, 13-бапта көрсетілгендей, «Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Занда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі», - деп тұжырымдалған [1].

Ендеше, азаматтардың білікті заңгерлік көмек алуына мүмкіндік беретін конституциялық құқығын іске асыруда және әділ сот төрелігіне қол жеткізуде адвокатура институтының маңызы ерекше.

Адвокатура – азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттің құқықтық институты. 1997 жылы қабылданған «Адвокаттық қызмет туралы» заң заманға сай жаңғыртылып, бүгінде ел азаматтарының бостандығы мен еркіндігінің кепіліне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңында: «1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сotta қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған.

2. Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды», - деп көрсетілген [2]. Адамның құқығын қорғау ұлттық

(аталмыш елдің ішінде) және халықаралық деңгейде жүзеге асырылады. Мемлекеттің негізгі заңында көрсетілгендей, ұсталған, тұтқындалғын, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы

Г. Сүлейменова атап көрсеткендей, Адвокатура туралы заңнамада болған өзгерістер адвокатура қызметін жетілдіру мәселелеріне байланысты қазіргі жағдайдаға адвокатура қызметіне өзге қөзкарас талап етті; нақтырақ айтқанда: адвокаттың сот ісіне катысуы кезінде туындаған мәселелерді толық және жан-жақты зерттеу; ҚР заңнамасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша даярлық; заң көмегінің төлемі мен республикалық бюджет қаражаты есебінен қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығындарды өтеу және т.б [3].

Адвокатура қызметінің негігі бағыттары:

- жеке адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасы конституциясымен баянды етілген құқығын жүзуге асыруға жәрдемдесу;
- қылмыстық істер бойынша қорғауды, азаматық, әкімшілік және өзге істер бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастыру;
- заңдарда тыйым салынбаған заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету.

Осылан сәйкес адвокатура қызметі:

- 1) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;
- 2) адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және қуралдармен жүзеге асыру;
- 3) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, сottар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;
- 4) кәсіби мінезд-құлық нормаларын және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді [4].

Қазіргі уақытта адвокатура қызметін тәртіптейтін негізгі заң жоғарыда аталған арнайы заң болып табылады, онда адвокаттақ қызметтің тәртібі мен мазмұнын және осылардан туындастырылған құқық катынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктіріліп жүйеленген.

А. Қарасаевың еңбектерінде көрсетілгендей, адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады. Заңда көзделген мән-жайлардың бірінің анықталуы адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін. Адвокттар алқасы жоғары заң білімі бар және біліктілік емтиханын тапсырған және адвокаттық қызмет жүргізу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан құрылады. Алқаға ерікті мүшелік туралы пайымдау біршама даулы пікірді туғызады, Бір жағынан, алқа кұрамына ешкім зорлықпен қабылданбайды, екінші жағынан, онда адвокаттар алқасын тандауда қай аумакта тіркелгеніне байланысты, өйткені облыс аумағында бір ғана алқа жұмыс істейді. Алайда істің мәні басқада - қолданыстағы заң бойынша алқа мүшесі болмай адвокаттық қызметпен шұғылдануға тиым салынады. Әрине, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен тиісті лицензия алуға болады, алайда лицензия алған және адвокаттық қызметпен айналысқысы келген адам адвокаттар алқасына мүшелікке кіруге және «Адвокаттық қызмет туралы» Заң шегінде кәсіби негізде заң көмегін көрсетуге міндетті.

2012 жылы 23 шілдеде Қазақстанда кәсіби қорғаушылар қоғамдастыры - Республикалық адвокаттар алқасы тіркелді. Оған 16 адвокаттар алқасы, яғни, 4000-ға жуық қорғаушы кіреді [5].

Т. Ахметжановың пікіріне сүйенсек, адам құқығын қалпына келтіріп, қиналғандарға демеу болатын заңдық тұрғыдан демеу болатын қорғаушылардың өз міндеттерін қалтықсыз орындалмай, алған ақысына сай бастаған істі аяғына дейін аяқтамай, бастаған істі жол ортада тастай салу, уақытын созып жүріп алу жағдайлары көп кездесетін болды. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні, айыпталушыны немесе сottалушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ, бұл оның қызметінің көсіптік сипатымен түсіндірледі. Бас тартуға тек ерекше жағдайларда ғана, мәселен, сырқаттану, басқа да объективті себептерге байланысты болуы мүмкін.

Адвокат заңға қайшы келмейтін кез келген қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға құқылы. Сондай-ақ, қорғаушы заң көмегін көрсету үшін заң көмегін көрсетуге қажетті дәлелдемелерді жинай отырып, жеке тұлғалардан жауап алуға, қажетті ұйымдардан анықтамалар, мінездемелер, және өзге де құжаттарды скратуға, қорғаудандағы адамның келісімімен заң көмегін көрсетуге байланысты қарауға қатысады, туындаған мәселелер бойынша арнайы білімі бар адамның пікірін сұратуға құқылы.

Қорғаушы істі жол ортада тастамай, аппеляциялық тәртіппен қарауға қатысады, қадағалау тәртібімен наразылық білдіру себебі бойынша тиісті лауазымды тұлғаларға жүгіне алады [6].

Сот медиациясымен қатар, заңға енген жаңа тәсіл-партиципативтік рәсім, яғни, партиципативтік рәсімнің басты ерекшелігі, тараптар өзінің даулы партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы шешімдерін судья кенесу бөлмесіне кетпей отырып реттейді.

Заңда көрсетілгендей, партиципативтік рәсімде екі тарап адвокаттарына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Өйткені оларға өз қорғаушыларының дауды келісіммен, яғни партиципативтік рәсіммен бітірулері үшін тараптар арасында келіссөздер жүргізуге заңмен құқық берілді.

Осы құзіреттерін тиімді пайдалану арқылы адвокаттар даудын ушықпауына ықпал етеді. Қорғаушылары арасындағы дауды келісіммен бітіруде екі жақпен, яғни, өз клиенттерімен тендей кезіссөздер жүргізеді. Даудын ушықпай, келісіммен бітуі тараптардың өзіне тиімді.

Партиципативтік рәсім арқылы дауды дауды реттеу туралы өтінішті берген күннен бастап, іс жүргізуді тоқтату он күн немесе бір ай.

Партиципативтік рәсім деген таныс сөз емес, француз тілінен аударғанда, қатысуши болады, яғни басқаруға, шешім қабылдауға, мәселені талқылауға тікелей белсенді қатысуды білдіреді. Ал, азаматтқ істе судьяның қатысуының тараптардың өз адвокаттарымен бірге дау дамайды екі жақты тиімді шешуге бағытталған келісімдер процесі болып табылады [7].

Қандай іс болса да жауапкершілікті талапа етеді. Соңдықтан да кәсіби әдел тәртіпперінің талаптарын бұзғаны үшін адвокаттар алқасының мүшелері де тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Жазаны адвокаттар алқасының төрліктерінің тиісті теріс әрекетті анықтағаннан кейін алты айдан кешіктірілмей қаралып, қолданылады. Жазалар шарасы: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, адвокаттар алқасынан шығару болуы мүмкін. Жасаған теріс қылышы үшін адвокат ұна бір тәртіптік жазаға тартылады [8].

Конституциялық кепілдіктерді толық жүзеге асыру үшін құқық қорғау органдары жұмысының нышаны мен тәсілдерін демократия ағымына икемдеу, болашақ заңгерлерді оқыту мен тәрбиелеудің сапасын көтеру қажет. Мемлекеттік органдардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауы және қорғауы белгілі бір дәрежеде азаматтар мен ұйымдарға кәсіби заң көмегін көрсетуді жүзеге асыратын тұлғалар қызметінің негізгі принциптерін анықтайтын адвокатура сияқты қоғами-құқықтық институтпен де тығыз байланысты. Соңдықтан да адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау – адвокаттың басты міндеті болғандықтан, оның кәсіби

этикасы, білімі, көсіби деңгейін жетілдрумен қатар жүреді. Соңдықтан да осы саланы жетілдіруде:

1. Қазақстан Республикасында қорғаушы адвокаттардың нақты құқықтарының тізбесі болуы керек;
2. Күдіктімен немесе айыпталушымен оңаша құпия кездесу құқығы заңмен нақты қорғалуы тиіс;
3. Адвокаттардың айыптымен немесе күдіктімен кездесуінің бейнежазбаға жазылуы, оларды зансыз тыңдаудың орын атуы, қарсы дәлелдеме ретінде пайдалану фактілерінен қорғайтын заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттігі туындаиды.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік - құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» № 195 Заны // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік - құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
3. Сулейменова Г.Ж., Воронина Л.В. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учебное пособие. – Алматы: Алем, 2002.- 200 с.
4. Тыныбеков С. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. Оқулық.- Алматы: Дәнекер, 2003.- 317 б.
5. А. Қарасаева Адвокаттар алқа мүшелерінің құқықтық мәртебесі. з.ғ.м. ғылыми дәр. алу үшін маг.дисс. - Талдықорған, 2015.- 88 б.
6. Т. Ахметжанова Қорғаушы тәуелсіздігінің тетіктері жетілдірілмек Зан, 2013.- №7.-4-66б.
7. Қ. Утеубаев Бітімгершілікпен біткен іс сот беделін арттырады // Зан, 2016.- №4.- 27-28 бб.
8. А. Асанов Адвокаттың көсіби этикасы // Зан, 2013.-№7.- 27-29 бб.

### ӘОЖ 347.962

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ БИЛГІ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Тинистанова С.С., Шаймерденов А.А.

*I. Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
Tin\_019@mail.ru; zhgu.edu.kz*

Данная статья рассматривает становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. Изменения и ужесточение требований в судебной системе.

This article considers establishment and development of court system in the Republic of Kazakhstan. The main change and development of court branch.

Мемлекетіміздің Ата Занына сәйкес, сот билігінің басты мақсаты адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың занды мүдделерін қорғау болып табылады.

Қазіргі кезеңде құқықкорғау органдарында, сот жүйесінде азаматтардың құқыққа коллежімілігін көнектізу, халықтың оларға деген сенімін арттыру мақсатында көптеген өзгерістер мен қайта құрулар, толықтырулар жүргізілуде. Олардың басты бағыттары, әсіресе, мемлекеттің кәсби аппаратының болуы үшін, зан талаптарын

кушайту, индустириализаци және экономикалық жағынан өсу, мемлекетті дамыту мақсатындағы жұмыстардың ауқымы белгіленіп, 100 – нақты қадамда белгіленді

Барлық баспа беттерінде жарияланғандай, 2016 жылдың қантар айынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» - Үlt жоспарын жүзеге асырудың нақты мерзімі бастау алды.

2015 жылы қантар айында Н.Ә. Назарбаевтың «Үlt жоспары – қазакстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласын жарияланып, «бұл реформаның мәні тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, зандарды қатаң орындауға және құқық тәртібін нығайтуға бағытталуы тиіс», - деп көрсетілді [1].

Сонымен қатар, елбасы «Өкінішке орай сот сөзбүйдалығы жалғасып келеді. Азаматтар жылдар бойы түрлі сот орындарының табалдырығын ақырат іздеумен тоздырады. Мұны сот жүйесі күрылымының айтартылтай өзгеріске түспеуі туындауып отыр» деген пікір айтты [2].

Қазіргі кезеңде сот жүйесіндегі реформалардың басты бағыты – Қазақстанның сот жүйесіне үш сатылы сот жүйесіне көшіре отырып, азаматтардың сот төрелегіне қолжетімдігін жеңілдетіп, ең бастысы үшін сот жүйесінің қазіргі сатыларын азайтуға бағытталған.

Қазақстанның қазіргі бес сатылы сот жүйесінің бірінші, сатысы, одан апелляциялық, одан кассациялық, одан кейін қадағалау және қайта қадағалау жасау сатысынан ендігі кезеңде үш сатылы: бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот жүйесіне көшу арқылы елімізде азаматтардың сотка қолжетімділігіне қадам жасалып отыр.

Занда көрсетілгендей, еліміздегі бірінші сатыдағы сот, ол аудандық, және оған теңестірілген соттар болатын болса, апелляциялық саты- облыстық соттарда каралады да, кассациялық инстанция - Жоғарғы Сотта болады.

Қазіргі кезеңде облыстық сотта апелляциялық және кассациялық инстанциялар болса, кассациялық сатыдағы істі қарау Жоғарғы Сотта болуы дүние жүзіндегі дамыған елдердің сотында орын алған. Сот инстанцияларының санының басым болуы екі жақтың сот процестерінің қасакана созылуына мүмкілік береді, ал сот сатыларының қыскаруы аз уақыт ішінде іс бойынша түпкілікті шешім шығарылып, орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазір талап күшайтіліп, судьялардың жауапкершілігін күшайтіп, судьялардың есеп беруін, судьялардың жаңа әдеп кодексін жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың, әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жаңынан күрылған арнайы Сот алқасына шағымдану мүмкіндіктерін ашу, барлық сот үрдісін бейнебакылауға түсіру шараларын міндettі турде енгізу айқындалған. Барлық сот жүйесіндегі келелі өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшайтуге бағытталады.

Аудандық соттар бірінші инстанция ретінде барлық істерді карайды. Ал облыстық және оған теңестірілген қалалық соттарда кассациялық және апелляциялық соттарға болады. Қазіргі өзгерістерге сай, апелляциялық, кассациялық қадімгі екі тәсілді сот жүйесі жүзеге асырады да, еліміздің Жоғарғы сотында қадағалау жүзеге асырылады. Осындағы бағыттағы өзгерістерді жүзеге асыру арқылы әділеттілік принципі және соттаған адамдардың сотка түсken азаматтық даулары бойынша азаматтардың процессыалдық құқығы кеңейтіледі.

Азаматтар өзінің конституциялық құқығын пайдаланып, бірінші сатыдан кейін кассациялық, апелляциялық сотка, сонында қадағалау соты - Жоғарғы сотка шағымдануға құқығы болады.. Ондағы мақсат: соттың халық алдындағы беделін көтеріп, сот жүйесінің жауапкершілігін арттыруды алға қойып отыр.

Сонымен қатар, соттардың жүйелі жұмысын жетілдіру үшін соттарға көмекші беріліп, олардың жалақысын көбейту де ескеріледі. Жоғарғы соттың нормативтік каулылары сапасы жағынан ете биік. Біздің мемлекеттің сот жүйесіндегі өзгерістер Қырғызстан, Түрікменстан сынды мемлекеттердің қызығушылығ тудырып, тәжірибе

алмасуды жолға қойып отыр. Мәселен, Ресейде көмекші енгізу жок, бірақ Ресейде Правосудие деген кадрлар дайындастын институтты бітірген мамандар оны бітіргеннен кейін конкурстан өтіп барыш, судья болады.

Қазіргі реформалардағы басты бағыттың бірі судьяларға қойылатын талаптың күшеттілуі болып отыр. Занда тәртіптік-біліктілік алқаларының өкілдігі едөүр кенейтіліп, олар енді тек тәртіптік істерді ғана емес, судьяларға қойылатын талаптарды орындаған жағдайда, соның ішінде судья этикасы нормаларын бұзғаны үшін, судьялардың өкілеттіктерін тоқтату мәселесін де қарап, нәтиже шығаратын болады.

Мұндай маңызы зор заң актілері жедел атқарылатын басым зандардың қатарына жатқызылғаны, Қазақстан Республикасы Президентінің елімізде жүріп жатқан сот-құқықтық реформасына ерекше назар аударып, сот беделін көтеруге бағытталған істің бір бөлігі деп санауға болады [3].

Қазіргі тың бағыттардың бірі, алқалы (присяжный) заседательдер жайлыштық қағидаланы жүзеге асыру талаптары орын алды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіретін кейбір мемлекеттердің Негізгі зандарында сот алқалы (присяжный) заседательдері белгіленген. Мәселен, қазіргі уақытта Ресей Федерациясының тоғыз субъектісі аумақтарында сот алқалы (присяжный) заседательдері өз қызметін атқарады.. Бірақ Қазақстан Республикасында бұл институт, әлі толық іске асқан жок.

Бірақ қазіргі кезенде қылмыстық сот ісін алқалы (присяжный) заседательдерінің қатысумен жүргізу мүмкіндігі көрсетілген. Алқалы заседательдері институтын енгізу қылмыстық сот ісін жүргізу дегі бәсекелестік қағидаларының толық жүзеге асырылуына, судьялардың, прокурорлар мен адвокаттардың кәсіби деңгейінің, сайып келгенде, сот төрелігі саласының артуына әсер етеді. Сонымен бірге, сottалушының кіналілігі немесе кінәсіздігі туралы үкім шығаруды тәуелсіз халық өкілдеріне тапсыру - бұрынғы Кенес үкіметінің сот төрелігінің жазалау сипатынан айырылуға ықпал етеді.

Бастапқы кезендерде алқалы (присяжный) заседательдерінің қарастылығына аса ауыр жаза ретінде заң бойынша өлім жазасы көзделген қылмыстар жатқызған дұрыс. Тәжірибедегі экономикалық тиімділік нығая түскен сайын олардың қарауына басқа да қылмыстар санаттарын қарайтын алқалы соттарды жатқызуға болады [4].

Қазіргі алқалы соттың ерекшелігі сол, оның құрамына кәсіби зангерлер мен (алқалы заседательдерінің әділ қазылар алқасы жеке әрекет ететін болады [5].

Сонғылары кінәлі, кіелі емес деген миссияны орындаса,. Ал алғашқылары, біріншілері сот процесsein жүргізіп, құқықтық мәселелерді қарап, шешімін дайындауды (мысалы, шағымдану мерзімінің өтіп кетуіне байланысты істі қысқарту, дәлелдердің рұқсат етуін анықтау және т.б.) алқалы (присяжный) заседательдерге сұраптар дайындау, тілек айтыш, кейіннен вердиктке сәйкес үкім әзірлейді, яғни, тиісті қылмыстық-материалдық құқықтың бабын тандап, жаза тағайындаудың негіздерін жасайды.

Алқалы (присяжный) заседательдер өздерінің шығарған вердиктісіне жауап бермейді және оларды уәжісіз ақтауға құқықтары бар.

Ресей Федерациясының және өзге де елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қылмыстық сот өндірісіне енгізілген алқалы сот - процестегі бәсекелестікті күшеттетіндігі, адвокаттардың дәлелдемелерді жинауға және ұсынуға белсенді катысуы мүмкін екендігін аныктады [6].

Мәселен, Франция мемлекетін алғып қарайтын болсақ, бұнда қылмыстық сот ісін үш кәсіпкөй судья мен тоғыз алқалы (присяжный) заседательдер (жеребий арқылы таңдалады) қарайды. Шешімді кенес бөлмесінде, біріккен турде, судьялар мен алқалы (присяжный) заседательдердің көшілік даусымен қабылданады. Бірінші сатыдағы өзге соттардың үкіміне қарағанда, бұл соттың үкімі апелляциялық тұрғыда шағым беруге жатпайды.

Міне, осы жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, дейді, К. Мәми «Біздің құқықтық жүйеге жақынырақ заседательдер сотының континентальдық түрі жатады.

Демек, сондықтанда біз француздардың присяжный сот моделін алғанымыз дұрыс», - деп тұжырымдайды [7].

Басты өзгерістердің бір бағыты, судьялардың біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуына да талаптың күштейтілгендігімен байланысты больш отыр. Қазір соттарда магистранттардың тағлыдамадан өту мерзімі бір жылға дейін көбейтілді, степендия тағайындалуы, тәжірибелі, осы салада қызмет атқаратын мамандардың мысалы, судья А. Иржановтың пікіріне сүйенсек, судьяға кандидаттардың унемі жұмыста болуы, істерді дайындауға қатысуы, сот жұмысының ұйымдастырылуын зерделеуі оның осы жұмыска кәсіби және психологиялық түрғыдан қаншалықты дайын екендігін анықтауға, мамандығын дұрыс тандауға мүмкіндік береді.

Сынақ кезеңінде олар әкімшілік, сондай ақ қурделі емес қылмыстық және азаматтық істерді қарайтын болады. Сынақ мерзімі аяқталған соң оның нәтижелері облыстық соттың отырысында қаралатын болады. Одан әрі он корытынды болса, олардың кәсіби қасиеттерін Сот жюриінің біліктілік комиссиясы қарайды.

Судьялыққа кандидаттың кәсіби қасиеттері расталған кезде тұрақты негізде судьялауазымына тағайындау үшін Жоғары сот кенесі оның кандидатурасын Мемлекет басшысына ұсынады. Алайдағұл ретте судьялардың кандидаттың жасын отызға жеткізу дұрыс пікір деп санаймыз. Сонымен бірге жаңадан тағайындалған судьяға жұмыс істейтін судьяның кепіл болуы институтын заннамалық түрғыдан бекіту ұсынылады [8].

Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы лауазымына кандидат Жоғарғы Сот судьяларының арасынан ұсынылады.

Қ. Рысқалиеваның пікірінше, судья салиқалы да салмақты лауазымға ие болу үшін моральдық және адамгершілік қасиеттері жоғары, кемінде бес жыл сот отырысының хатшысы, соттың көмекшісі, прокурор, адвокат болып жұмыс жасап, сот ісімен етene таныс болуы тиіс. Бұл сот терелгін әділ, сауатты, жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл қызметтің тізгінін кез зангерлік оқығын кез келген адам игеріп кете алмайды. Қазылар өз қызметтерінде ең алдымен заң мен арды басшылыққа алып, шешім шығарар болса, қоғамның сенімі мен құрметіне ие болады.

Қатаң қадағалау мен орасан зор жауапкершілік тізгінін артқан судьяларға тәуелсіз орган ретінде биік мәртебе беріліп, мемлекеттің қамқорлығына алынған. Қазақстан Республикасының барлық соттарының судьялары Президент Жарлығымен тағайындалуы, Жоғары сот судьяларының Президенттің ұсынуымен Парламент Сенатының сайлауы осының дәлелі [9].

Бұл өзгерістерге сәйкес:

1. Занды күшіне енген сот актілері кассациялық тәртіппен қайта қаралатын болды.
2. Кассациялық тәртіппен занды күшіне енген сот актілеріне шағым немесе наразылық келтіру тәртібі бекітілді.
3. Кассациялық тәртіппен келтірілген шағымдар мен наразылықтарды осы сатыда қараудың тәртібі анықталды.
4. Занды күшіне енген сот актілеріне шағым немесе наразылық келтірудің мерзімдері айқындалды.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары – казакстандық арманға бастайтын жол».- Егемен Қазақстан, 2016 жыл қантар.
2. С.С. Тинистанова Сот жүйесіндегі серпіліс / Жетісу университеті газеті, 2016 жыл қантар.
3. Имангельдинов А., Тинистанова С.С. «Жаңа әлемдегі жастар және ғылым» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары.- талдықорған, 2016 жыл 7-8 сәуір.- 389-391 бб.

4. Шайкенов Н.А. Строительство правового государства и развитие демократических процессов в стране в свете новой Конституции (материалы Республиканской научно-практической конференции. Алматы, 26 августа 1996 г). Алматы, 1996. – 255-259 С.
5. Shari S. Diamond Juries International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition), 2015, Pages 907-912.
6. Шаламов М. Судебное устройство Казахстана.- Москва, 1991.- 99 с.
7. Мәми Қ. Билердің мемлекеттік қызметтегі рөлі //Зангер.- 2008. -№193 9766.
8. А. Иржанов Сот жүйесін жана денгейге көтеру-парыз // Зан, 2016.-№9.-9-10 бб.
9. Қ. Рысқалиева Үшінші биліктің ұstemдігі // Зан, 2016.-№8.-12-15 бб.

## **ӘОЖ 347**

### **АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

**Чукмаитов Д.С., Жумагулов А.У.**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, zhgu.edu.kz*

В статье рассматриваются вопросы становление и развитие института омбудсмена в Республике Казахстан, затрагивающей права и свободы человека.

In the article the questions of formation and development of Institute Ombudsman in the Republic of Kazakhstan concerning the rights and freedoms of man

Адам құқықтарының бүгінгі түсінігі либерализмнен бастау алады және оның көрнекі өкілдері Дж.Локк, Г.Гроций, Ш. Монтекье, Т. Джейфорсон және т.б. болған.Олар адамның өмір сүруіне, қауіпсіздікке, еркіндікке, езушілікке карсы қарсылық көрсетуге және іргелі құқықтарын мемлекеттен тәуелсіз және онымен корғалуға тиіс аданың жүріс-тұрысының табиги, ажырағысыз нормалары ретінде негізделген.

Жалпы адам құқықтарын қорғау мәселесі тек қана азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен адам бостандығын қалыптастыратын нормалардың жиынтығы ретінде, яғни дербес негізгі бір құқық саласы ретінде ғана танылып қоймай, сонымен қатар адам құқықтары мен бостандықтарының дұрыс орындалуын көздейтін аса тиімді құқықтық-ұйымдастыру тетіктері болып қалыптасса бастағаны белгілі.

Халықаралық құқық саласы шегінде дүние жүзінің қауымдастырының адам құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің ішкі жұмысына араласа алуы мүмкіндігін соңғы жылдардың ең бір үздік әлемдік жетістіктерінің бірі деп қарастыруға болады [1].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президенті- халықтың жасырын дауыс беру үдерісі нәтижесінде сайланатындықтан, халықтың еркін білдіруші және ел егемендігін жүзеге асыруши, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

Президенттің адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі болу өкілеттілігі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсанда

қабылданған «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңының 2- тарауында Президенттің мемлекеттік органдарымен өзара қатынастары арқылы көрініс тапқан [2].

Адам құқықтарын қорғау және оның жүзеге асырылуының негізгі механизмдері, оны іске асыру құралдары басқа мемлекеттерге қарағанда Еуропа елдерінде көбірек жүзеге асатындығы мәлім.

1949 ж. мамырда құрылған Еуропа Кеңесінің осы қызметті жүзеге асырудығы орны ерекше деп көрсетеміз. Құрылтайшы құжатында маңызды мақсаттары ретінде Еуропаны демократиялық және қауіпсіз кеңістікке айналдыруға ықпал ету, плюралистік демократия мен адам құқықтарын қорғау мен бекіту, парламенттік демократияны күшету, заң билігін қаматамасыз етуін қалаған ұйым көптеген нәтижелерге жетті.

1950 ж. 5 қарашада Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенциясы қабылданып, таратылды. Конвенция азаматтың жеке басының құқықтарын қорғауды көздейді, сонымен қатар оның іс жүзінде жүзеге асырылуына демеу болады. Бұл жүйе арқылы мемлекеттер нақты жағдайларда жеке азаматтар да, олардың құқықтары бақылау инстанцияларына жүгіну құқығына ие болды.

Қазіргі кезде Еуропа кеңесінің институттары мүше елдердің өз міндеттерін орындауларын қадағалуды күшетіп, әрі кеңейтіп, міндетті заңдық қүшке ие болды. Екі жүзден астам европалық конвенциялар мен келісімдер шенберінде адам құқықтарын сақтау, ұйымдастыру қылмыс, зорлықтың алдын алу, ақпараттық және мәдениет, деңсаулық сақтау, білім беру, спорт саласында үкіметке ккенестер беру қызметін орындал келеді. Ережеге сәйкес, Еуропа кеңесінің құжаттарында мүше мемлекеттердің өз мойындарына алған міндеттемелерін бақылаудың нақты тетіктері қарастырылған [1, 95-96].

Жеке тұлға мен толыққанды құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің өзара қатынасқа түсүі барысында саяси құқықтар өздерінің бүрынғы басымдығынан айрылады. Олар екінші деңгейге түседі және азаматтардың құқықтары мен оларды жүзеге асыру нысандарын түсінуіне негіз болады. Бірақ, адам құқықтарының жүзеге асырылуына байланысты түсініктің даралануына баса назар аударылады. Біртіндеп адамның өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың нысанын өздері айқындауға ерікті екендігі туралы идея орнықты. Мемлекет - жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай тудыру, жеке бастамаларды қолдау құралы.

Мемлекеттің Негізгі заңында, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауы, өзінің және отбасының құпиясы болуы, ар ожданы, намысы, абыройы атының қорғалуына құқығы көрсетілген. Адам,, адамзат құқықтары мен бостандықтарының бұлжытпай жүзеге асырылуының нышаны, әрі кепілі Қазақстан Республикасының Президенті делинген

Адам, адамзат құқықтары мен бостандықтарын қалтықсыз жүзеге асуына Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінің, адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау және сот органдарының қызметі замен, халықаралық қалыптарға сәйкес белгіленген [3].

Қазақстан Республикасында жалпыға ортақ танылған париж қағидаттарына сәйкес, адам құқықтары жөніндегі ұлттық екі мекеме:

1. адам құқықтары жөніндегі комиссия;
2. адам құқықтары жөніндегі уәкіл жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық комиссия (омбудсмен институты) 2002 жылы 19 қыркүйектегі мемлекет басшысының Жарлығымен құрылды, сонымен қатар адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді..

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл - өз күзіреті шегінде адамның және азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау өкілеттіктері берілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сакталуын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға.

Оның мәртебесі бойыншы адамның бұзылған құқықтарын қорғайтын өзіндік халықтық адвокат болып табылады. Халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес оның қызметінің жалпы бағыттары: азаматтардың өтініш, арыздары мен шағымдарын қарау болып табылады.

Уәкілдің қызметтерінің бағыты мемлекеттік саясатпен ұштасады. Бірақ Уәкілдің қызметі ҚР Конституциясы мен заннамасына сәйкес адамның құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдардың күзіретін шектемейді және халықаралық заңдарға қайшы әрекеттер жасамайды.

Өзінің құқықтық мәртебесіне сай қызметі тәуелсіз қызмет болып табылады. Уәкілдің өкілеттік мерзімі — тағайындалған күннен бастап 5 жыл.

Тағайындалған уәкіл:

1. Уәкілеттік лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан түскен арыз, шағымдарды қарау үшін қажетті мәліметтер, тиісті құжаттарды сұратуға; мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болуға құқылы;

2. Адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша корытындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға мүмкіндігі бар;

3. Шарт негізінде ұйымдарды жұмыссына тартуға, сонымен қатар қажетті мамандарды өз қызметіне тартуғ өкілеттілігі бар;

4. Адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануға; қызметтік күелігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға өкілеттілік берілген;

5. Уәкілдің азаматтардың бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын адамдармен кездесіп, әнгімелесуге; іс-әрекеттері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соқтырған адамдарды заңмен белгіленген жауаптылықта тарту туралы ұсыныстар енгізу құқығы бар;

6. Құқығы бұзылған азаматтардың пайдасына материалдық және моральдық зиянды өтеу шараларын қолдану туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге құқылы;

7. Енгізілген ұсыныс бойынша немесе арнайы жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық акпарат құралдарына ресми хабарламалар жариялауға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын;

- Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның депутаттарынын;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің;

- Конституциялық Кеңестің, Бас прокурордың, Орталық сайлау комиссиясының, соттардың шешімдеріне жасалған шағымдарды қарамайды [4].

